Білім беру жүйесінде кәсіби құзырлы маман деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, тұлғалық- ізгілік бағыттылығы жоғары, өзінің іс- қимылын педагогикалық шеберлікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз.

Біздің пікірімізше, біліми салалар бойынша қарапайым сауаттылықтың функционалдық сауаттылыққа, яғни компетенцияға және компетенциялардың өмірлік дағдыларға ауысуында ерекше тиімді де бүгінгі күн талабына жауап бере алатын құрал - бұл қазіргі ақпараттық технологиялар (ҚАТ). Бұл пікірімізді біз қазіргі ақпараттық технологиялардың орасан зор мүмкіндіктерімен, соның ішінде әсіресе, ақпаратпен жұмыс істеу мәдениетіне негіз болып табылатын ақпараттық сауаттылықты қалыптастырудағы ерекше мүмкіндігімен түсіндіре аламыз.

Бүгінгі таңда жеткіншектерде ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру қажеттігін және оның мақсатқа сәйкестілігін келесі себептермен түсіндіре аламыз:

- бүгінгі іргелі жаңалықтар мен ақпараттық технологияға толы ақпараттық қоғамда маңызды әлеуметтік мақсат – бұл жаңа ойлау стилін қалыптастыру болып отыр. Интеллектінің аса үдетпелі дамуы орта мектеп жасында жүзеге асады және зейін ерікті болып, ойлаудың көрнекі-бейнеліктен сөздік логикалыққа ауысуы жүреді, қабылдау талдамалы, дифференциалды сипатқа ие болады. Соған сәйкес орта сынып оқушылары жоғары сынып оқушыларына қарағанда қазіргі ақпараттық технологияларды тез және жеңіл меңгереді, өйткені олардың ойлауының стереотипі қалыптаспаған.

- оқушыны қазіргі оқу ақпаратының қуатты ағымында бағдарлануға үйрету, оның негізгісін айыра білу, ақпараттың бағыттылығын түсіну, қайта өңдеу, олардың заңдылықтарын таба білу және қазіргі ақпараттық технологиялардың көмегімен кез келген практикалық іс-әрекетте, түрлі жағдаятта сауатты қолдана білу талабы жылдан-жылға күшеюде.

- бүгінгі күні бала компьютермен мектепке дейін-ақ танысады, яғни оқу дағдысын меңгермей тұрып-ақ ол компьютерден ақпарат алады. Сол себепті де баланың компьютермен жұмыс нәтижесінде өзіне пайдалы нәрсе ала білуі өте маңызды. Соның ішінде керектісін алып, керек емесін алып тастай білу дағдысына ие болуы аса қажет.

- білім беруді жаңарту құралы есебінде компьютердің ролі ұдайы өсуде, ал ол өз кезегінде оқушы-

ларды оның сауатты қолданушысы болуға мәжбүр етіп отыр.

ЮНЕСКО-ның «сауаттылық» ұғымын қарапайымнан күрделіге қарай даму кезеңдеріне сәйкес берген ұстанымына сүйене отырып және ҚАТ осы сауаттылық кезеңдеріндегі орнына қатысты қарастыра келе, біз келесі сызбаны ала аламыз:

Ақпараттық мәдениет біздің зерттеуіміздің мәтінінде оқушылардың жалпы мәдениетін құраушы болып табылады. Соған орай, «ақпараттық мәдениет» ұғымы мәдениеттану тұрғысынан қарастырылады. Мәдениеттану тұрғысынан қарастыру ақпараттық мәдениетті жеке-тұлғалық жаңалық ашу, өзінде мәдениет әлемін жасақтау, мәдени диалог идеяларын дамыту үрдісі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді және мұнда негізге салынған мағынаның жеке, өзіндік өзектенуі жүреді.

Сондықтан да біз «ақпараттық мәдениет» ұғымын адамның жалпы мәдениетінің бір элементі, ақпараттық ресурстарды тұтынумен және жасақтаумен байланысты білім, білік, дағды, құндылықтар нормасы жиынтығы және ақпараттық іс-әрекетті қазіргі ақпараттық технологиялардың көмегімен репродуктивті деңгейден шығармашылық деңгейге дейін орындай білу қабілетімен байланыстырамыз.

«Ақпараттық сауаттылық» ұғымын біз ақпараттық мәдениетке негіз болатын құрамдас бөлшегі бола отырып, ол қазіргі ақпараттық технологиялардың орасан зор мүмкіндіктері мен түрлі салада қолдану аясын білуге қатысты білімдерін қамтумен қатар, ақпаратпен сауатты жұмыс істеуге (компьютердің көмегімен ақпаратты жасақтау, жинау, сақтау, өңдеу, тарату) және практикада алуан түрлі оқу тапсырмаларын орындауға, оқу-танымдық іс-әрекеттің өз бетіндік түріне негізделі отырып, өзін-өзі жүзеге асыруға қажетті біліктер жиынтығы деп анықтадық.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында жалпы білім беретін мектептердің орта сыныптарындағы білім беру мазмұны, оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары, оқушылардың ақпараттық сауаттылықтарын қалыптастыру мәселелері қарастырылады.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасында ақпараттандыру мәселесі негізгі мәселе ретінде көрсетіле отырып, мемлекеттік бағдарламада мамандарды жан-жақты даярлау, кәсіби шеберлігін жетілдіру мәселелері қарастырылған.

Педагог мамандарды ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде дайындауда келесі қағидалар негізге алынған:

-вариативтілік – мұғалімнің жасақтаған материалдарына сәйкес біліктілікті көтеру жүйесін бағыттау;

-болашаққа негізделген – күтілетін нәтижені анықтайтын кезеңдік бағдарламалардың бағытын айқындау;

-рефлексивті-креативті – жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруді ұйымдастыру;

-эргономикалық – нақтылы мәселелерді үйренуге қажетті уақыт мөлшері айқындау;

-ізгіліктілік – бейімделген оқыту жүйесін құру, нақтылы нәтижесін анықтау;

-тәжірибеге бағытталған – мұғалімнің тәжірибені қолдану идеясын жүзеге асыру;

-жекелеген кеңес беру – игерілетін мәселелердің мазмұны мен оған қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау.

Жаңа ақпараттық технологиясына дайындау мынадай екі негізгі модуль бойынша құрастырылған: “Педагогтың ақпараттық құзырлығы” және “Оқытудағы ақпараттық технологиялар”.

Ақпараттық мәдениетті дамыту қазіргі педагогтың ақпараттық құзырлығына қойылатын талаптарына сай анықталады:

-қазіргі білім беру жүйесіндегі ақпараттық кеңістік туралы біртұтас түсінікті қалыптастыру (бүкіләлемдік ақпараттық ресурстарға бағдарлау, ақпараттарды іздеу алгоритмі мен ақпараттарды аналитикалық-синтетикалық тұрғыдан өңдеу әдістерін меңгерту);

-ақпараттық (дербес жағдайда, компьютерлік) сауаттылық: оқу-әдістемелік, озық тәжірибелерді зерттеу, ғылыми-зерттеу нәтижелерін түрлендіру мен технологияларды қолдану әдістерін меңгерту; қолданбалы программалық құралдарды меңгерту; жаңа программалық құралдарды меңгерту;

-өз қызметтерін жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану: жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктері туралы білім; коммуникациялық қызметтерді пайдалану дағдысы; білім беру процесінің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық программалық құралдарды қолдану және оларды өз қызметтерімізге сәйкес бейімдеп пайдалану.

Қазіргі жағдайда мұғалімнің ақпараттық-коммуникациялық құзырлығы кәсіби мамандықтың құрамды бөліктері болып табылады. Сондықтан бұл мәселе болашақ мектеп мұғалімдерін даярлаудың көкейтесті мәселелерінің бірі ретінде айқындалады.

### ***Пайдаланған әдебиеттер тізімі:***

1. *Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2010 жыл 7 желтоқсан.*

2. *Қазақстан Республикасы бастауыш және орта кәсіптік оқу мекемелерін ақпараттандыру бағдарламасы 2001 жыл 10 мамыр.*

3. *Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі // 2008. 30- 32-бет.*

4. *Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.// -А.: 2005, 174-бет.*

Арзымбетова Шолпан Жақсылыққызы  
ОҚМПИ доценті, п.ғ.к., Шымкент, Sh.zh73@mail.ru

Сералиева Улбосын Орынбасаровна  
ОҚМПИ магистр-аға оқытушысы, Шымкент, Alimova\_87@mail.ru

Мамбетова Алтынай Токмуратовна  
ОҚМПИ магистр-аға оқытушысы, Шымкент, altynay.mambetova.2017@mail.ru

## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАҢҒЫ БАҒЫТТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

**Түйін.** Мақалада психологиялық қызмет көрсетудің қазіргі заманғы бағыттарын жүзеге асырудың технологиясы мен әдіс-тәсілдері туралы қарастырылған.

**Резюме.** В статье рассматриваются современные направления и технологии оказания психологической службы в реализации методов.

**Summary.** In the article is examined modern directions and technologies of providing of psychological service in realization of methods.

Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептердегі педагог-психологқа жүктелер міндет ауыр. Ең бастысы – педагог-психолог жалпы білім беретін мектептерді дамытудың барлық жақтарын білуі шарт. Жалпы білім беретін мектептердегі психологиялық қызмет – халық ағарту жүйесіндегі аса қажетті салалардың бірі.

Педагог-психолог өзінің кәсіптік білімдеріне сүйене отырып, бірнеше кәсіби функционалдық міндет атқарады: біріншіден, баланың даму деңгейін белгілейді; екіншіден, түрлі психологиялық ауытқушыларды дер кезінде аңғарып, оны түзету жолдарын тағайындайды; үшіншіден, болуы мүмкін қиындықтардың алдын алу үшін психологиялық шаралар ұйымдастырылады.

Мектеп өмірінде жиі кездесетін психологиялық мәселелерге өтініштің түсуіне байланысты психологиялық (топтық және жеке) кеңестер береді, ата-аналармен психологиялық ағарту жұмыстарын өткізеді. Мектеп оқушыларының тұлғалық қасиеттерін анықтау нәтижесінде психолог оның мүмкіндігі туралы құнды деректер алады. Мектептегі кіші топ ұжымындағы өзара қарым-қатынас типтерін реттейді, топтағы психологиялық ахуалды байқап, бір қалыпты жағдайда ұстап отыруға мүмкіндік береді. Педагог-психолог пен мектеп мұғалімдері оқушыларды дамыту мақсатында өзара бірлесіп іс-әрекет жасайды. Бірлескен іс-әрекеттің жетістігі үшін қатысушылардың құндылық операцияларының бірлігі қажет.

Педагог-психолог педагогикалық процестердің қатысушыларының бірі болып педагогикалық ұжымның мүшесіне енетіндіктен бұл ақиқаттарды ескеру қажет. Сонымен қоса, көбінесе педагогпен және педагогикалық ұжыммен сай келмейтін кәсі-

би жүйенің мақсатын және құндылық бағдарын тасушы болады.

Г.С.Абрамованың бойынша, психологиялық ақпараттармен өзара әрекеттесу, психикалық және тұлғалық даму нормасының құрылымдық түсінігі ретінде құрылуы мүмкін және қажет. Егер оқушы және мұғалімнің өзара қатынасының пәні сабақ болса, онда педагог-психолог бұл жағдайда өзінің қатысуымен келесі міндеттерді шешуі керек:

- Оқушының оқу үрдісін адекватты бейнелеу мәселелерін;

- Мұғалімнің оқу пәнінің өзара қатынас пәні ретінде адекватты бейнелеу мәселесі;

- Оқытушының оқушы өмірінде алатын орны мен рөлін адекватты бейнелеу мәселесі;

- Оқушының өміріндегі рөлі мен орнын адекватты бейнелеу мәселесі.

Ерекше назарды педагогикалық ұжымның әртүрлі мүшелерінің функционалды міндеттерін зерттеу қажет етеді. Ол өзінің функционалды міндеттерін және жұмысында басқа мамандармен қиылысу орнын саналауға көмектеседі.

Педагог-психолог балалардың психологиялық даму ерекшеліктеріне жалпы бақылау жұмысын іске асырады. Психологиялық диагностиканың пәні – баланың психологиялық статусын анықтау болып табылады (психологиялық функциялардың даму ерекшеліктері, тұлғалық даму сатылары, мінез-құлық, жүріс-тұрыс, темперамент).

Педагог-психолог жұмысындағы ерекше категория – ол ата-аналар. Мектеп тәжірибесіндегі талдаулар, ата-аналармен жұмыстың күрделі өзгерістерді талап етуін көрсетеді. Оның сәттілігі көптеген міндеттердің шешіміне байланысты.

Бірінші міндет – жанұя тұлғаның қалыптасуындағы ерекше рөлді атқарады, осыған байланысты педагогтар мен ата-аналардың психологиялық бағдарын өзгерту.

Екінші міндет – жанұялық тәрбие және ата-аналар қажеттілік шарттары, ғылыми жанұялық диагностика.

Үшінші міндет – ата-аналарды психологиялық-педагогикалық дайындауға дәстүрлі жағымсыздықтан айыру.

Төртінші міндет – ата-аналардың өзіндік педагогикалық мүмкіндіктерді кең қолдануы, яғни



ата-аналар мен жұмыс жүргізуде олардың өзіндік ойларымен санасу.

Бесінші міндет – жанұяға психологиялық-педагогикалық жедел жәрдем ұйымдастыру.

Алтыншы міндет – ата-аналармен практикалық сипатта жұмыс көрсету, яғни жанұялық тәрбиелеу технологияларын үйрету.

Психологиялық қызмет көрсетудің жаңа бағытының моделінде мектеп әкімшілігі елеулі орын алады. Педагог-психолог жетекшілерге тұлғаларды күшті және әлсіз жақтарын тануға, ұжымдағы психологиялық жағымды микроклимат орнатуға, іс-әрекет және басқаруда оптимальды стильді таңдауға, педагогикалық ұжымды диагностикалауға, кадрларды аттестациялап, реттеуде, дұрыс таңдау, тұлғаралық және ұжымдық шиеленістерді шешуге шақырылады.

Педагог-психолог жұмыс жасайтын категориялардың ең күрделісі – мұғалімдер. Олар психологиялық қызметті әртүрлі қабылдайды: бірлесіп жұмыс жүргізуге ұмтылу, қызығушылықпен, немқұрайлықпен, сенімсіздікпен, кейде ашық түрде қарсылық танытады. Жоғарғы құзіреттілік, объективтілікпен, жұмысының практикалық бағыты және жұмыс нәтижелері ғана психолог мұғалімдер ұжымының сенімін жаулайды. Ең алдымен тұлғалық психодиагностикадан бастаған жөн. Мұғалімдердің ерекшелігін зерттегеннен кейін, ынталандырушы кеңестер беру қажет.

Мұғалімдер тұлғалық ерекшеліктерін бағалауға өте жағымсыз қабылдайды. Әдетте олар басқаларды бағалауға үйренген. Оған өзінің кемшіліктері мен әлсіз жақтарын есту оңайшылыққа соқпайды. Сонымен қатар мұғалімдердің көбінің тұлғалық үрей деңгейі жоғары болады, педагог-психолог тұжырымдамаларын асыра сілтеп немесе толығымен мойындамайды.

Осы қиыншылықтарды болжай отырып, педагог-психолог өзін-өзі бағалау және топтық динамикалық әдістерді қолдануы мүмкін. Айтылып өткен жағдайларда психологтың өзі мұғалімдерді бағалауда ұстамды болады.

Педагог-психолог мектеп немесе бала-бақшаның және оның құрамының дамуының психологиялық жағынан қамтамасыз етуге күші жетсе, ол әлеуметтік тапсырыстарды орындады және бала-бақшаның немесе мектептің әлеуметтік күшін айқындайды. Осылайша, психологиялық қызметтің авторлық моделі пайда болады. Мектептің психологиялық қызметінің кез келген авторлық моделі басымдықтарының, жүйесін, серпімділігін, формаларының алуан түрін және жұмыстарын, әдістерін бөлуді көрсетеді. Бұл қызмет экологиялық және адами болуы керек, яғни қыз бен әр баланың мінсіздігіне және қайталанбастығына басшылық ету. Ол психологтың кәсіби достастығына, шығармашылығына, іскерлік оптимизміне сүйенеді. Психологиялық қызмет көрсетудің жаңа бағытының

моделі психологтың тұлғалық және кәсіби өзіндік анықтауға сүйенеді.

Жалпы білім беретін мектептерде педагог-психологтардың коррекциялық жұмыстарының негізгі техникасы үш себептермен шартталады:

- Балалық шақтағы жекелік даму қарқыны және жас ерекшеліктері қалыпты шамамен сипатталады. Қалыпты шама – нақты бір баланың психикалық мүмкіндіктерін бағалау деңгейін көрсетеді, әрі бағыттаушы, коррекциялық жұмысқа негіз етіп алынады.

- Психологиялық диагноз қоюдың күрделілігі, түсінікті, дәйекті, дәлелді, сенімді, әдістемелер қолданылуынан анықталады. Зерттеуге қатысудан бас тарту, қызығушылықтың жоғалуын немесе зейіннің басқа нәрсеге ауып кетуіне байланысты тесттік тапсырманы орындауда баланы психолог өзіне жағымды деңгейде қаратып алуы қажет.

- Коррекциялық жұмыста үлкендермен қарым-қатынаста баланың өз құқықтарын қорғап, мақсатына берік болу қиынға соғады.

Г.С.Абрамова бойынша, психокоррекциялық жұмыста педагог-психолог пен тапсырыс берушілер арасындағы қарым-қатынастың үш нұсқасы бар:

- «Мен сияқты жаса». Мұнда педагог-психолог өзіне жауапкершілік алып, жұмыстың қатаң жүйесін ұсынады.

- «Кел, бірге жасайық». Бұл нұсқада педагог-психолог тапсырыс берушімен жауапкершілікті бөліседі.

- «Мына тәсілдерден өзің таңдау жаса». Тапсырыс берушіге өзіне жауапкершілік алу ұсынылады.

Жағдайдың қалыптасуына педагог-психологтың әдіснамалық тәсілі әсер етеді.

Д.Н.Исаевтың зерттеуінде, мұғаліммен қарым-қатынас сипаты – оқушының әсіресе жеткіншек оқушының психологиялық келбетінің қалыптасуына, мектепке бейімделуіне, әлеуметтенуіне, оқушылармен қарым-қатынасы орнауына, іс-әрекеттерге қатысты қалыптасуына ықпал ететін басты факторлардың бірі деп көрсеткен.

Педагогтың балаға жағымсыз қатынасын айтпастан бұрын, педагогтың жеткіншек оқушыны бағалауы жөнінде сөз қозғау қажет. Үлгерім жөніндегі баға туралы айтылып жатыр. Бұдан туатын заңды сұрақ: бағамен не бағаланады? Оқушы жауабының деңгейі ме, әлде қандай амалмен болса да алынған бақылау жұмысының сапасы ма? Негізінен әрбір жауап үшін емес, өткен сабаққа қарағандағы жетістігі үшін қойылған дұрыс еді.

Педагог-психологтар оқушылар мен мұғалімдердің арасында осындай келіспеушілік жағдайын тудырмау үшін және оқушылардың мінез-құлықтарына, өзіндік ерекшеліктеріне байланысты кеңес беру жұмыстарын атқарады. Педагогикалық-психологиялық қызметте кеңес беру бағыты бойынша қызметкерлер нақты мынадай міндеттерді шешеді:

- Оқу-тәрбие мекемелерінің әкімшілігіне, мұғалімдерге, тәрбиешілерге, ата-аналарға, шеберлерге балаларды оқыту мен тәрбиелеу және бірлесіп жұмыс істеу мәселесі бойынша кеңестер береді.

- Балаларға оқу, жетілу, өмірлік және кәсіби өз-өзін анықтау, ересектермен және құрбыларымен өзара қарым-қатынас, өз-өзін тәрбиелеу және т.б. мәселелері бойынша жеке және топтық кеңес беріледі.

- Жеке және топтық кеңес беру арқылы педагогикалық кеңестерге, әдістемелік бірлестіктерге, жалпы мектептік және кластық ата-аналар жиналысына қатысып, дәріс оқу арқылы педагогтардың, ата-аналардмастерлердің, қоғамдық өкілдердің психологиялық мәдениетінің жоғарлауына септігін тигізеді.

- Бала тағдырында мүмкін болатын өзгерістерді (арнайы оқу-тәрбие мекемелеріне жіберу, ата-ана құқығынан айыру, бала асырап алу және т.б.) анықтауға байланысты сәйкес, инстанциялардан дұрыс шешім шығару мақсатында, халықтық соттың, қамқорлық көрсету ұйымдарының сұранысы бойынша баланың психикалық даму ерекшеліктері туралы сұрақтар бойынша шешім қабылдаған кезде кеңесші-сарапшы ретінде кеңес береді.

- Өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру сұрақтары бойынша нақты балалар мекемесіндегі тәрбиелеу жағдайларын балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріп, педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерінің негізінде оқу-тәрбие шараларын жоспарлауға кеңесші ретінде қатысады.

Бұл бағыт – баланың жеке тұлғалық және даралық қалыптасу үрдісіне педагог-психологтың белсенді әсер етуін білдіреді. Оның міндеті – әр баланың жас ерекшелік нормативтерінің сәйкестілігін қамтамасыз ететін, балаларды жеке оқытып, тәрбиелеуде, олардың қабілетін, бейімділігін дамытуда педагогикалық ұжымға көмек беретін педагогикалық қызмет бағыты болып табылады. Бұл бағытта балалардың мінез-құлқындағы және оқуындағы өзгерістер мен бұзылуларды, дамуындағы ауытқуларды түзету жұмыстары ерекше орын алады.

Психологиялық талдау барысында анықталған және қатаң индивидуалды, нақты өзгешелігі бар баланың жас ерекшелік және дара ерекшеліктері бойынша жетілдіру және педагогикалық-психологиялық зерттеу жұмыстарының бағдарламалары мен жоспарлары құрылады.

- Баланың әр жас ерекшелік кезеңінің дамуын есепке алғанда, психикалық дамудың бөлек жақтарын және жеке тұлғаның толықтай дамуына бағытталған бағдарламаларды өндеп жүзеге асырады.

- Психолог баланың психикалық дамуында ауытқуларды болдырмау бағытында түзету бағдарламасын өндеп жүзеге асырады.

- Жетілдіру және педагогикалық-психологиялық түзету жұмыстарының бағдарламасына

психологиялық және педагогикалық бөлімдері кірістіріледі.

Жетілдіру және педагогикалық-психологиялық түзету жұмыстарын төмендегі бағыттар бойынша кірістіруге болады:

- жеке балалармен арнайы жұмыс жүргізу үрдісінде;

- балалар тобымен арнайы жұмыс жүргізу үрдісінде;

- тәрбиелік іс-шаралар бағытында;

- баланың ата-анасының және басқа туыстарының қатысуын қажет ететін формада өткізуге болады.

Мектептегі педагогикалық-психологиялық қызметтің бірі – баланың психикалық саулығына яғни, жан дүниелік, физиологиялық дамуына және ортада қолайлы микроклимат қалыптастыру.

Бастауыш мектептен 5-сыныпқа өткенде, орта буын сыныбындағы дағдыға бейімделу кезінде балада дағдарыс сипаттары болады. Орта буын оқуындағы өзіндік қиындықтар, шәкірт психикасының өзгеруіне, эмоционалдық сферасын игерудегі қиналыстар, оқу үлгеріміне, психикалық саулығының төмендеуіне әсер етеді. Әр түрлі мұғалімдердің дәріс жүргізу әдіс-тәсілдерінің түрліше болуы, мектеп ережесіне үйренуі, оқу үлгерімінің төмендеуі салдарынан ата-аналарының баланың жас ерекшелігіндегі құбылыстарын ескерместен наразылық тудыруы; бала болмысында аффектілі мінездердің көрініс беруі, қарым-қатынас барысында эмоциялық реакциялар, невротикалық күйзелістер байқалады. Бейімделу кезеңіндегі баланың дағдарыстан шығу жолдарын зерттеудің бір объектісі – отбасы болып табылады. Баланың жалпы интеллектісінің арнайы, шығармашылық қабілетінің дамуында жанұяның микроортасы негізгі фактор болады.

Сонымен психологтың жалпы білім беретін мектептердегі алатын кәсіптік статусы түрлі жерде әр түрлі. Ол психологтың жұмысты ұйымдастыру тәсілдеріне байланысты, яғни жұмыс істейтін психолог маманданған, психологиялық білімі жоғары, адам жанын танушы болуы қажет.

### ***Пайдаланған әдебиеттер тізімі:***

1. *Абрамова Г.С. Практикалық психологияға кіріспе. – М., 1994*

2. *Абрамова Г.С. Практикалық психология. – М., 2002. С-11-13.*

3. *Нұрмұханбетова Т.Р. Тәжірибелік психология. 1-бөлім. Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің мазмұны мен әдістемесі – Шымкент., 2012.*

4. *Исаев Д.Н. Детская медицинская психология. – Л., 2008.*

**Крыкбаева С.М.**

өнертану кандидаты, қауым.проф.м.а. ҚазМемқызПУ, Алматы, sarakm@yandex.ru

**Кипшаков С.А.**

п.ғ.к., Т.А.Букетов ат. ҚарМУ, Қарағанды қ., kipshakov@mail.ru

## **БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУДЕ ПЕДАГОГИКАНЫҢ РОЛІ**

***Түйін.** Бұл мақалада бейнелеу өнері сабағында оқушыларға көркемдік білім беруде педагогиканың ролі қарастырылады. Оқушыларға бейнелеу өнерінің эстетикалық тәрбие берудегі маңызды ролі бейнелеу өнерінің және көркем шығармашылықтың ерекшелігімен айқындалады. Көркем-педагогикалық білім беру жалпы, ұлттық және жеке сипатқа ие. Балаларға тәлім беруде бейнелеу өнерінің мұғалімі әр оқушының үйлесімді түрде жан-жақты дамуына, өмірдегі әдемілікті табиғатта, өнерде, ғылымда және қоғамда толықтай қабылдау қабілетіне ие болуға көмектеседі.*

***Резюме.** В данной статье рассматриваются роль педагогики в художественном образовании на занятиях изобразительным искусством учащихся. Важная роль изобразительного искусства в эстетическом воспитании учащихся объясняется самой спецификой изобразительного искусства, художественного творчества. Художественно - педагогическое образование имеет как общечеловеческую, национальную, так и индивидуальную природу. Обучая детей, преподаватель изобразительного искусства помогает каждому учащемуся всесторонне гармонично развиваться, старается воспитать у них способности к полноценному восприятию прекрасного в жизни, природе, искусстве, науке и обществе.*

***Summary.** This article examines the role of pedagogy in art formations in the classroom with the fine arts of students. The important role of fine arts in the aesthetic education of students is explained by the very specificity of fine art and artistic creativity. Artistic and pedagogical education has both universal, national, and individual nature. Teaching children, the teacher of fine arts helps each student comprehensively develop harmoniously, tries to cultivate in them the ability to fully appreciate the beautiful in life, nature, art, science and society.*

Мектеп оқушыларына көркемдік білім беру екі өзара байланысты оқыту (бейнелеу өнерінің негіздерін құрайтын білімдер жүйесі мен бейнелеу икемділігі мен дағдыларын оқушыларға меңгерту) және тәрбие үдерістерінен (жеке бастың жан-жақты дамуы мен ақыл-ой тәрбиесі) тұрады. Бейнелеу өнерін оқыту - алдын ала жоспарланып, мақсатты түрде бағытталған іс-әрекет, оны орындау барысында оқушылардың көркемдік білім алуы, тәрбиеленуі және дамуы жүзеге асады, сонымен қатар адамзаттың, іс-әрекеттің және қарым-қатынастың жекелеген қырлары меңгеріледі.

Бейнелеу өнерін оқытуда көркемдік білім берудің негізгі сипаттары:

- екі жақтылық, мұғалім мен оқушының өзара байланысына негізделеді;

- мұғалімдік қызметтің мазмұндық және іс-әрекеттік жақтарының бірлігі;

- тұлғаның жан-жақты дамуына бағыттылығы;

- шығармашылық іс-әрекетті басқарушылық.

Бұл сипаттамалар жалпылама қасиетке ие және бейнелеу өнерін оқыту үдерісіне қатысты.

Оқушыларға көркемдік білім беруде бейнелеу өнерін оқыту үдерісінің құрылымы екі басты субъектілердің, яғни педагог пен оқушылардың өзара бірлескен іс-әрекетімен танылады. Біріншісінің іс-әрекеті – көркемдік білім беру, оқыту болса, ал екіншісінің іс-әрекеті – оқу.

Көркемдік білім беру – оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін басқаратын, ұйымдастыратын педагогтың мақсатты түрде бағытталған, арнайы ұйымдастырылған ісі. Бейнелеу өнері пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың көркемдік білім алуын тиімді етіп ұйымдастыру [1].

Оқу – бұл мақсатты түрде бағытталған, арнайы ұйымдастырылған оқушылардың танымдық іс-әрекеті, оның орындалу барысында білім, іскерлік, дағды жүйесі меңгеріледі және жеке тұлғалық қасиеттері дамиды. Бейнелеу өнерін оқудың мақсаты болып жас жеткіншектердің дүниетанымы, қоршаған орта жайлы ақпараттарды жинақтап өңдеуі, шығармашылық іс-әрекеттерін дамытуы болып табылады. Бейнелеу өнерін оқудың қорытындылары жалпы оқушының дамуынан, қарым-қатынас жүйесінен, білімінен, іскерлік, дағдысынан көрініс табады.

Бейнелеу өнерін оқыту мынандай компоненттермен танылады: оқытудың мақсаты мен міндеттері, мазмұны, субъектілердің қызметі, әдістер, тәсілдер, құралдар және оқытудың нәтижесі.

Бейнелеу өнерін оқытуда үш қызмет жүзеге асады: көркемдік білім берушілік, дамытушылық және тәрбиелік. Тәжірибе жүзінде қызметтердің іске асуы кешенді міндеттердің шешімін табуымен, педагог пен оқушылар іс-әрекетінің мазмұнымен, оқыту әдістері мен формаларының үйлесімділігімен байланысты. Сонымен, бейнелеу өнерін оқыту дидактикада құрастырылған жалпы ережелерге негізделеді оны мұғалім көркемдік білім беруді ұйымдастыру кезінде ескеруі тиіс.

Бейнелеу өнері пәнін оқыту үдерісін ұйымдастырудың жалпы нормалары көркем білім берудің заңдылықтарымен, принциптерімен байланысты. Заңдылық бүтіннің құраушы бөліктері арасындағы өзара қайталанатын, тұрақты, негіздік, объективті байланыстарынан көрініс табады.

Оқыту заңдылықтары дегеніміз бұл оқыту

үдерісінің құрамдық бөліктерінің арасындағы объективті, мәнді, тұрақты, қайталанатын байланыстар [2].

Бейнелеу өнерін оқыту заңдылықтары көркемдік білім беру үдерісінің компоненттері арасындағы байланысты көрсетеді. Заңдылықтардың жалпы және жеке, ішкі және сыртқы, дидактикалық және оқу-танымдық, психологиялық және ұйымдастырушылық түрлері болады. Заңдылықтардың мысалдарын қарастырайық.

Бейнелеу өнері пәнін оқытудың мақсаты мен мазмұны қоғамның оқушының білім алу деңгейіне деген талабына байланысты болса, ол – жалпы заңдылық. Бейнелеу өнерін оқытудың нәтижелілігі оқушының саналы түрдегі шығармашылық іс-әрекетіне байланысты болса, бұл – жеке заңдылық. Оқу үдерісінің тиімділігі мектептің материалды-техникалық жағдайына байланысты, бұл сыртқы заңдылық. Бейнелеу өнері бойынша оқу материалын меңгеру тереңдігі мен беріктігі оқушының белсенділігі мен дербестігіне байланысты, бұл ішкі заңдылықтың мысалы.

Оқыту қорытындылары оқушылардың көркем білім берудің мақсатын түсінуі мен қабылдауына тура пропорционалды деңгейде болса, бұл дидактикалық заңдылық. Оқушылардың оқу материалын табысты меңгеруі көркемдік білім берудің проблемалық деңгейіне байланысты болуы, бұл оқу-танымдық заңдылық болып табылады. Көркемдік білім беруде оқушылардың іс-әрекеті басқа адамдармен байланысты болса, бұл - элеуметтік-психологиялық заңдылық. Ұйымдастырушылық заңдылық бұл мұғалімнің оқытуды тиімді ұйымдастыруына және басқаруына байланысты көрініс табады.

Сондықтан да, бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі оқушылармен бірігіп істеген іс-әрекеттің нәтижесі заңдылықтардың әр түрлі типтеріне байланысты екенін анық түсінген жөн. Осы аталған заңдылықтар бейнелеу өнері пәнін оқыту принциптерін анықтайды.

Принциптер– оқыту үдерісін ұйымдастыру мен өткізуге жетекшілік жасайтын нормативтік талаптар [3].

Бейнелеу өнері пәнін оқытудың барлық принциптері өзара байланысты, сондықтан оларды жүйелеп қарастыралық.

Диалектикалық дүниетаным мен адамгершілік тәрбиесін беру қазіргі мектептің негізгі міндеттерінің бірі болғандықтан білім берушілік, дамытушылық және тәрбиелеу принциптерінің бірлігі көркемдік білім мен іскерліктер жүйесінің қалыптасуына, жеке тұлғалық қасиеттердің, мінез-құлық ерекшеліктерінің дамуына мүмкіндік береді. Бейнелеу өнері жас жеткіншектерді тәрбиелеп қана қоймай оларға қоршаған ортаны тануға көмектеседі.

Оқу үдерісінің мазмұны мен әдістерінің ғылымилық принципі оқушыларға білім берумен шек-

теліп қалмай, сол білімдерді ғылыми қағидалармен бекітіп отыруды міндеттейді. Бейнелеу өнерін оқыту іргелі ғылыми негізге сүйеніп құрылған жерде, оқушы таңғаларлық үлгерімге жетеді. Бейнелеу өнерін оқыту бағдарламасында бейнелеу өнерінің ғылыми негіздерін құрайтын форма, түр-түс, кеңістік, симметрия, ассиметрия, ритм, перспектива (ауа перспективасы, сызықтық перспектива, көлеңке перспективасы т.б.), жарық-көлеңке заңдылықтары (жарық, жартылай жарық, жартылай көлеңке, көлеңке, түсіп тұрған көлеңке, зат көлеңкесі, рефлекс т.б.) туралы білім мен кеңістік көріністерін меңгергенде шығармашылық жұмыстарының сапасы артатын болады.

Көрнекілік принципі заттар мен құбылыстарға таным көзі ретінде қарап, оқушыларға көркемдік білім бойынша оқу материалын терең әрі саналы түрде меңгеріп, лайықты жағдай жасауды ұсынады.

Бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі нұсқаға қарап сурет салу, сәндік сурет салу, тақырыптық сурет салу, әңгіме-сабақ, мүсін сабағы болсын көрнекілік құралдарын қолдануына тура келеді. Көрнекілік әсіресе бейнелеу өнерінің негізін құрайтын заңдылықтарға кіретін терминдерді, ұғымдарды түсіндіру үшін қажет. Көрнекілік арқылы мұғалім «горизонт сызығы», «перспектива», «графика», «кескіндеме» және т.б. жайлы айтып түсіндіреді.

Кескіндеменің негіздерін үйретуді мақсат ететін бояумен сурет салу сабақтарында мұғалім оқушыларға түстер жайлы тақырыптарға арналған көрнекі құралдар қолданады.

Нұсқаға қарап сурет салу сабағында бейнелеудің төрт кезеңін білдіретін таблицаны қолдану оқушылардың танымдық - шығармашылық қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдай жасайды. Бұл көрнекіліктің бірінші кезеңінде - зат көрінісін қағаз бетіне дұрыс орналастыру, екінші-заттың конструктивтік құрылысын салу, үшінші штрихтау немесе бояу арқылы заттың көлемін беру тәсілдері, төртінші - аяқталған сурет қандай болу керек екендігін білдіретін үлгі сурет бейнеленіп көрсетіледі.

Бейнелеу өнері сабақтарындағы көрнекіліктер оқушылардың заттар мен құбылыстар туралы дүниетанымын арттырып, сурет өнерінің негізгі түсініктерін меңгеруге жәрдемдеседі, сонымен қатар бейнелеу барысын түсінуге және оны бейнелеуге үйретеді.

Саналылық пен белсенділік принципі оқушылардың оқу мақсаттарын айқындап, өз жұмыстарын жоспарлап, оқу міндеттерін шешудің тәсілдерін өз бетімен анықтайды, меңгерген білімдерінің мәнін түсінеді. «Саналылық», «белсенділік», «өзіндік» ұғымдарының бір-бірінен айырмашылықтары болғанымен, бірінсіз бірі болмайды. Білімді саналы меңгеру, оқушылардың белсенділігі мен өзіндік әрекетін қажет етеді, сондықтан оқытудағы белсенділік дегеніміз оқудағы жедел ақыл-ойлық және практикалық жақтары мен көркемдік білім бойын-

ша білім, іскерлік, дағдыларының саналы меңгеру шарты мен нәтижесі болып саналады.

Бейнелеу өнері пәнінде оқушы оқылатын материал мен тапсырмалардың мазмұнына түсінуі керек. Саналылық оқушының материалдарын құрғақ түрде жаттамай, суретті ойсыз салмай, салынатын суреттің мәніне түсінуді талап етеді. Саналылықпен жұмыс істейтін оқушы әр уақытта суретті дұрыс салып, дер кезінде орындауға тырысады, өзін-өзі бақылауға үйренеді.

Оқушылардың белсенділігі мен саналылығын арттыру барысында әркімге жеке қарым қатынас принципін еске ұстау қажет. Бұл жерде мадақтау, өз күшіне деген сенімін арттыру, шағын сын ескертпе, әр түрлі формадағы жәрдемдесу сияқты жұмыс әдістері қолданылуы мүмкін. Мұғалімнің басшылық ролінің маңыздылығы мен қажеттігін мойындай отырып, педагогика ғылымы оқушыны тәрбиенің пассивті нысанасы емес белсенді, саналы жұмыскері ретінде қарайды.

Жүйелілік пен бірізділік принципі оқыту мен оқуды белгіленген бір тәртіппен жүргізуге мүмкіндік береді. Мектептегі бейнелеу өнерін оқыту үдерісіндегі жүйелілік оқу жоспары мен оқу бағдарламаларында анықталған. Жүйелілік пен бірізділік принципін оқу-тәрбие үдерісінде сақтау үшін мұғалімге оқу материалдарының біртіндеп күрделенуін көрсететін жұмыс бағдарламасы мен тақырыптық жоспарлар, әдістемелік нұсқаулар, иллюстративтік жылдық жоспар көмектеседі. Жүйелілік пен бірізділік бейнелеу өнерін оқыту үдерісі міндеттерін ойдағыдай шешуге негізделеді.

Лайықтылық және шамаға байланыстылық принципі мұғалімнің оқу материалдарының күрделілігі мен тереңдігіне байланысты әрбір сыныпқа, балалардың әрбір жас ерекшеліктеріне байланысты бөлуін талап етеді. Мысалы, оқу материалдарының балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестендіру үшін қандай материал лайық екенін қарастырады.

Беріктілік принципі көркемдік білімнің оқушылар санасында берік болып қалыптасқанын талап етеді, ол үшін оқушылар сурет салу барысында танымдық белсенділіктерін танытып, үйренгендерін практика жүзінде қайталап отырады.

Оқушыларға бейнелеу өнері пәнінде көркемдік білім берудегі ұйымдастырушылық – әдістемелік принциптер – оқыту үдерісінің ұйымдастырушы формалары мен әдістерін анықтайтын ережелер [4].

Енді оларды қарастырайық:

- бейнелеу өнерін оқыту үдерісінің тұтастығы мен бірлігі принципі мұғалім мен оқушының іс-әрекеттерінің бірлігі мен өзара байланысын көрсетеді;

- оқу жұмыстарының топтық және жекелік формалары мен оқу жұмысының тәсілдерін тең үйлестіру принципі көркемдік білім мазмұнын меңгерудің тиімділігін арттырады, ол үшін

оқушыларды ұжымдық, топтық, жеке жұмыстардың түрлеріне тарта білу керек. Сонымен қатар оқушыларды үйірме, клубтар және т.б. жұмыстарына қатыстыру қажет;

- оқуға деген жағымды қатынасты қалыптастыру принципі ғылымның әр түрлі салаларының мәліметтерін пайдалануды көздейді, көркемдік білімдердің өмірдегі практикалық мәнін түсіндіреді.

Сонымен, бейнелеу өнері пәнінің мұғалімнің әдістемелік дайындығының теориялық мәселелерін құрайтын білімдер жүйесі бейнелеу өнерін оқыту мазмұны, оқыту формалары, әдіс-тәсілдері, бейнелеу өнерінің сабақтарын ұйымдастыру, бейнелеу өнері сабағынан сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру, бейнелеу өнерін оқыту принциптері ұғымдарын біріктіреді.

Әр принцип белгілі бір ережелерден тұрады. Ереже дегеніміз оқытудың жекелеген аспектілерін ашып көрсету, принциптерді нақтылау. Олар педагогқа белгілі бір жағдаяттар туындағанда не істеу қажеттігіне нақтылы нұсқаулар береді.

Бейнелеу өнері пәні мұғалімнің жалпы педагогикалық-психологиялық дайындықтары, педагогика мен психология ғылымдарының теориялық білімдерін меңгергендігі мен тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастырудың іскерлік пен дағдыларын педагогикалық практикада қолдана білуімен сипатталады. Бейнелеу өнері пәні мұғалімнің көркем-графикалық дайындығы көркемдік білімдер негіздерін меңгеруімен және бейнелеудің іскерлік пен дағдыларын меңгеру деңгейінен көрінеді.

Қорыта келе, заманауи дидактикада оқыту принциптері педагогикалық іс-әрекеттің және оқыту үдерісінің нәтижелілігіне бағытталған оқыту үдерісінің заңдылықтарына сүйенген жалпы ережелер, ұсыныстар ретінде қарастырылады. Жалпы алғанда оқыту принциптері бір-бірімен тығыз байланысты, олар өзара тәуелді және бірін-бірі толықтырып отырады, оқыту тәрізді бұл екі жақты мақсатты үдеріс және оның кезеңдері бір-бірімен тығыз байланысты. Бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі принциптер жүйесіне сүйену қажет, сол арқылы оқытудың мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, құралдарын таңдауға дәлелді түрде келеді.

### ***Пайданылған әдебиеттер:***

1. *Ералин Қ. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Оқу әдістемелік құрал. Түркістан. «Тұран», 2011.- 231б.*
2. *Сластенин В.А. Избранные труды /В.А. Сластенин. - М.: Магистр-пресс, 2000.*
3. *Полонский В.М. Словарь по образованию и педагогике /В.М. Полонский. – М.: Высшая школа, 2004.*
4. *Қузин В. С. Изобразительное искусство и методика его преподавания в школе. Ангар, 1998.*

**Ибраева Айман Саматовна,  
Аязбекова Балкия Копановна  
Акжанова Антонина Толеубаевна**

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің аға оқытушылары  
Қарағанды қаласы, aimanibraeva23@mail.ru, b.ayazbekova@mail.ru

## **ЖАРИЯ СӨЗДІ ШЕШЕНДІК ӨНЕР НЕГІЗІНДЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ТІЛДІК МАМАНДЫҚ СТУДЕНТТЕРІНЕ ОҚЫТУ**

**Резюме.** В статье рассматриваются особенности подготовки студентов к публичной речи как основе ораторского искусства, как необходимой составляющей профессиональной культуры будущего специалиста. Исследуется проблема овладения умениями публичной речи. Содержится материал практических советов по подготовке речи начинающих ораторов. Авторы делятся положительным опытом обучения публичной речи. Так, например, авторы считают, что для практического обучения искусству публичного выступления целесообразно подразделение публичных выступлений на виды по их функции, т.е. по цели, которую ставит оратор в своем выступлении, по жанру и по форме. Выступление обычно строится по традиционной трехчастной композиции: вступление, основная часть, заключение.

**Ключевые слова:** Публичная речь, ораторское искусство, публичное выступление, риторика, естественное красноречие, свойства ораторской речи, аргументация в ораторском искусстве, общение, культура общения, ситуация межкультурного общения, социокультурный компонент, особенности деловой речи.

**Summary.** The article studies the peculiarities of preparing students for public speech as the basis of oratory art as an essential component of professional culture of the future specialist. The problem of mastering the skills of public speech is studied. The material contains practical advice on the preparation of speech by novice speakers. The authors share the positive experience of teaching public speech. Thus, for example, the authors believe that for practical training in the art of public speaking, it is expedient to subdivide public performances into species according to their function, i.e. on the goal, which the speaker puts in his speech, according to genre and form. The performance is usually based on the traditional three-part composition: the introduction, the main part, the conclusion.

**Keywords:** Public speech, public speaking, public speech, rhetoric, natural eloquence, the characteristics of oratorical speech, argumentation in oratory, communication, communication culture, the situation of intercultural communication, the socio-cultural component, the features of business speech.

Сөз — адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы, ақпарат алмасу тәсілі, өзге адамның санасына және әрбір қадамына, әрекетіне әсер ету құралы. Сөзді орынды қолдана, құбылта білу өте жоғары бағаланады. Бұл сияқты қабілет-адамның жалпы мәдениетінің, білімділігінің құрамды бөлігі.

Бүгінгі таңда зиялы адамның сүреңсіз де сөлекет сөйлеуі, яғни шешен сөйлеу мәдениетінің төмендігі адам баласының оқи және жаза білмеуі сияқты ыңғайсыз көрінуі тиіс, ал білім беру мен тәрбиелеу ісін толық жүзеге асыруды шешендіксіз көзге елестету қиын.

Сөз қоғам дамуының ағымын аңғартады және ілгері даму үдерісіне мүмкіндіктер туғызады. Сөз адамдардың санасы мен еркіне бірден-бір әсер ететін, оларға білім беретін, сенімін қалыптастыратын, азаматтарды нақты әрекеттерге жұмылдыратын өте күшті қарудың ролін атқарады.[1, 59 б.]

Өте ежелгі дәуірлерден бері адам баласы жанды сөздің әсер ету құпиясының сыры неде екенін (бұл туа біткен қасиет пе, әлде ұзақ уақыт тер төге оқудың, өз бетімен білім алудың нәтижесі ме?) танып-білуге ұмтылуда.

Риторика – көпшілік алдында сөйлеу өнері.[2, 127б.]

Риторика сөзі гректің rhetorike , яғни «шешендік өнері» дегенді білдіреді. Сонымен риторика дегеніміз - шешендік өнері туралы ғылым, аудитория алдында сөйлеу өнері. Риторика бізді өз сөзіміздің көмегімен аудиторияға ықпал етуді, жетістіктерге жетуді үйретуге үндейді.

Платонның, Аристотельдің пайымдауынша риторика дегеніміз сендіру, нандыру, көндіру өнері дегенді білдірсе, ал Квинтилиан ділмарлық өнері дегенді айтады.

Ал Цицерон әр шешен үш негізгі мәселені негізге алуға міндетті дегенді айтады.

DOCERE, яғни түсіндіру.

DELECTARE, яғни әсем сөйлеу өнері.

MOVERE, яғни ықпал ету өнері.

Ежелгі ұлы грек философы Аристотель (б.д.д. 384-322 ж.) риториканың ғылым ретіндегі негізін салушы болып есептеледі. Оның дүниежүзіне танымал «Риторика» еңбегі қазіргі таңда да көпшілікке кеңінен таныс. XX ғасырда риторика жаңа даму қозғалысына ие болады. Ол сөйлеу

арқылы әсер ету ғылымы, яғни әсерлі түрде қарым-қатынас жасау ғылымынан орын алады.

Практикалық риторика түрлі жанрдағы және типтегі хабарламалар (ғылыми мақала және иландыра сөз сөйлеуден бастап анекдот және қызықты әңгімелерге дейін) аудитория алдында сөйлеу іскерлігіне үйретеді.

Заманауи риторика көпшілік алдында сөйлеген сөзімен ықпал жасау, яғни көпшілік алдында сөйлеген сөзімен күшті әсер ету туралы ғылым дегенді білдіреді.

Жұрт алдында сөйлеу дегеніміз шешеннің жеткілікті түрде үлкен және ұйымдастырылған тікелей қатысушылары бар аудитория алдында ресми сөз сөйлеуі (негізінен монолог).

Ресми дегенді қалай түсінеміз? Ресми сөйлеу дегеніміз сөйленетін сөз, тақырып алдын-ала жарияланады, шешен аудиторияға таныстырылады немесе аудитория онымен хабарландыру арқылы таныс болады, шешеннің мамандығы, қызметі, қай жерден екендігі және т.б. белгілі болады.

Тікелей қатысушылары бар аудитория дегенді қалай түсінеміз? Сөз сөйлеуші тыңдармандарымен бір аудиторияда болады, ол тыңдармандарын, олар оны көреді, сұрақтар қоюы мүмкін.

Жеткілікті түрдегі үлкен аудитория дегеніміз не? Әдетте 10-12 адамнан тұратын аудитория үлкен, ал одан аз болса онда топпен әңгімелесу деуге болар еді, шешен үшін ең жақсы аудитория 25-30 адамнан тұратын аудитория.

Ал ұйымдастырылған аудитория дегеніміз белгілі бір орынға белгіленген уақытта келген, тақырыппен, сөз сөйлеушімен таныс, сөйленетін сөз уақытын білетін және оны тыңдауға дайын аудитория.

Мақсатына қарай шешенді практикасында жұрт алдында сөйлеудің кеңінен таралған негігі төрт түрін көрсетеді:

- Ақпараттық
- Хаттамалық-этикетті
- Көңіл көтеретін
- Иландыру

1. Мақсаты – бірсыпыра ақпаратпен таныстыру. Мұндай сөйлеу түрі ақпараттық деп аталады. Ақпараттық жанр ғылыми баяндамада, мәлімдемеде, студенттер алдындағы дәрісте, мұғалімнің түсіндіру кезіндегі монологында, қандай да бір жағдайлар туралы әңгімелегенде немесе кейбір құбылыстарды суреттеу, сабақта оқушылардың сұрақтарына жауап беру кезінде қолданылады.

Нұсқау, болатын оқиғаға байланысты хабарландыру да ақпараттық сөз түріне жатады.

2. Мақсаты – көпшілік қабылдаған кейбір салт жорасын, хаттаманы, этикетті сақтау. Бұл жағдайда хаттамалық – этикетті сөз туралы айтуға болады:

Ресми делегациямен сәлемдесу, мерейтой иесін құттықтау, қандай да бір ресми іс-шара алдындағы

сөйлеу сөзі, адамның немесе ұжымның еңбегіне баға беріп сөйлеу (мақтау сөз), қайғылы митингтегі сөз, ресми тост т.б..

3. Мақсаты – жиналғандардың көңілін көтеру. Бұл жағдайда біз көңіл көтеру мақсатындағы сөйлеу туралы айтамыз. Мысалға көптеген бейресми тостар, банкеттердегі сөздер, қызықты уақиғалар туралы әңгімелер, өмірден алынған қызықты жағдайлар ж.т.б.

4. Мақсаты – сендіру. Сендіру сөзі шешеннің көзқарасының дұрыстығын көрсетуді, аудиторияның осы мәселеге байланысты пікірін нығайту немесе өзгертуге үндейді. Сендіру сөзінің әдеттегі түрлеріне ғылыми және саяси дискуссиялардағы, сайлау алдындағы, үгіт-насихат, жарнамалау сөздері жатады. Шешеннің алдына қойған мақсаттарының бірігуіне орай оның сөзі кешенді сипатқа ие болуы мүмкін. Мысалға ақпараттық - этикетті, ақпараттық - көңіл көтеру, ақпараттық - сендіру және т.б. аралас типтер туралы айтуға болады.

Шешендіктануда формасына қарай жұрт алдында сөйлеудің келесі түрлерін ажыратады:

- Баяндама
- Мәлімдеме
- Сөз сөйлеу
- Дәріс
- Әңгіме

Баяндама – қандай да бір маңызды ғылыми немесе қоғамдық-саяси мәселелерді ашып көрсететін кеңейтілген мәлімдеме. Баяндамалар әдетте маңызды, ғылыми, өндірістік, саяси тақырыптарға бөлінеді. Уақытқа байланысты баяндамалар 10-15 минуттан екі-үш сағатқа дейін созылады (мысалы, үкімет тарапынан жасалатын баяндамалар).

Мәлімдеме – уақытына қарай үлкен емес (5-10 минут) сөз сөйлеу, онда шағын мәселе қарастырылады. Мәлімдеме – жеке тақырыпқа байланысты шағын баяндама. Әрбір мәлімдеме қандай да бір мәселенің жеке аспектіне арналады. Мәлімдеме алдын-ала дайындалады, толық ойластыруды және әдебиетті оқуды қажет етеді.

Сөз сөйлеу - әдетте қандай да бір алдын-ала хабарланған мәселені талдауға байланысты қысқа мәлімдеме. Ол 3-5 минутқа созылады, сөз тақырыбын алдын-ала (талданатын мәселе аясында) таңдауға болады немесе мәселені талдау барысында тұжырымдалады (тосыннан шығару).

Дәріс – маманның қандай да бір мәселені қисынды, кеңінен ғылыми немесе ғылыми-көпшілікке түсінікті баяндауы. Дәрістер оқу жағдайында мектепте, жоғары оқу орындарында пайдаланылады, қандай да бір тақырыптарға арналған ғылыми-көпшілік дәрістер кең тыңдаушылар ортасында оқылады. Дәрістердегі жеке мәселелер(бөлімдері) міндетті түрде баса айтылуы керек. Дәрістер ұзақтығына қарай 20-30 минуттан бір-біржарым сағатқа (жоғары оқу орындарындағы дәрістер) болады.

Әңгіме – кең, дайындалған (яғни шешен алдын-ала дайындаған) тыңдармандармен диалог. Әңгімеде ұзаққа созылған шешен сөзінің болуы да мүмкін (монологтар), бірақ ол тыңдаушыларға міндетті түрде сұрақтар қоюды, оларды тыңдауды, жауаптарын талдап түсініктеме беруді талап етеді. Көпшілік алдында сөйлеуде әңгіме 20-30 адамнан аспайтын аудитория алдында, тыңдармандар оларға айтылатын хабарламаға қызығушылық танытқан кезде қолданылады.

Риторикадағы басты ережелердің бірі шешеннің аудиторияны өзіне бағындыра білуі, ықыласына бөленуі. Шешеннің өзін қалай ұстауынан, сөзін қалай бастауынан, яғни алғашқы әсерден басталады.

Аудиторияның әлеуметтік құрамы (зиялылар, жұмысшылар, шаруалар, студенттер), олардың білім, білік, жас ерекшеліктері де көпшілік алдында сөйлеуде маңызды болып табылады.

Аудиторияның тәртібі оның әлеуметтік құрамының біркелкілігіне байланысты. Кей жағдайда ынта-ықыласы, ой-өрісі, білім, жас ерекшеліктері, әлеуметтік құрамы, жалпы мағлұматы, дүниетанымы әркім тыңдаушылар болады. Бұл орайда олардың құштарлығын ояту, тәнті ету шешеннің тәжірибесіне, өнерпаздық қабілетіне, ойлау жүйесіне, сезімталдығы мен қабылдауына тәуелді.

Қабылдау мен түсінудің проблемалары біртұтас құбылыс екендігі анық.

Көрнекті психолог Н.Н.Жинкиннің көрсетуінше, қабылдау дегеніміз тілдің материалдық құралдарын (фонема, буын, сөз, сөйлем, үнділік) талдау мен жинақтау. Қабылдау мен түсіну адамның ішкі құбылыстары мен сыртқы байланыстарын түгелдей қамтиды. Аудиторияның қабылдауы мен түсінуі үшін, атап айтқанда, олардың көңіл-күйін, наным-сенімдерін, құштарлықтарын және мотивтері мен нұсқауларды есепке алған жөн.[3,235б.]

Психолог Н.А.Зимняя аудиторияның ықыласын мынадай мотивтер оятуы мүмкін екендігін айтады: 1) интеллектуалдық, 2) моралдық, 3) эстетикалық мотивтер.

Аудиторияда интеллектуалдық мотивтермен қатысқандар айрықша ықыласпен тыңдайды. Білім-ғылыммен мұздай қарулансам, көкірегіме тоқысам деген ойда болады.

Енжар тыңдаушыларды еліктіріп әкету онайға соқпайды.

Эстетикалық мотивтермен келгенде шешен қайтсе де олардың күткеніндей биіктен жарқырап көрінуге тиісті.

Тәжірибелі шешен аудиторияның психофизиологиялық ерекшеліктерін, әлеуметтік құрамын, көңіл-күй толқындарын, ой, сана, таным дәрежесін тез арада жүзінен оқып, өзіндік қорытындылар шығарады.

Жиналған әлеуметтің алдында еркін сөз сөйлеуде Аристотель сөйлеу композициясының сегіз бөліміне назар аударады.[4,137б.]

1. Сөйлеудің өзі емес, оған кіріспе немесе алғы сөз. Саяси және сот сөзжарысында кіріспенің қажеті шамалы, қайта бірден тақырыпқа көшу мәнді. Алғы сөздің мақсаты-аудиторияны тыңдауға дайындау. Егер де шешен мен аудиторияның кездесуі бірінші болмаса, онда кіріспенің қажеті шамалы. Өйткені тыңдарман танымалы шешеннің сөзіне алдын ала бейімделеді.

2. Тақырыпты белгілегенде, оның атауы тыңдаушыға түсінікті болуы абзал.

3. Заттық мазмұнды жүйелі баяндау. Сол үшін фактіні таңдау мақсатқа сай және дұрыс тиянақталуы шарт.

4. Сөйлеудің заттық аясын талдау - сипаттау.

5. Дәлелдеу арқылы негізгі мақсатқа – тыңдаушыны сендіруге қол жеткізу. Тек дәйекті дәлел ғана шешендік өнердің қасиетін ашып бере алады.

6. Теріске шығару. Жалғандықты білдірудің түрлері: а) пікірталас (сұрақ-жауап); ә) эристика (грек сөзінен - айтысушы) – әр айтысушы өз мүддесін қорғамақ. Мысалы: базардағы саудаласу. Әркім өз мүддесін жақтап, әйтеуір ортақ бітімге келеді.

7. Үндеу – тыңдаушылардың жүрегіне ұрандата жол салу, олардың эмоциясын бағындырып алу.

8. Қорытынды – айтқанды қысқаша тұжырымдау.

Қазіргі таңда көпшілік алдында сөйлеудің түрлі формалары (дәріс, баяндама, сөйлеу) сияқты түрлі жанрлар түрлі дайындықты қажет етеді. Ал көпшілік алдында сөйлеудің жалпы ережелеріне, яғни кез келген сөзге, жанрға байланысты дайындық кезінде қолдануға болатын және қажетті ережелерге тоқталып, атап өтетініміз:

1. Сөзді ширақ бастау.

2. Драматизм.

3. Сыпайы әсерленушілік.

4. Қысқалық.

5. Екі адамның сөйлесуі.

6. Әңгімелеу.

7. Аудиториямен қарым-қатынас орнату және сақтау.

8. Негізгі ойдың түсініктілігі.

9. Сөзді ширақ аяқтау.

Г.З. Апресян шешендіктің әлеуметтік-функциональді белгілерін ескере отырып, оның: әлеуметтік-саяси, академиялық, әлеуметтік-тұрмыстық, соттық, құдайшыл-шіркеулік түрлері сияқты бағыттарын атап өтеді. Автор сөз сөйлеудің мынандай түрлерін салаға жіктеп береді:

- әлеуметтік-саяси шешендікке саяси-әлеуметтік, саяси-экономикалық тақырыптарға арналған баяндамалар, есепті баяндама, саяси немесе дипломатиялық тақырыптағы арнайы сөздер, саяси



шолу, мәжілістегі сөздер, үгіт-насихат жұмыстары жатады;

- академиялық шешендік оқу орнындағы дәрістерді, ғылыми баяндаманы, ғылыми шолуларды, ғылыми мәліметтерді қамтиды;

- соттық шешендік дегенде прокурордың немесе кіна таға айыптаушының сөзін, қоғамдық-айыптаушының сөзін, адвокаттық немесе қоғамдық-қорғаушының сөзін, өзін-өзі ақтаушының сөзін ескереміз;

- әлеуметтік-тұрмыстық шешендік мерекедегі салтанатты сөз, отырыстығы арнайы сөз, қайғылы оқиғаға байланысты арналып айтылған сөздерді қамтиды;

- құдайшыл-шіркеудегі шешендік діни уағызға, шіркеу жиылысындағы сөзге, тәлімдік тілмәрлыққа негізделеді.

Адамдық белсенділіктің қоғамдық қызметі жетілген және көбейген сайын қызыл тілдің қолдану аясы да кеңейеді, түрленеді. Қоғамдық бағыттар жетілген сайын парламенттік тілмәрлық, дипломатиялық тілмәрлық, сауда-саттық тілмәрлық, дәрістік-насихаттық тілмәрлық, диалогиялық тілмәрлық қалыптасты.

Көпшілік алдында сөз сөйлеу – шешеннің биік дүниетанымынан, қабілеттілігінен, өмірлік және өнерпаздық тәжірибесінен туындайды.

Ежелгі Римдегі Цицероннан келе жатқан мынандай афоризм бар: «ақындар болып туады, шешендер қалыптасады», яғни шешенді тәрбиелеп өсіруге болады. Дұрыс сөйлеудің ережесін үйрету арқылы адамда шешендік қабілетті жетілдіруге болады. Мұнда шешендік көп алдында сөйлей білу, сөйлей алу қабілетін аңғартады. Бұл – жүйелі жаттығудың нәтижесі. Өзімен үнемі және беріліп жұмыс істейтіндер сөйлеу қабілетін жаңғыртады. Өзімен жұмыс істеудің екі бағдары басым. Бірі – өз кем-кетігімен күресу, оны жеңе білу. Екіншісі – жаңа мақсат – мүддеге орай өз қабілет-қасиеттерін жетілдіру, жоғары жүйеге келтіру. Ол үшін көп оқу, түрлі көзқарастармен танысу, ғылыми және көркем әдебиеттердің тартымды ойлары мен нақты тұжырымдарын қысқаша жазып жүру, көп тіл білуге талпыну, әр ортада сөз бастай білу қабілетін жақсарту жұмыстарын қатар жүргізу қажет.

Психологтардың айтуынша, шешеннің ептілігін құрайтын амал-әрекеттерге:

- әдебиетті таңдай білу;
- таңдаған әдебиетті оқу қабілеттері;
- жоспарды жасай білу;
- сөйлеу мәтінін жаза білу;
- аудитория алдында өзін ұстай білу;

- әңгіме желісін уақыт мүмкіндігіне орай ықшамдау жатады.

- Шешендіктің мұндай қабілеттері бірден немесе өздігінен кездейсоқ қалыптаса қоймайды. Ол үшін шешен:

- баяндаманың мәтінін өзі жасауы;
- материалды анық, айқын және сеніммен жеткізе білуі;
- тыңдаушылардың сұрағына дұрыс жауап беруі;
- тыңдарманмен тікелей және еркін қатынаста болуы;
- көрнекі және техникалық әдіс-құралдарды пайдалана білуі керек.

Бүгінгі таңда осы қабілеттерді сауатты қолдану өте маңызды.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Молдабеков Ж. Шешендік: Оқу құралы.- Алматы: «Қазақ университеті», 2014. -379 бет.

2. Львов М.Р. Риторика. Культура речи: Учеб. пособие для студентов гуманитарных факультетов вузов. - М.: Издательский центр "Академия", 2004.-272с.

3. Александров Д.Н. Риторика. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2000.-534с.

4. Иванова-Лукьянова Г.Н. Культура устной речи: интонация, паузирование, логическое ударение, темп, ритм. - М.: Наука, 2003.-197с.

5. Сопер П. Основы искусства речи: Пер. с англ.- Ростов н/Д.: Феникс, 1995.-446с:табл.

6. Айви А. Лицом к лицу: Практич. пособие для освоения приемов и навыков делового общения.- Новосибирск: ЭКОР, 2005.- С. 172

7. Эрнст О. Слово предоставляется Вам. Практические советы по ведению деловых бесед и переговоров.- М.: Экономика, 1999.- С. 91

8. Михайличенко Н.А. Риторика.- М.: Изд-во «Берегиня», 1993. Мицич П. Как проводить деловые беседы.- М.: Экономика, 2003.- С. 198

9. Ладанов И.Д. Мастерство делового взаимодействия.- М.: НТК «Менеджер», 1999.- С. 254

10. Введенская Л.А. и др. Русский язык и культура речи: Учебное пособие для вузов / Л.А. Введенская. - Ростов н / Д., 2002. - 544с.

11. Карнеги Д. Как вырабатывать уверенность в себе и влиять на людей, выступая публично / Д. Карнеги. - М.: "Проспект", 1989. - 419с.

14. Шейнов В.П. Риторика / В.П. Шейнов. - Мн.: Амалфея, 2000. - 592с.

**Пралиева Рабиға Есимовна**

Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Дайындық факультеті, Жалпы пәндер кафедрасының аға оқытушысы

**Ниязова Гульжан Жолаушиевна**

Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Компьютерлік ғылымдар кафедрасының меңгерушісі, ngulzyan@bk.ru

**Қуандық Оразбекұлы**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркістан қаласы, kuandyk\_orazbek@mail.ru

**Беркимбаев Камалбек Мейірбекұлы**

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Кентау институтының директоры

### БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДА ПОДКАСТИНГ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ МҰМКІНДІКТЕРІ

**Түйін.** Бұл мақалада ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың дамуы тенденциялары негізделген. Сонымен қатар, ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың педагогикалық мүмкіндіктерін пайдаланып іске асырылатын аралас оқыту түрлеріне сипаттама беріліп, оның артықшылықтары тұжырымдалған. Оқыту технологиясы сапасында подкастинг технологиясының мәні түсіндіріліп, оның негізгі түсініктері анықталған. Подкастингтің негізгі қасиеттері келтірілген. Подкаст түрлері анықталып, подкастинг технологиясын болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда пайдаланудың мүмкіндіктері баяндалған.

**Түйін сөздер:** ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар, аралас оқыту, аралас оқыту модельдері, подкаст, скринкаст, подкастинг технологиясы.

**Резюме.** В данной статье обоснованы тенденции развития информационно-телекоммуникационных технологий. А также, дано характеристика и выявлены преимущества различных моделей смешанного обучения которые реализуется с использованием информационно-телекоммуникационных технологий. В качестве технологии обучения докладаются сущность технологии подкастинг. Приведены основные свойства подкастинга. Определены виды подкастов и возможности технологии подкастинга в профессиональной подготовке будущих учителей.

**Ключевые слова:** информационно-коммуникационные технологии, смешанное обучения, модели смешанного обучения, подкаст, скринкаст, технология подкастинг.

**Summary:** The article deals with the tendencies of development of informational- telecommunication technologies. As well as the characteristics and advantages of the different models of mixed learning

that is implemented with the use of informational-telecommunication technologies. As learning technologies are reporting on the essence of technology is podcasting. The basic properties of podcasting were provided. The types of podcasts and capability of technology of podcasting in the professional training of future teachers were defined.

**Key words:** informational-communication technology, mixed learning, models of mixed learning, podcast, screencast, technology of podcasting.

Заманауи білім беру әлемнің жетекші мемлекеттерінің бәсекеге қабілетті талаптарына және инновациялық даму моделінің стратегиялық дамыту бағытына сәйкес құрылуы қажет. Бұл жағдай әлемдік білім беру кеңістігінде жан-жақты интеграциялық білімге құмар, заманауи өзгерістерге жылдам бейімделетін, өз бетімен креативті кәсіби коммуникативтік іс-әрекеттер жасай алатын, кәсіби әлеуетті, зияткер ұлт қалыптастыруды талап етуде. Болашақ мұғалімдерге қойылатын мұндай талап олардың ағылшын тілін еркін меңгеруі, олардың көп ұлтты әлеммен байланыстары мен қарым-қатынастарын кеңейтуге, өздерінің рухани, танымдық және әлеуметтік-адамгершілік қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға, ой-өріс, білім деңгейін, шығармашылық еңбек аясын кеңейтуге, сонымен қатар жалпыадамзаттық құндылықтар мен әлемдік мәдениетті танып, білуге мүмкіндіктер береді.

Соңғы он жылдағы қоғам өміріндегі түбегейлі өзгерістер, әсіресе қалыптасқан білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер жасап отырған реформалар болашақ мұғалімдерден кәсібиліктің жоғары деңгейін талап ететіндігі белгілі. Осы орайда, жылдам даму үстіндегі ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың білім берудегі потенциалын оңтайлы пайдаланудың білім беру сапасын арттыруға ықпалы зор [1, 2].

Гольшко А.В. өзінің «Ведущие мировые ИКТ-тренды» атты мақаласында келесі ақпаратты келтіреді (<http://json.tv/>). Бүгінгі таңда, ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар әлемі қарапайым ғана: «cloud-pipe-device» формуласымен жұмыс жасайды. Интернет желісіне 13 млрд. астам қосылған құрылғылар саны белгілі, бұл дегеніміз әлем бойынша әрбір адамға 2 данаға таяу деген сөз. Ақиқатында желіге қосылу мүмкіндігі бар құрылғылардың барлығы қосылуда, атап

айтқанда, бағдарламалардан бастап тұрмыстық техника, автомобильге дейін, ақылды үйлер мен ақылды қалалардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге тиістілердің барлығы. Мобильді қосылулардың орташа жылдамдығы 2018 жылға дейін екі есе өседі деп болжануда. Ал мобильді қосылудың жылдамдығы – ақпараттардың мобильді трафиінің өсуі мен қолдау табуының басты кілті. Cisco компаниясының болжамдары (кесте 1):

Кесте 1. Заманауи құрылғылардың интернетке қосылу жылдамдығы

Жыл	2012	2013	2014	2015	2016	2017	CAGR
Мобильді құрылғының интернетке қосылуының орташа жылдамдығы (Кбит/с)	1 387	1 676	1 908	2 147	2 396	2 509	13 %
Смартфонның интернетке қосылуының орташа жылдамдығы (Кбит/с)	3 983	4 864	5 504	6 132	6 756	7 044	12 %

Cisco компаниясының болжамы бойынша 2018 жылға қарай жалпы әлемдік трафиктің 70%-дан аса бөлігін видеотрафик құрайтын болады, ал әлемдік мобильді трафик ақпараттарының 94%-ын смартфондар, ноутбуктар, планшеттер қалыптастырады.

Ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды, интернет желісінің мүмкіндіктерін білім беруде пайдалануды қарастыруда электронды білім беру ресурстары, электронды оқыту, қашықтықтан оқыту және т.б. туралы айтылады. Электронды білім беру ресурстары сапасында пайдалану үшін электронды құрылғылар пайдаланылатын оқу материалдары айтылады.

Электронды оқу модульдерінің өзгерістер, толықтырулар, толықтай жетілдірулер үшін маңызды қасиеттердің бірі болып табылады. Электронды білім беру ресурстарын пайдаланып іске асырылатын ықпалды оқыту формаларының бірі аралас оқыту болып табылады.

Аралас оқыту – дәстүрлі оқыту формасын және қашықтықтан оқыту формасын үйлестіре пайдаланылатын оқыту формасы. Білімді тасымалдау мен педагогикалық үдеріс қатысушыларының өзара қарым қатынасын ұйымдастыруда түрлі техникалық орталар пайдаланылады, ал қатысушылар уақыт пен кеңістікке тәуелсіз қатыса алады. Қашықтықтан оқыту формаларына чат-сабақ, вебинарлар (қашықтықтан өтілетін сабақтар, конференциялар, семинарлар, іскерлік ойындар), қашықтықтан оқыту курстары, мобильді оқыту, телеконференциялар және т.б.

Бірқатар зерттеу жұмыстарын талдау барысында аралас және электронды оқытудың шетелдік жоғары оқу орындарында білім беру ісінде пайдаланылуының жағдайы мен перспективаларын анықтауға қол жеткізілді. Атап айтқанда, Ali Al-

Busaidi электронды оқытудың жоғары білім беру сапасына әсерін зерттесе [3], R.Ellis жоғары білім беру жүйесінде қашықтықтан оқытудың кілттік аспектілері мен тәсілдерінің өзара байланысын анықтаған [4]. Ал, R.Bensor электронды оқыту жүйесінде контексті ақпараттық толықтыру рөліне ерекше назар аударып [5], Eelon Lim авторлық бірлестіктекейс стади оқыту үшін электронды оқулықты білім беру құралы ретінде қолданудың мүмкіндіктері мен білімгерлердің оқу ақпаратын қабылдауларына пайдалылығын зерттеген [6].

Шетелдік оқыту практикасында жалпы аралас оқытудың алты түрлі моделі қарастырылады:

1. «Face to Face Driver» моделі. Оқу бағдарламасының басым бөлігі оқу орнында оқытушының басшылығымен ұйымдастырылады. Электронды білім беру ресурстары мен технологиялары негізгі бағдарламаға қосымша ретінде пайдаланылады.

2. «Rotation» моделі. Оқу уақыты жеке электронды оқыту мен оқытушымен бірге оқу аудиториясында өтуі бойынша бөлінген. Оқытушы электронды оқыту барысында қашықтықтан қолдауды іске асырады.

3. «Flex» моделі. Оқу бағдарламасының басым бөлігі электронды оқыту жағдайында іске асырылады. Оқытушы әрбір білімгерге қашықтықтан жеткілік жасап, аз санды оқу топтарымен немесе жеке жеткізеді.

4. «Online Lab» моделі. Оқу бағдарламасы оқу ғимараты аумағында ұйымдастырылған электронды оқыту жағдайында (компьютерлік оқу сыныптары) меңгеріледі. Білімгерлер онлайн-курстардан бөлек сынып-сабақ жүйесінде де білім ала алады.

5. «Selfblend» моделі. Америкалық жоғары оқу орындары үшін дәстүрлі оқыту моделі болып табылады. Білімгерлер негізгі білім беру бағдар-

ламасына қосымша оқу курстарын өз беттерінше таңдайды.

Білім беру контентін жеткізушілер түрлі оқу орындары немесе білім беру мекемелері болы мүмкін.

6. «Online Driver» моделі. Оқу ақпаратының негізгі бөлігі ақпараттық білім беру ортасының электронды қорлары арқылы меңгеріледі. Оқытушымен жүзбе жүз кездесулер жиі сипатқа ие. Жүзбе-жүз кеңес алулар мен әңгімелесулер, емтихандар міндетті болып табылады.

Аралас оқытуды қолданудың артықшылықтары:

- жоғары сапалы білім қол жетімді болады тұлғалар санының өсуі;
- педагог қызметкерлерге жүктемені азайту;
- білім беру сапасын жақсарту (соның ішінде тиімді оқыту орталарын пайдалану арқылы);
- оқытуды басқарудың тиімді құралдарын қамтамасыз ету;
- студенттердің жұмыс ұйымдастыру заманауи құралдарын, коммуникацияларын меңгеруі.

Аралас оқуды пайдалану білім беру саласында қолданыстағы проблемаларды шешу құралы сапасындағы кілттік орталардың бірі болуы мүмкін.

Болашақ мұғалімдерді даярлауда тиімді аралас оқыту технологияларын қолдану аталған саладағы педагогикалық қызмет сапасын жетілдірумен қатар, креативті ойлау қабілеті жетілген, кәсіби тұрғыда ұдайы өсуге бейім, меңгерген білімін шығармашылық тұрғыда жаңғырта пайдалана алатын мамандар даярлауға жол ашады. Осындай технологиялардың бірі ағылшын тілін оқытуда пайдаланудың тиімділігі жоғары подкастинг технологиясы.

Подкаст технологиясы өзіндік даму тарихы бар веб-қызмет түрі ретінде Веб 2.0 қызметтері қатарында аталатын технологиялардың бірі. Бұрынғы кезде сайт контенттерін құру мен тарату сайт қызметкерлері тарапынан «жоғарыдан-төменге» ұстанымымен жүргізілетін (сайт, форумдар және т.б.) болса, Веб 2.0. технологиясында (блог, уикипедия, әлеуметтік желілер, твиттер және т.б.) контенттерді құру мен тарату қарапайым пайдаланушылар тарапынан іске асырылуы мүмкіндігі бар. Бұл өз кезегінде контенттерді құруды әртараптандырады, желі әлеуетін үлкен әлеуметтік белсенділікпен пайдалануға, желі қолданушылардың өзара қарым-қатынас мен бірлесе жұмыс жасауларына әкеледі. Бұл сипат аталған подкастинг технологиясына да тән.

«Подкастинг» термині «iPod» (Apple фирмасының mp3 ойнатқышының атауы) және «broadcasting» (ағылшын тілінде теле-, радио хабар тарату) сөздерінің бірігуінен пайда болған. Дегенмен, подкасттарды іске қосу үшін iPod бар болуы міндетті емес.

Интернет желісінде аудиофайлдарды тарату мүмкіндігі бұрыннан бар болатын. Подкастинг ау-

дио және видео файлдарды тасымалдаудың басқа тәсілдерінен пайдаланушылардың жаңартулар туралы ақпарат алуға тіркелулерімен ерекшеленеді.

Ағылшын тілінің Жаңа Оксфорд сөздігінде подкастинг терминінің мәні «интернетте жеке аудио ойнатқышқа көшіру мүмкіндігі қолжетімді радио хабардың немесе басқа да осыған ұқсас бағдарламаның цифрлық жазбасы ретінде анықталған» [7]. 2005 жылы бұл сөздік «подкаст» терминін жылдың жаңа сөзі ретінде таңдаған болатын. Таңдау оның жылдам өскен танымалдылығы және цифрлық жазба жасау құрылғысы мен интернетке қосылу мүмкіндігі бар кез-келген адам үшін подкасты өз бетінше құру және жариялау мүмкіндігіне негізделді.

Apple компаниясының сайтында «подкастинг – бұл тіркелушіге RSS технологиясын пайдаланып, интернет желісі арқылы жеткізілетін эпизодтық бағдарламалар сериясы» деп анықталған [<https://www.apple.com/ru/itunes/podcasts/fanfaq.html>]. Подкастинг жасаушы немесе таратушы веб-серверге XML-құжаттары мен эпизодтарды орналастыру жолымен подкасттарды қалыптастырады. Тұтынушы клиенттік қосымша арқылы подкастингке жазылады.

Интернет арқылы контент ретінде таралу тәсілі бойынша подкастинг маңызды екі қасиетке ие:

1. Подкастингке тіркелу мүмкіндігі. Бұл RSS арнасы көмегімен аудио және бейне контентті автоматты жеткізуге негізделген мүмкіндік.

2. Файлдарды (контенттерді) интернеттен компьютерге, ноутбукке, мобилді құрылғыға (телефон, смартфон, планшет және т.б.) көшіріп тасымалдау мүмкіндігі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «подкастинг» түсінігінің аясында:

- радиохабарларды цифрлық жазбалау;
- эпизодтық бағдарламалар сериясы;
- аудио-, бейне файлдарды құру және тарату үрдісі;
- дыбыстық хабарларды жариялау айқындалады.

Сондай-ақ, аудио және бейне файлдар (контенттің басқа да формалары) өз құрылғысына автоматты түрде көшіру үшін тіркелген пайдаланушыға қолжетімді.

Подкасттарды жіктеу мәселесі бойынша бірнеше көзқарастар бар. Г.Стенли подкасттардың келесі типтерін жіктеп ұсынады:

- аутенттік;
- оқытушы құрған (teacher podcasts);
- білімгер құрған (student podcasts)
- әдістемелік (educator podcasts).

Л.И.Агафонова мен Ж.С.Аникина келесі жіктеуді ұсынған:

1. Техникалық платформада:

- автономды подкаст (жеке бағдарламалық жабдықта жасалған);

- интеграцияланған подкаст (анықталған сайт шеңберінде құрылған).

2. Мультимедиа типі бойынша:

- аудио подкаст;
- бейне подкаст.

3. Авторлар санына қарай:

- жеке;
- ұжымдық.

4. Авторлық құрам бойынша:

- оқытушылар подкасты;
- білімгерлер подкасты.

5. Жанры бойынша:

- білім беруге арналған;
- көңіл көтеруге арналған;
- қоғамдық-саяси подкаст.

6. Оқыту мақсатына байланысты:

- дағдыларды қалыптастыру;
- білікті дамыту [8].

Аудиоподкаст аудиожазбаны білдіреді. Бұл жазбада мақсатты оқу аудиториясына қызықты және ақпарат (идея, ойлар, пікірлер, көзқарастар, талдаулар және т.б.) мәтінмен мазмұндалған болуы мүмкін.

Жазба кез-келген цифрлық аудиоформатта (мысалы, mp3 аудио файл) безендіріліп, ұсынылады.

Подкасттың бұл түрі басқаларынан автордың өз бетінше дыбысты жазуымен, мазмұнның монолог түрінде берілуімен сипатталады.

Аудиочат – аудиоподкастқа ұқсас, бірақ ақпарат сұхбат түрінде ұйымдастырылады.

Слайдкастинг – сәйкес фотолар қатарымен берілген, цифрлық аудиоформатағы жазба. Бұл өз кезегінде фотосуреттер, графиктер және т.б. элементтер, басқа да статикалық бейне суреттердің өзара ауысуы қолдау табатын дыбысты файлға жазу.

Бейнеподкаст – подкастингтің негізгі мәселе-сімен байланысты қандай да бір тақырыпта автордың баяндамасының (сөйлеген сөзі және т.б.) бейне жазбалануы.

Бейнеподкаст мақсатты аудитория үшін пайдалы болуы тиіс. Дәстүрлі жағдайда бейнеподкаст веб камераға немесе мобильді құрылғыға жазбала-нады. Бейненің жоғары кәсіби тұрғыда түсірілім жасалуы міндетті емес. М.Хигердің пікірінше бейнеподкаст үй жағдайында түсірілген подкастингке тіркелушілерге пайдалы әрі тегін ақпаратпен мазмұндалған бейнежазба.

Бейнечат – бейне подкастқа аналог, бірақ ақпа-ратты ұсынуда сұхбаттық сипатқа ие.

Көп жағдайда бұл подкаст авторының шақы-рылған тұлғамен әңгімелесуі. Бұл жағдайда әң-гімелесу қосымша сюжеттер, түсіндіруші немесе растаушы сюжеттермен толықтырылуы мүмкін.

Скринкаст – бейнеподкасттың ерекше нұсқасы. Скринкаст мәні арнайы бағдарлама көмегімен компьютер экранындағы іс-әрекеттің аудио түсіндір-мелерімен қоса бейне файл форматында жазылып, сақталуы. Бұлай құрылған бейне файл подкаст болып табылады. Подкасттың бұл нұсқасы оқыту курстарын құру үшін пайдалы.

Мәтіндік подкаст – анықталған тақырыпта мазмұндалған мәтіндік электронды құжат. Бұл мәтіндік электронды құжат подкасттың басқа түр-лері сияқты пайдаланушыларға тіркелулері бойны-ша таралады және подкастингтік негізгі мәселе-сімен байланысты көзқарасын мазмұны бойынша ұсынады.

Графикалық подкаст – мәтіндік подкасттың аналогы. Оның ерекшелігі ақпараттың графикалық формада ұсынылуы. Мысалы, фотосурет, иллю-страция, графиктер, диаграммалар және т.б.

Жоғарыда аталған екі контент түрін біріктіре ұсынатын подкаст – мәтіндік және графикалық деп аталады.

Электронды құжат түрінде таралатын дәстүрлі подкасттар подкаст терминалда PDF форматында жұмыс жасайды.

Apple фирмасы подкастинг технологиясының танымалдылығын арттырумен қатар, осы бағыт-та көптеген көлемді жұмыстар атқарып келеді. Подкастингті іске асыруды қамтамасыз ету үшін бағдарламалық жабдықтар жасауға ықпал етуде. Бұдан бөлек Apple фирмасының сайтында подка-стингке арналған мамандандырылған бөлім жұмыс жасайды. Сайттың мәліметінше iTunes Store под-касттар агрегатында 300 000-нан аса подкаст жи-нақталған [9].

Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда под-кастинг технологиясын пайдалану білім сапасын арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, олардың негізгілері:

- оқу-әдістемелік ақпаратқа қолжетімділікті кеңейту;
- жедел кеңес беру арқылы көмек көрсетуді ұй-ымдастыру;
- оқытудың жекеленуін арттыру, өз бетінше білім алу қорларын жетілдіру;
- қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру;
- бірегей жабдықтарға, қауіпті заттар, құбылы-стар немесе процестер және т.б . модельдеудің кеш-еніне қол жеткізу;
- педагогтар қауымдастығын қалыптастыру;
- білімгерлердің желілік қауымдастығын қал-ыптастыру;
- білімгерлерде сенімді және қажетті ақпаратты таңдау, сыни ойлау, іздеу дағдыларын дамыту және дамыту.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Беркимбаев, К. М. Жоғары оқу орында-рында болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу үрдісінің мәні мен құрылымы [Текст] / К. М. Беркимбаев, К. М. Арымбаева, А. Р. Боранбаева // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы=Вестник Казахского Национального университета им.Аль-Фараби. - 2016. - №2. - Б. 46-52.-("педагогикалық ғылымдар" сериясы).
2. Berkimbaev K.M. The formation of information competence of future specialists – as a factor of improvement of quality of preparation // *Life Science Journal*. – 2013. - Vol. 10. - P. 198-202.
3. Ali Al-Busaidi K. An empirical investigation linking learners' adoption of blended learning to their intention of full e-learning// *Behaviour & Information Technology*, 2013. №11(32). P. 1168-1176.
4. Ellis R., Ginns P.& P. Leanne. E-learning in higher education: some key aspects and their relationship to approaches to study// *Higher Education Research & Development*, 2009. №3(28). P. 303-318.
5. Benson R. & G. Samarawickrema. Addressing the context of e-learning: using transactional distance theory to inform design// *Distance Education*, 2009 №1(30). P. 5-21.
6. Ee-Lon Lim E.& Khe Foon Hew. Students' perceptions of the usefulness of an E-book with annotative and sharing capabilities as a tool for learning: a case study// *Innovations in Education and Teaching International*. 2014, № 1(51). P. 34-45.
7. *The new Oxford American dictionary* / ed. by Erin McKean. Second edition. Oxford University Press, 2005. – 2051 p.
8. Аникина Ж.С., Агафонова Л.И. Развитие учебной автономии при обучении иностранному языку: к истории вопроса в зарубежной педагогике *Вестник Томского государственного педагогического университета*. 2009. № 4. С. 23-27.
9. Володин А.А. Методика применения технологии подкастинга в обучении : Монография [Текст] / А.А. Володин, А.А. Володин. –Подольск : АНО ВПО «МОГИ», 2013. – 98 с.

Асанова Ұ.О.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры

Абдуова Б.С.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры

## БІЛІМДІ ДҰРЫС БАҒАЛАУ – ТІЛДІ ШЫНАЙЫ МЕНҒЕРТУ КӨРСЕТКІШІ

**Түйін:** Тіл үйренушінің қазақ тілін қаншалықты меңгергендігін бағалау өлшемдері бойынша тексерудің маңызы ерекше. Жоғары оқу орындарында білім алушылардың аудиторияда және одан тыс жерлерде де тілдік құзыреттілігін дамыту тәсілдері жетілдіріліп келеді. Егер мәтін арқылы тілдік тұлғалардың байланысы оқытылып, тілдік қатынастардың барлық түрі үйретілсе, өздік жұмыстар арқылы білім алушы өзінің шығармашылық қалбетін дамытады.

**Кілт сөздер:** тілдік құзыреттілік, бағалау критерийлері, тексеру тәсілдері, балдық жүйе, шынайылық.

**Резюме.** Значение проверки по критериям оценки уровня усвоения казахского языка обучающимся имеет особое значение. Совершенствуются методы развития языковой компетенции студентов высших учебных заведений как в аудитории, так и вне ее. Если посредством текста, развивая связь языковых личностей, применяются все виды речевой деятельности, то самостоятельные работы развивают творческий облик обучающегося.

**Ключевые слова:** языковая компетентность, критерии оценки, методы проверок, балльная система, искренность.

**Summary.** The meaning of checking the level of the Kazakh language learning by the learner has a particular significance. The methods of development of linguistic competence of the university students as in the auditory so as outside of it are improving. By means of text, developing the ties of linguistic personas, all types of speech activities are used, and Students' Individual Work develops the creative image of the learner.

**Key words:** linguistic competence, evaluation criteria, checking methods, point rating system, honesty.

Білім алушылардың оқу жетістігін бақылау және тексеру – кредиттік оқыту жүйесінің негізгі және ажырамас бөлігі. Бақылау кең көлемде оқу процесін тексеру деген мағынаны білдіреді. Бақылау оқыту үдерісінде білім алушылардың оқу әрекетіне басшылық жасау қызметін атқарады, олардың шығармашылық күші мен қабілетінің дамуына ықпал етеді. Білімді бақылаудың негізгі мақсаты – оқу бағдарламасы бекіткен оқу материалын студенттің қандай сапамен меңгергенін анықтау.

ЖОО-да білім алушылардың оқу жетістігін бақылау үшін келесі бақылаудың түрлері қолда-

нылады: ағымдық бақылау, аралық бақылау, қорытынды бақылау. Бұл бақылау түрлері академиялық күнтізбеде бекітілген уақыттарда жүргізіледі.

Ағымдық және аралық бақылаудың формасын пәннің бағытына қарай оқытушы бекітеді. Ағымдық және аралық бақылау коллоквиум, тест, жазбаша бақылау жұмыстары, диспут, дөңгелек үстел, іскерлік ойын, проблемалы мәселелерді шешу түрінде жүргізілуі мүмкін.

Қорытынды бақылау (емтихан) жұмысы оқу курсы аяқталғанда өткізіледі. Қорытынды бағалауда студенттің барлық өтілген тақырыптар негізінде алған білімдері тексеріледі.

Қорытынды бақылау формалары:

- Тестілеу;
- Ауызша емтихан;
- Жазбаша емтихан;
- Дифференциалдық сынақ.

Пән бойынша емтихан аяқталғаннан соң студентке оның оқу жетістігінің көрсеткіші болып табылатын қорытынды баға қойылады. Қорытынды баға рұқсат алу рейтингілік бағасынан және емтихан бағасынан жинақталады. Білімді балдық жүйемен бағалаудың пән бойынша жоғары рейтингі 100 балды құрайды, оның 60%-ы семестрдегі ағымдық үлгерімін бағалауға, 40%-ы – пән бойынша қорытынды бақылауға бөлінеді.

Бағалау – оқытудың құрамдас бөлігі және қорытындылау сатысы. Бағалау – оқу үдерісінің деңгейін, сапасын, дәрежесін белгілеу. Жоғары оқу орындарында білімді бағалау – студенттердің ойлау дағдысының дамуын, олардың оқу материалын қандай дәрежеде меңгергендігін, өз бетімен жұмыс істеу қабілетін анықтайтын маңызды көрсеткіштердің бірі.

Студенттердің білімін бағалаудың маңызды бір бөлігі – білімді бағалаудың балдық жүйесі. Ол сапаны қамтамасыз етудің тетіктерін іске асырып, оқыту нәтижесін бағалауға, оқуға деген ынтызарлықты күшейте отырып білім алушылардың оқуын жеделдете, жетілдіре түсуіне мүмкіндік береді. Балмен бағалау жүйесі студенттің пәнді меңгеру процесіндегі жұмысы мен игеру алдындағы және оны аяқтағаннан кейінгі деңгейін бағалаудың негізгі құралы болып табылады.

Білім беру ұйымдарында білімді бағалаудың балдық жүйесін енгізу студенттерге оқу материалын игеру бойынша жүйелі түрде жұмыс жүргізуге жол ашады. Білімді балдық жүйемен бағалау оқу ісін ұйымдастыру кезінде оқу үрдісінің жүру бары-

сын бақылауды жақсартады, әрбір студенттің жұмысын бағалап, оқу үрдісін ұйымдастыруға жедел түзетулер енгізуге әрі білім алушыларды материалдық жағынан көтермеу мәселелерін анағұрлым ұтымды шешіп отырады.

Оқып білім алушылардың білімін бағалау өлшемдері:

«А», «А-» («өте жақсы») – бұл баға білім алушы бағдарлама материалын толық меңгергенде және қандай да бір қателіктер, олқылықтар жібермегенде, БӨЖ тапсырмаларын уақытылы және дұрыс орындағанда, сол бойынша есеп бергенде, сонымен бірге өзіндік ой-пікірін білдіргенде, коллоквиум және үй тапсырмаларын уақытылы және қатесіз орындағанда, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысқанда, пәнді меңгерген кезде қосымша ғылыми әдебиетті өз бетінше қолданғанда, бағдарлама материалын өз бетінше жүйелей алған кезде қойылады.

«В+», «В», «В-» («жақсы») – бұл баға студент бағдарлама материалын 75% -дан төмен орындамағанда, сонымен бірге жауап беру кезінде өрескел қате жібермегенде, БӨЖ тапсырмаларын уақытылы орындағанда және оларды негізгі ескертулерсіз тапсырғанда, коллоквиумдар мен үй тапсырмаларын негізгі ескертулерсіз дұрыс орындап, уақытылы тапсырғанда, оқытушының нұсқауымен қосымша әдебиеттер пайдаланғанда, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысқанда, негізсіз олқылықтарды немесе студенттің өзі түзеткен негізгі қателерді жібермегенде, оқытушының көмегімен бағдарлама материалын жүйелей алғанда қойылады.

«С+», «С», «С-», «Д+» («қанағаттанарлық») – бұл баға студент бағдарлама материалын 50%-дан төмен игермегенде, БӨЖ тапсырмаларын, үй тапсырмасын орындаған кезде оқытушының көмегіне жүгінгенде, коллоквиум тапсырған кезде олқылықтар мен негізсіз қателерді жібергенде, зерттеу жұмысына белсенді қатыспағанда, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттерімен шектелгенде, материалды жүйелеуде көп қиындықтар кездескенде қойылады.

«F» («қанағаттанарлықсыз») – бұл баға бағдарламада қарастырылған негізгі материалды меңгеруде студент олқылықтар танытқан жағдайда, пән бағдарламасының жартысынан көбін игермегенде, жауап беру кезінде негізгі қателер жібергенде, ағымдық, аралық және қорытынды бақылау түрлерімен қарастырылған жеке тапсырмаларды орындамағанда, бағдарламада қарастырылған барлық негізгі әдебиетпен жұмыс істемегенде қойылады.

Студенттердің білімін бағалауда олардың практикалық сабақтағы белсенділігіне, сабаққа қатысуына, БӨЖ тапсырмасын орындауына, үй тапсырмасын орындауына жеке-жеке балл қойылып отыруы тиіс. Мәселен, студент сабаққа келмесе

– 0%, практикалық сабаққа келіп, жай отырғаны үшін – 20%, ал практикалық сабақта белсенділік танытып, жұмыс жасаса – 20%-дан 100%-ға дейін бағаланады. Аралық бақылау жұмысын орындау кезінде де бұл талаптар ескеріледі. Сондай-ақ емтихан бағасын қою кезінде де оқытушы осы жоғарыда айтылған өлшемдерді басшылыққа алады.

Бағалаудың негізгі өлшемдері ЖОО-да бекітіліп, оқу үдерісінде қолданыста болып келе жатқанына қарамастан, әлі де оқытушылар тарапынан студенттің білімін бағалауда «жомарттық таныту» не тым «қатал боп көріну» жиі кездесіп жатады. Жоғары баға алған студенттің сабақтан тыс уақытта өз ойын жеткізе алмай, не тосыннан қойылған сұрақтарға жауап бере алмай жататындарын көріп жүрміз. Сондай-ақ сабақта мүлде сөйлемейтін студенттің аудиториядан тыс уақытта қазақшасы қамшы салдырмайтынын да байқаймыз. Осындай білім алушыларды дұрыс бағалай білу – оқытушы тарапынан үлкен жауапкершілікті ғана емес, адамгершілік пен кәсібилікті де танытатын амал. Баға білімді есепке алумен қатар тәрбиелік құрал қызметін де атқаратыны белгілі. Сондықтан да білім алушылардың білімін бағалауда немқұрайлылыққа салынуға болмайды.

Студенттердің білім жетістіктерін бүгінгі күннің талабына сай жаңаша бағалау – заман талабы. Бағалаудың жаңа әдісінде студент бағаны қандай критерийлер бойынша алғанын, келесі сабақтарда қандай критерийлерге көңіл бөлу керектігін ұғынады. Бұл жүйеде білім алушының нәтижесімен бірге іс-әрекеті де бағаланады. Одан басқа студенттерді бағалауда оқытушы түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады. Оқу үдерісінде студенттер өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау, топтық бағалауда оқу үдерісінің белсенді қатысушысы бола алады.

Студенттердің білімін бағалауда білімгерлердің өздеріне мүмкіндік беру арқылы оқу процесін тиімді ету оқытушының жұмысын жеңілдетері анық. Өзін-өзі бағалау – өз әрекеттері мен дамуына баға беру, оларды сыни көзқарас тұрғысынан талдау қабілеті, өз тәжірибесін кәсіби қызметпен байланыстыру әрекеттері студентте рефлексия дағдысы қалыптасқандығын көрсетеді. Өзін-өзі бағалау және құрбыларын бағалау студенттерге ойлайтын және оқитын тұлға ретінде өзінің білімін дамытуға, ағымдағы тапсырмаларды түсінуге, оқыту үдерісін жақсартудың жолдарын сезінуге және жетістікке жетуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі бағалау жұмысын кестелер арқылы жүзеге асыру тиімді тәсіл болмақ. Мысалы: студенттің өзін-өзі бағалау кестесі, өзінің пікірталасқа қатысуын бағалау кестесі, топтық жұмыстарды бағалау кестесі, «ойды қорытындылау» тәсілін бағалау кестесі және топ жұмысын бағалау кестесін құру. Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау нақты критерийлерді қажет етеді. Олар:



- не тексерілуге тиіс екенін түсіну;  
- студенттерге өзінің жұмыстарын қайта қарауға мүмкіндік беру;

- студенттерге өздерінің жеке мақсаттарын анықтауға және өз жұмыстарын жақсарту үшін не істеу керектігін анықтауға көмектесу үшін керек. Өзін өзі бағалау өзін өзі реттеуге жетелейді.

Өзара бағалау нәтижесінде студенттердің бағаның дұрыс қойылғанына көздері жетіп, бәсекелестік туады, олар өз деңгейлерінің жоғары болуына талпынады, келесі жолы қате жібермей, жіберген қателерінің дұрыс жауабына айрықша көңіл бөледі, білім алуға ұмтылады. Сондықтан да сабақта бағалаудың әр түрін қолдану жақсы нәтиже бермек. Бағалаудың бірнеше түрлері бар:

- Ғажайып сызғыш әдістемесі арқылы бағалау;
- Жеке жетістіктер парағын толтыру арқылы бағалау;
- Эмоциялық қалыптар кескіндемесі арқылы бағалау;
- Пікірнама жазу арқылы бағалау;
- Оқытудың «Үш өлшемді әдістемелік жүйесіндегі» бағалау (Қараев пен Кобдикованың оқыту технологиясы бойынша бағалау);
- Блум таксономиясы бойынша бағалау;
- Липкинаның «Үш баға» әдістемесіне сәйкестендірілген бағалау;
- Портфолио көмегі арқылы бағалау;
- Жапсырма қағаздар көмегімен бағалау, т.б.

Қазақ тілінен жоғары баға қоюды жақсы көретін оқытушылар білім алушылардың білімін тексеру мақсатында эссе жазу тапсырмасын береді. Студент эссесі – оқытушы ұсынған тақырыпқа өзіндік жазбаша жұмысы (тақырыпты студент ұсына да алады, бірақ міндетті түрде оқытушымен келісілген болуы тиіс). Эссенің мақсаты – өзіндік шығармашылық ойлау және өз ойларын жазбаша мазмұндау дағдысын дамыту. Эссе жазу өте пайдалы, ол авторға ойды айқын және сауатты тұжырымдауға, ақпаратты құрылымдауға, талдаудың негізгі категорияларын пайдалануға, себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуға, түсініктерді сәйкесті мысалдармен безендіруге, өз тұжырымын дәлелдеуге, ғылыми стильді меңгеруге көмектеседі.

Эссенің негізгі мазмұны мынада: қойылған проблеманың мәнін айқын мазмұндау, қағиданы және аналитикалық құрал-сайманды пән шеңберінде қарастырылатын, қолдана отырып, өзі жүргізген талдауын енгізу, қойылған проблема бойынша автордың ұстанымын қорытатын тұжырымдарды кіргізу. Пәннің ерекшелігіне байланысты эссенің нысаны елеулі саралап жіктелуі мүмкін. «Кейбір жағдайларда бұл зерделенетін проблема бойынша статистикалық бар мәліметтерді талдау болуы, жаппай ақпарат құралдарының материалдарын талдау және зерделенетін модельдерді қолдана отырып ұсынылған тапсырманы нақты талқылау, проблеманы бейнелейтін мысалдарды іріктеу және

нақты талдау». Сол секілді көркем мәтіннен де белгілі бір үзіндіні алып, сол бойынша автордың өз бейнесі мен кейіпкер бейнесін танытатын тұстарын талдауға, өз ойын бейнелі жеткізе жазуға ынталандыру қажет. Мысалы, өтіліп жатқан тақырып отбасы, неке, демография туралы болды делік. Қазақ жазушыларының бұл тақырыпта жазылған бір шығармасынан үзінді ала отырып, бірге талқылап, ары қарай студенттің өзіне неге эссе жаздырмасқа? Сонда қазақ тілінен бестік баға алып жүрген студентіңіздің сіз күткен деңгейге қаншалықты лайық екендігін байқай аласыз. Бұлардан басқа, қарапайым тілмен айтқанда сұрақ-жауап тәсілдерін де жиі қолдану қажет. Оны түрлендіруді де ескеріп отырғанымыз абзал.

Студенттердің қазақ тілінде қаншалықты мазмұнды, тартымды сөйлей алатындығын анықтаудың бір тәсілі ретінде бейнефильмдерді көру және талқылау болуы шарт. Тиісті мазмұндағы бейнефильмдерді тек қана қосымша материалдар ретінде емес, сабақтардың және тренингтердің кез-келген түріне оның тақырыбы мен мазмұнына сәйкес пайдалануға болады. Фильмді көрсетер алдында студенттердің алдына бірнеше (3-5) шешуші сұрақтар қою керек. Бұл келесі талқылауға салудың негізі болады. Алдын ала таңдалып алынған кадрлармен фильмді тоқтатып, пікірсайыс өткізуге болады. Соңында студенттермен бірігіп міндетті түрде жиынтығын шығару және қорытындысын жариялау керек.

Қазақ тілін оқытуда үлкен нәтижелерге қол жеткізу үшін олардың өздерін жағдаяттарды талқылау және пікірді жинақтау тәсілдеріне жетелеу керек. Оқытушы сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ролінде болады. Шешім табылған кезде студент өз еңбегінің дұрыс, бұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйренеді. Сондай-ақ білім алушыға өз ойын білдіріп, пікір айтуға мүмкіндік береді. Мысалы, өзіміз сабақта қолданатын жағдаяттық тапсырмадан мысал бере кетейік:

Тапсырма Тірек сөздерді толық қолдана отырып, берілген жағдаятқа диалог құрастырыңыз.

Көлік сатып алғыңыз келеді. Өзіңіз жақсы көретін көлік маркасын, қанша теңге (доллар) көлемінде алғыңыз келетінін автосалон менеджеріне (диллерге, көлік базарындағы сатушыға, т.б.) айтыңыз. Ол сізге сіз таңдаған көліктердің сапасы туралы айтып береді.

Тірек сөздер:

- 1) Жапония көліктерін айтар едім;
- 2) Қазақстанда құрастырылған көліктер;
- 3) Тапсырыс бергеннен кейін 60 күн ішінде жеткізіледі.

Осы тәсілдің өзінен-ақ білім алушының жағдаяттық тапсырмаларға қаншалықты дайын екендігін, шынайы өмірде жиі ұшырасатын тақырыптарға қатысты көзқарасын, жылдам тілдік коммуникацияға түсу дағдысын, сұқбаттасушының сұрақтары

мен жауаптарын тыңдай отырып, әңгімеге араласу қабілетін анықтауға болады. Әрине, сіз әлі де болса қандай баға қою қажеттігін пысықтап алу үшін кері байланыспен тексеріңіз. Ол үшін

«Алма ағашы» әдісін таңдауға болады: Студенттерге сабақ басында екі түсті «алма» беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма (мен бүгін бәрін жақсы орындадым деп ойлаймын: менің көңіл-күйім көтеріңкі, тапсырмаларды орындау барысында қателескен тұстарым аз болды) ілген студент өз дәлелін айтады. Қызыл түсті алма (мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл-күйім жоқ. Тапсырмаларды орындауда сөздік қорым жетіспеді, жылдам коммуникацияға түсе алмадым, сөйлемдерімде қателер жиі кездесті, т.б.) ілген білім алушы өзіне не қиындық келтіргенін айтады, қойылар бағаның шынайы болатынына көз жеткізе алады. Сонымен бірге, сабақты қорытындылауда оқытушы

«Тобықтай түйін» тапсырмасын бере алады. Мұнда білім алушылар өздеріне берілген оншақты сөздің ішінен, өздерінің бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтындай екі-үш сөзді таңдап айтады. Мысалы, олар:

Қызықты болды; Ұнады; Қуаныштымын; Шабыттандым; Түсіндім; Тартымды емес; Қанағаттанбадым; Зеріктім; Немқұрайлылық туғызды; Жаңалық емес; Өзекті емес; Тым ауыр қабылданды; т.б. Бұндай кері байланыстар оқытушы мен студенттердің арасында сенімділік пен өзара ықпалдасу нәтижесін көздеуі керек. Әсіресе жағымсыз пікірде болған студенттің жағдайын түсіндіруіне, олқы кеткен тұстарды табуға, жағдаяттан бірлесе жол табуға ұмтылғанымыз абзал.

Баға студенттің кемшіліктерін табу үшін емес, керісінше оның әрі қарай дамуына ықпал ету үшін қойылады. Баға қою бағалаудан туады және де білім алушы келесі білім алушыға баға қоймайды, тек бағалайды. Сонымен, бағалау жүйесінің негізгі мақсаты білім сапасын арттыру болып табылады. Ал қазіргі заманғы білім сапасы дегеніміз ол білім алушының келешектегі өзінің әртүрлі жеке мәселелерін шешуге керекті, қажетті құзіреттіліктерін қалыптастыратын білім беру нәтижесі болмақ.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер***

1. *Жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің типтік ережесі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР БҒМ 2013.11.04 №445 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)*

2. *Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты 5.03.006-2006.- Астана, 2006.*

3. *Тауипбаева А.Т., Абдихайымова Г.Т. Тұлғаның ақыл-ойын қалыптастырудағы өзін-өзі бағалаудың педагогикалық-психологиялық мүмкіндіктері // Молодой ученый. – 2015. – №7.2. – С. 34-36.*

4. *Құрман Н.Ж. Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы. Монография. – Астана, 2007.*

5. *Красноборова А.А. Критериальное оценивание как технология формирования учебно-познавательной компетентности учащихся // Автореф. ... канд. дисс. Нижний Новгород, 2010. – 140 с.*

Жылқыбай Г.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, ф.ғ.к.,  
Түркістан қ., e-mail: zerek24@mail.ru

## БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ

**Түйін.** Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау ісін қайта қарау, оның мазмұны мен құрылымын өзгертуді ғана талап етпей, сонымен қоса оның бүкіл бағдар бағытын түбегейлі жетілдіруді керек етіп отыр. Білім берудің қазіргі мақсаты – тек білім мен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес әлеуметтік және кәсіби біліктілікке қол жеткізу, студенттің жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына баса мән беру, проблемалық оқытуды жетілдіру, шығармашылық еңбегімен өздігінен ізденіп білім алу, дайын материалды ғана қанағат тұтпай, ақпаратты өзі іздеп табу, ой қорытындысын жасауға үйрету.

**Түйін сөздер:** жоғары оқу орындары, мамандар даярлау, білім беру, кәсіби біліктілік, мазмұн мен құрылым, топтық жұмыс, бағалау жүйесі, өзекті мәселе, өмір талабы.

**Резюме.** Способом организации совместной деятельности обучающихся под руководством преподавателя с целью решить групповые задачи или воздействовать на мнения участников в процессе общения является групповая дискуссия. Темы дискуссий могут непосредственно касаться теоретического материала занятий. Использование данного метода позволяет дать студентам возможность увидеть проблему с разных сторон, уточнить личные точки зрения, выработать общее решение группы, повысить интерес аудитории к обсуждаемой проблеме. Студенты осваивают языковые нормы не только «рядом», но и «вместе», сотрудничая друг с другом. Все без исключения обучающиеся подчеркивают важность взаимодействия, сотрудничества, поскольку считают эти навыки необходимыми в будущей профессиональной деятельности.

**Ключевые слова:** ВУЗ, подготовка кадров, образование, профессиональные навыки, содержание и структура, групповая работа, система оценки, актуальная проблема.

**Summary.** Method of the organization on students joint activities under the teachers' leadership is the urgent problem in education with the purpose of solving group problems or to influence on participants' opinion. Subjects of discussions can be directly concerned teaching theoretical materials. The use of this method allows students to give the chance to see a problem from the different sides, to specify the personal points of view, to develop the common decision of group, to increase interest of audience to discuss the problem. Students can master the language regulations not only "nearby", but also "together", cooperating with each other. All students emphasize the importance of interaction and cooperation as they may consider these skills necessary for future professional activities.

**Keywords:** HIGHER EDUCATION INSTITUTION, training, education, professional skills, content and structure, group work, system of assessment, urgent problem.

XXI ғасырда білім мен ғылым саласында болып жатқан өзгерістер болашақ мамандар даярлауда жоғары мектептің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Осыған орай, бүгінгі әлеуметтік білім беру кеңістігіне сай бейімдеп білім алу, жалпы ғаламдық танымды, ойлауды дамыту, өзінше ғылыми тұжырым жасауға, олардың қажетіне қарай ғылым жетістігін сұрыптауға, студенттің өзінің іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу - көкейкесті мәселе.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру және оның шығармашылық, рухани және тәни күш қуатын жетілдіру, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасау міндеті көзделгенін ескерсек, болашақ мамандарды жаңашылдыққа даярлауымыз керек [2].

Жоғары білім - маманға білім, іскерлік және дағды ғана беріп қоймайды, ол жеке тұлға қалыптастырады. Жоғары мектептегі білім берудің басты мақсаты - алдыңғы қатарлы жастар тәрбиелеу, адамзаттың мәдени және өнегелік деңгейі мен оның ой-өрісін арттыру, жоғары білімді маман иелерін дайындау. Білім саясатының өзекті мәселелері - кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, педагогикалық ғылымдарды ұйымдастыруды қайта құру, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үрдісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру.

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық өзгерістердің ауқымдылығы, күрделілігі білім беру саласына оның ішінде жоғары оқу орындарында білім беру стратегияларына өзгерістер енгізуді талап етеді. Әр түрлі болжамдардың сан алуандығына қарамастан, қазіргі білім беру жүйесін дамыту үрдісінде жаңа оқыту үлгілеріне, мазмұнына, технологияларына, түрлері мен әдістеріне қатысты шығармашылық ізденістердің қарқындылығымен әрі көп түрлілігімен ерекшеленетінін мойындауға болады.

Білім беру саласында оқу-таным әрекетінің сапасын, дәрежесін есепке алу, тексеру және бағалаудың білім, білік, дағдының нәтижесін артты-

рудағы қызметі ерекше. Оның технологиясын әр кезде өмір талабына сай жетілдіріп отыру - оқыту міндеттерінің өзекті мәселелерінің бірі. Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында оқыту үдерісіндегі оқу-таным әрекетінің сапасын анықтайтын рейтингтік түрі өмірге келді. Білім нәтижелерін бағалау жүйесі – студенттердің білімді қаншалықты жетік меңгергенін анықтау механизмі. Қазіргі заманғы бағалау икемді, көп құралды (құрылғылы), түсінікті, психологиялық жайлы, көп құрамды: диагностикалық, суммативті, формативті болып келеді. Білімді бақылау және бағалау ғылыми дәлелденген, тәжірибеде қолданылған принциптер негізінде жүргізіледі: әділдік, жан-жақтылық, жүйелілік, жеке-даралық, дифференциалдық және тәрбиелік. Әділдік, шындық (білім сапасының нақтылығы, баға өлшемі мен ережесі нормасына қатысты) – бұл субъективтік факторларды болдырмауды көздейді.

Оқыту үдерісінде оқытушының бағалауынан бөлек студенттердің өзін-өзі бағалауы мен өзара бағалауы да өте қажет. Өзін-өзі бақылау, олардың оқу бағдарламасы материалы мен игерген іскерлігі және дағдысының беріктігі жайлы ақпарат алуын қамтамасыз етеді. Өзін-өзі тексеру арқылы студенттердің алған білімдеріне деген сенімі артады, орындаған жаттығуы мен жүргізген жұмыстарының нәтижесін бағалайды. Баға – білімді есепке алу ғана емес, тәрбие құралы да. Сондықтан білім нәтижелерін бағалауда немқұрайдылыққа салынуға болмайды. Әрбір жұмыс түрін бағалауда бағалау критерийлерін ұсыну маңызды.

Топтық жұмыс түрлерін бағалауда оқытушылардың жиі қоятын сұрақтары:

- Топтық жұмыс түрлерін қолдану арқылы білімгерлердің оқу жетістіктерін қалай бағалауға болады?

- Топтық жұмыс түрлерін бағалауда формативті бағалауға нені жатқызуға болады?

Оқытудың топтық түрін қолдануда жұмыс соңында алынған өнім ғана маңызды емес, сондай-ақ оның қалай алынғаны, жасалғаны да маңызды. Бұл – бағалауға жұмыс нәтижесі ғана емес, үдерістің өзінің де қатысты екендігін білдіреді, өйткені топпен жұмыс жасай білу – білімгерде қалыптастырылуы, оның қалыптасуы үшін жағдай

жасалуы тиіс маңызды құзырет. Мұндай жағдайда формативті бағалау оқыту үдерісінің бөлігіне айналады, өйткені топтық жұмыс талқылау, сұрақ қою, кері байланыс орнатуға құрылады. Топтық жұмысты бағалаудың міндетті түрде баға қоюмен шектелмейтіндігін оқытушының есте сақтағаны маңызды.

Топтық жұмысын бірнеше бағытта бағалауға болады:

- Оқытушының әр топтың қызметін бағалауы;

- Оқытушының кейбір білімгерлердің қызметін бағалауы;

- Өзіндік бағалау (өзара бағалау, оқытушы мен білімгерлердің топ жұмысын бірге бағалауы).

Топтық жұмысты ұйымдастыру үшін оқытушының білімгерлерге басынан бастап түсіндіріп қоюы тиіс бірқатар шарттың орындалуы талап етіледі:

- Топтық жұмыс мақсатының өтіліп отырған тақырыптың оқыту мақсатына сәйкестігін хабарлау.

- Тапсырманы бағалау критерийлерін анықтау (топтағы жұмыс үдерісін бағалау және топ жұмысының нәтижесін бағалау).

- Бағалауды кім жүзеге асыратынын хабарлау (оқытушының өзі; білімгерлермен бірге; тек білімгерлер; арнайы қазылар алқасы).

- Топ жұмысын тапсырудың түрі мен мерзімін анықтау.

- Бағалау ұстанымдары туралы хабарлау: Топ жұмысына қосқан жеке үлесінің міндетті бағалануы; Топ жұмысын тұтастай бағалау.

Егер оқытушы топ жұмысына баға қоюды жоспарласа, топ мүшелеріне әр түрлі баға қоймағаны жөн, өйткені ол – топтық жұмыстың концепциясына қайшы келеді. Бірдей баға қойған жағдайда да оқытушы топтың жақсы жұмысын мадақтап, топтық жұмысқа онша қатыспай отырғандарды талқылауы керек. Бұл – әсіресе, топ мүшелерінің әрқайсысының жауапкершіліктері нақты белгіленген жағдайда қолайлы.

Оқытушы бақылау түрлерін белгілеп, білімгерлермен бірлесіп отырып «Топ жұмысын бағалау критерийлерін» талқылап және бекітіп алады да, семестр бойы топ жұмысын бағалауда қолданып отырады (1-кесте).

1-кесте. Топ жұмысын бағалау					
Топ №	Топтағы ынтымақтастық (міндеттердің бөлінуі мен орындалуы)	Тәртіп(басқа топтарға кедергі жасамау, тапсырмадан тыс қалмау, шуламау)	Тақырыпты, тапсырманы, материалды ашу	Өзге топ презентацияларын тыңдай алуы, сұрақ қоюы, толықтыруы	Жалпы балл
	30	10	30	30	100
I					
II					
III					

Топ жұмысын белгіленген талаптар деңгейінде әділ бағалау топтың белсенділігін, өздеріне деген сенімін арттырады. Осылайша өзара бірін-бірі бағалауға, өзін-өзі бағалау түрлеріне де қол жеткізуге болады.

Топтық жұмыс түрінде оқытушы әр білімгерді жеке бағалағысы келсе, жұмыс топ болып жүргізілгенімен, сол топтық жұмысқа әр білімгердің қатысуын анықтайтын бағалау критерийлерін жасап алу керек. Оқытушы сабақ басталмас бұрын кімдерді жеке бағалағысы келетінін белгілеп алады (2-4 білімгер).

Кейбір білімгерлердің қызметі мен оқу нәтижелерін бағалауда оқытушы өзара бағалау түрін де қолдануына болады. Ол үшін оқытушы олардың топтық жұмыс жасау барысындағы қосқан үлестерін бағалау қажеттігін ескертеді. Ол үшін бағалау критерийлерін нақтылап белгілеп алу маңызды (2-кесте).

Оқытудың топтық жұмыс түрін қолдану барысындағы қорытынды бағада білімгерлердің жеке оқу жетістіктерінің көрініс табатынын оқытушының ең әуелі түсіндіріп қойғаны жөн.

2-кесте. Білімгердің топтық жұмысқа қосқан үлесін бағалау критерийлері

	1.Ақмарал	2.Мақпал	3.Оспан	4.Ару
Міндеттерді бөліседі және орындайды				
Ұсыныс айтады				
Талқылауға белсенді қатысады				
Топ мүшелеріне көмектеседі				
Ықыласпен тыңдайды				
Өз пікірін дәлелдей алады				
Жалпы балл				

Білімгерді бағалау үдерісіне қатыстыру жағдайы білімгерге өзін оқытушымен тең дәрежеде сезінуіне, соған сәйкес өзінің білім алуына деген жауапкершілікті сезінуіне ықпал етеді. Оқытудың топтық жұмыс түрінде өзін-өзі бағалаудың да өзіндік орны бар. Кейбір жағдайларда білімгерге өзін-өзі бағалауға да мүмкіндік берген жөн. Ол үшін топтық жұмыс аяқталғаннан кейін білімгерге өзін-өзі бағалау формасын өзіндік толтыру қолданылады (3-кесте).

3-кесте. Өзін-өзі бағалау және білімгерді оқытушының бағалауы

Білімгердің аты-жөні, тобы	Мүмкін болатын балл	Алынған балл	
		Өзінің бағасы	Оқытушы бағасы
Топтағы өз міндеттерін толық, уақытында, сапалы орындады			
Берілген оқу тапсырмаларын негізге ала отырып топта жұмыс атқарды			
Түркістан қ., Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Өнер факультетінің «Орындаушылық өнер» кафедрасы

## САЛТ-ДӘСТҮР ЖЫРЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. Еліміздің болашағы, көркейіп өркеніетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Заманауи педагогикалық теория елеулі өзгерістерге еніп, білім беру мазмұны жақсарып, жаңа көзқарастар пайда болуы мен білім беру құрылымында жаңа технологиялар өмірге келуде. Музыкалық тәрбиені, шығармашылық жұмысты өмірмен байланыстыру, музыкалық өнерге деген қызығушылығын арттыру, оның тәрбиелеудегі әсерін күшейту сияқты қажетті міндеттерді жүзеге асыруда музыка мұғалімі өз пәнін жақсы меңгеріп және әрдайым жеке тұлғалы оқушыға көңіл бөлуін талап етеді. Оқушы-ол тыңдаушы, орындаушы екендігін есте сақтау керек. Оның білгендігі мен тәжірибесі мұғалімге қарағанда аз бола тұрса да, музыкаға деген өзінің қатынасын білдіре алады. Заманауи педагогикалық теория елеулі өзгерістерге еніп, білім беру мазмұны жақсарып, жаңа көзқарастар пайда болуы мен білім беру құрылымында жаңа технологиялар өмірге келуде.

Кілтті сөздер: галерея, көркемөнерпаз, екпін, динамикалық күш, штрих, комплект, категория.

Резюме. Будущее нашей страны, его вхождение в ряд цивилизованных стран отражается в наших сегодняшних поколениях. Осуществление таких необходимых задач преподавателя музыки, как связывание музыкального воспитания и творческой работы с жизнью, повышение интереса к музыкальному искусству, повышение его влияния на воспитание требует хорошего освоения своего предмета, обязывает уделять большого внимания к обучающимся студентам, как к индивидуальным личностям. Надо помнить что студент – это слушатель и исполнитель. Хотя он много чего не знает, у него мало опыта, чем у преподавателя, но он может показать свое отношение к музыке через музыку. Значительное изменение современной педагогической теории, улучшение содержания образования, новые взгляды способствуют появлению новых технологий в структуре музыкально-образовательного процесса.

Ключевые слова: галерея, любитель, акцент, динамическая сила, штрих, комплект, категория.

Summary: The future of our country, its occurrence in row of civilized countries is reflected in our today's generations. Implementation of such necessary aims of the music-master as binding of musical education and creative work with life, increase of interest in musical art, increase of its influence on education demands good development of the subject, obliges to give great attention to the trained students, as to individual persons. It is necessary to remember that the student is listener and performer. Though he doesn't know a lot of things, he has not enough experience, than at the teacher, but he can show the attitude to music through music. Considerable change of the modern pedagogical theory, improvement of education content, new views promote emergence of new technologies in structure of musical and educational process.

Keywords: gallery, fan, accent, dynamic force, stroke, set, category.

Қазақ халқына алғырлық пен батылдықты, қайырымдылық пен кішіпейілділікті, ашық-жарқын көңіл мен кеңпейілділікті, қонақжайлық пен дархандықты қасиеттер тән. Өз жері мен Отанына, туған еліне деген шексіз сүйіспеншілігі, мал шаруашылығына икемділігі, меймандостығы, өмірдің қиындығына, әділетсіз істерге төзімділігі, сөз өнерін ардақтауы, шешендік қабілеті, еңбексүйгіштігі мен шыншылдығы жалпы ұлтқа тән қасиеттер.

Қазақ халқы мінез-құлықты қалыптастыруда арзан күлкіге, арсыздыққа жол бермеген. Ол ұрпағын жігерлі, өжет, қайсар, ойлы, өткір тілді, арлы, иман жүзді, адал, зерделі, парасатты азамат етіп тәрбиелеген.

Әр заманда ғұмыр кешкен қазақ ғұламалары адамзат бойында кездесетін мінез кемшіліктерін «мінездегі міндер» деп, былай саралаған:

- ұятсыздық пен арсыздық;
- ақымақтық пен ақылсыздық;
- екіжүзділік пен жарамсақтық;
- өсекшілік пен суайттық;
- күншілдік пен іштарлық;
- мақтаншақтық пен тәкапарлық;
- өзімшілдік пен өркөкіректік;
- еріншектік пен жалқаулық;
- сараңдық пен пайдакүнемдік;
- даңғойлық пен дойырлық;
- салғырттық пен салдыр-салақтық;
- маскүнемдік пен нашақорлық.

Жаман мінез - рухани кесел [51]. Бұл кеселді жою үшін түбіріне балта шабу керек. «Баланы жастан» деген мақал бар, оның түпкі мәні, адам бойындағы жағымды мінез-құлық, жақсы қасиеттер бала кезден бастап қалыптасады дегенге саяды.

М.Әуезов «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген ұлағатты сөзі арқылы ұрпақ тәрбиесі бесіктен басталатынын, ұзақ, үздіксіз үрдіс екенін ескерткен. Өзгермейтін, түзелмейтін мінез болмайды. Әр адам өз мінезіне өзі жауапты. Ұлы Абай: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген екен.

Күндер, жылдар зымырап өтіп жатыр. Бірақ, мінездегі келеңсіз көріністердің азаятын түрі жоқ. Әрине, мұның әр түрлі себеп-салдары да бар. Қазіргі қоғамда жас ұрпақ бойында кездесетін «мінездерді» атап айтсақ:

а) ақпарат құралдары мен теледидар тасқыны шапшаң қарқынмен дамыған мына заманда ұрлық, бұзақылық, шабуыл жасау, зорлық-зомбылық, тонау, зорлау сияқты жексұрындық іс-әрекеттерге еліктеген жастар осы іс-әрекеттерді өздері қайталап, небір қылмыс түрлерін жасауда (акша бермегені үшін ата-анасын бөлшектеп өлтіруге дейін баруда);

ә) компьютерлік «қатыгездік» ойындар балалар мен жасөспірімдер психологиясына үлкен әсер етіп, өзгертуде;

б) қала көшелерінде темекі, арақ жарнамалары өтс көп. Темекі, арақ, нашаға уланған әлсіз, жігерсіз, жасық, дәрменсіз, арсыз, даңғой, мақтаншақ жастар қатары көбеюде.

в) өз тіліне менсінбей қарап, өзге тілде шүлдірлеген мәңгүрт жастар, өзін заман ағымына сай азамат пен азаматшамыз деп сезінуде.

Осындай жастардан өз ұлтының жоғын жоқтап, халқының қамын ойлайтын азаматтар қайдан шықсын.

Қазіргі таңда қылмыскерлердің басым көпшілігі жастар. Оған кінәлі кім? «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандастарының бәрі виноват» деген ұлы Абай. Олай болса, жастар мінезіндегі кемшіліктерге әсер етуші факторлар:

-әлеуметтік-экономикалық жағдай (жұмыссыздық);

-қоғамдағы орта;

-отбасындағы психологиялық ахуал.

Әрбір қазақ баласы «мінездегі міндерді» бойына дарытпауына, олардан аулақ жүруіне әбден болады.

Әркімнің өз биігі бар шығатып,

Әркімнің өз білігі бар ұғатыи.

Әркімнің өз кемшілігі бар әсте,

Көкейінде жасырынып тұратын -

деп, Т.Молдағалисв жырлағандай, адам әрқашан өз бойындағы кемшілігін түзетіп, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, «болмасаң да ұқсап бақ, бір жақсыны көрсеңіз» дегендей өзін-өзі тәрбиелеуі қажет.

Ақиық ақын М.Мақатаев «мінездің міндерін» өрелі оймен өткір сынаған. «Әттең, әттең...» өлеңінде:

Қайтейін мінезінді жарқылдаған,

Жақсылық бір өзіңнен артылмаған.

Несіне көзді көріп көлгірейсің,

Жігітім белгілі ғой артың маған!

Әлділерді көргенде қалтылдаған,

Әлсіздерді сескентіп, жалтылдаған.

Жиіркенішті осы бір салтың маған,

Ыза кернеп бойымда қан тулаған! -деп, адам бойындағы мінез құбылысын, жаны ауырып, қаны тулап, қабырғасы қайысып жырлаған [27, 123].

Ақын, қоғам қайраткері Фариза Оңғарсынова: «Уақыт адам мінезін жасаса, адамдар қарым-қаты-

насы уақыт, заман бейнесін сомдайды. Екі тумақ та, екі өлмекте жоқ. Өмір адамға бірақ рет беріледі. Ендеше сол бір келер өмірді өкінбей, ешкімге жалтақтамай өткізгенге не жетсін?! Жалтақтамай ғұмыр кешу мінездің ғана шаруасы емес, арға да байланысты. Ешкімнің ала жібін аттамағандардың ғана ары таза. Ал ары таза адамның сөзі де таза, тура. Менің ойымша заманның бір ерекшелігі -осындай адамшылық қасиеттердің сынға тусуі. Бұл біз үшін ауадай қажет нәрсе. Себебі, сынға жеке басымыз ғана түсіп отырған жоқ, сынға ұлттық намысымыз, халықтық қалпымыз түсіп отыр. Сол үшін көлеңкелі жерде қалтырап, күнгеілі жерде жалтыраудың түкке керегі жоқ» деп, мінез, ар, яғни адамдық қасиеттерге өрелі оймен сындарлы баға берген [51].

Ұлы Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деген [52, 114]. Адамзат баласының бойында кездесетін мінездің артықшылығын ұлылар «мінездің озықтығы» деп, оның түрлерін былай саралаған:

-алғырлық мен тапқырлық;

-қайсарлық пен қайраттылық;

-өжеттік пен жігерлілік;

-батылдық пен намысқойлық;

-адалдық пен шыншылдық;

-имандылық пен арлылық;

-табандылық пен байсалдылық,;

-сабырлылық пен ұстамдылық;

-парасаттылық пен ізеттілік;

-дархандық пен жомарттық;

-кішіпейілділік пен кеңпейілділік;

-мейірімділік пен қайырымдылық;

-әдептілік пен сыпайылық;

-еңбекқорлық пен елгезектік [53,81].

Міне, осы қасиеттер адамды өзгелерден ерекшелендіріп, биіктетіп көрсетеді.

Ұрпақ тәрбиесімен шұғылданып отырған ата-ана мен ұстаздар қауымының адам мінезін қалыптастыруда атқарар міндеті, көтеретін жүгі, жауапкершілігі өте зор. «Адамның адамшылығы, ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, ұстаздан болады» дегенді де данышпан Абай айтқан. Ақыл, мінез нышаны-ата-анадан. Сондықтан да халық «тегіне тартқан» дейді.

Қазақ халқының ұлттық менталитеті сақталған заманда «тектілік» ұғымы айрықша орын алған. Ең бастысы, халық қазақты дұрыс жолға салар «тектілікті» ту етті. «Шыққан тегі жаман болса, өз қылығын танытар» деген Ж. Баласағұни.

XV ғасырда өмір сүрген Шалкиіз жырау мынадай өрелі ой айтқан:

Айырдан (Түйе) туған жампоз бар,

Жүгін нарға салғысыз.

Арғымақтан туған будан бар,

Күнінде көрінім жерді алғысыз,

Жаманнан туған жақсы бар

Адам айтса нанғысыз,

Жақсыдан туған жаман бар  
Күндердің күні болғанда,  
Бір аяқ асқа алғысыз [54, 174].

Ақыл, мінез баламен бірге туғанмен, жүре жетіледі. Дәннің өсіп-өнуі топырағына, күтіміне байланысты болатыны сияқты, бала ақыл-есінің, мінезінің қалыптасуы да ортасына байланысты. Соны байқағаа халық «Ұлың өссе - ұлы үлгілімен ақылдас бол», «Қарағайға қарап тал өссін, қатарына қарап бала өссін» деп, ұлағатты ой айтқан.

Отбасынан алған тәрбиенің жақсылығы мен жамандығы өмір бойы көрінеді.

Бала ата-ана, балабақша тәрбиесінен кейін мектепке келеді. Мектепке бір ұяң, бірі ерке, бірі сотқар, енді бірі қайсар, әр түрлі отбасында тәрбиеленген бала келеді. Ұстаздар қауымы оқушы мінез-кұлқын қалыптастыру үшін, ең алдымен, баланың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін анықтап алуы керек. Оның өзінше жолдары бар. Мәселен, ол үшін:

- сауалдама жүргізу;
- өзіңді таны (тестілеу);
- диагностикалық зерттеу;
- отбасы жағдайын білу

т.б. әдіс-тәсілдер қолдану арқылы баланың:

- мінез-кұлқының жақсы жақтарын, бейімін, қызығуын;
- мінез-кұлқының кемшіліктерін, осал жақтарын білу керек.

Оқушы мінезіндегі жағымды, жағымсыз жақтарын қатар қойып, жағымды жақтарын мадақтап, жағымсыз жақтарын ескерте отырып тәрбиелегенде істің оңға басары сөзсіз.

Сонымен бүгінгі таңда жастар мінездегі келеңсіз көріністердің себептері мен түрлері- ақпарат құралдары мен теледидар тасқыны шапшаң қарқынмен дамыған мына заманда ұрлық, бұзақылық, шабуыл жасау, зорлық-зомбылық, тонау, зорлау т.б.

Және де компьютерлік «қатыгездік» ойындар балалар мен жасөспірімдер психологиясына үлкен әсер етіп, өзгертуде. Қала көшелерінде темекі, арақ жарнамалары өте көп болуының нәтижесінде темекі, арақ, нашаға уланған әлсіз, жігерсіз, жасық, дәрменсіз, арсыз, даңғой, мақтаншақ жастар қатары көбеюде.

Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерінің, ойындарының тәрбиелік мәнінің бар екеніне ешкім күмәнданбайды. Біздің айтайық деп отырғанымыз сол ұлттық дәстүрлер мен ойындары жаңа өмірге байланысты қолдана біліп, ескі мен жаңаның ара қашықтығын айқындау, шамасы келгенше мектеп қабырғасында қолданып, ұлттық мінезді дамытып қалыптастыру.

Салт-дәстүрдің, ойындардың ұлттық, таптық, тарихи, жалпы адам баласына тән ерекшеліктер бар. Салт-дәстүрлер, ойындар жалпы ортақ дүние бола тура, оның тек ұлтқа, ұлттық мінезге тән жер-

лері де бар. Ол ұлт қасиетін қалыптастырады. Ұлттық ойын, салт-дәстүрді қабылдау ұлттық сезімге байланысты, ол ұлттықтың белгісі. Түркі халықтары, соның ішінде қазақтың салт-дәстүрлерінің көптеген түрлері арқылы балаға білім, тәрбие берген, ұлттық мінез қалыптастырған. Ол тұрмысқа, мәдениетке, кәсіпке, отбасылық жағдайға байланысты жүргізілген. Салт-дәстүр-ойын-бұл ұлттық белгі. Ол сезім арқылы балаға беріліп, мінезін дамытып қалыптастырады.

Қазақ ұлтының салт-дәстүрлік ойындарының түрлері бала тәрбиесіне, тұрмыстық өмірге, отбасылыққа, ата кәсіпке, ағайынгершілікке, ойын-сауыққа, мәдениетке байланысты т.б. болып бөлініп кете береді. Аталған салт-дәстүрлер: өлең-жыр, шешендік сөз, мақал-мәтел, аңыз-ертегі, соған байланысты ұлттық ойындар, отбасылық іс-шаралар арқылы берілген.

Мәселен, бала тәрбиесіне байланысты салт – дәстүр тал бесіктен жер бесікке дейін адам өміріне, оның тәрбиесіне арналған.

Осы ойдың ғылыми анықтамасы: «Қазақ халқының ұлттық тәлім-тәрбие ана құрсағынан басталып, адамды бүкіл өмір бойы және оны о дүниеге шығарып салумен аяқталатын әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, қарым-қатынастар ойын арқылы жүзеге асырылған» [12, 24].

Қазақ салт-дәстүр, ойындар арқылы баланы ағайынгершілікке, азаматтыққа, еңбекқорлыққа, Отанын, елін сүйуге баулыған, осылайша қазақи мінезді қалыптастырып дамытқан.

Жастар мінездегі келеңсіз көріністер бұрында да болған.

Бірақ кеңестік заманға дейінгі кезеңде жастар арасындағы келеңсіз көріністер ұлттық мінезден алшақтамаған.

Қазақтардың ұлттық мінезден алшақтағаны кеңестік кезеңнен басталды. Оның себебі кешегі кеңестік ұлтсыздық саясаты әсер болды. Кеңес заманында «Ұлт» деген ұғымды сөздіктен шығаып тастауға дейін барды. Ал бүгінде біздің жастар, соның ішінде бастауыш сынып оқушылары түрлі ақпарат құралдары мен теледидар тасқыны шапшаң қарқынмен дамыған заманда ұрлық, бұзақылық, шабуыл жасау, зорлық-зомбылық, тонау, зорлау т.б. көріп өсіп, ұлттық мінезден ауытқуда.

Және де компьютерлік «қатыгездік» ойындар балалар мен жасөспірімдер психологиясына үлкен әсер етіп, өзгертуде. Қала көшелерінде темекі, арақ жарнамалары өте көп. Темекі, арақ, нашаға уланған әлсіз, жігерсіз, жасық, дәрменсіз, арсыз, даңғой, мақтаншақ жастар қатары көбеюде. Батыстың жағымсыз мәдениетіне еліктеп жастар қазақи мінезден айырылуда.

Сондықтан да бүгінгі таңда қазақтың ұлттық тәрбиесін жандандырудағы міндеттер: бесіктегі, балабақша, бастауыш мектеп жасындағы баладан бастап ұлттық салт-дәстүрлік ойындар арқылы

қазақтың ұлттық мінезін дамытып қалыптастыру, жоғалтып алмау.

Ұлттық салт-дәстүрлердің тынысы кең, оларды түрлі тәрбие салаларында, соның ішінде қазақи ұлттық мінезді қалыптастыру үшін қолдануға болады. Ол бесік жырынан басталып, «тұсау кесу», «сүндетке отырғызу», «ақ сүйек», сонымен қатар батырлар жыры т.б. Өз халқын шапқыншылықтан қорғауда ерлігі аңыз болған, өлең-жырға қосылған батыр, ақын, шешен, еңбекқор бабаларымыз қазақтың дала педагогикасының бір саласы ұлттық ойын, салт-дәстүрлерден нәр алып өскен. Соларды паш ету арқылы ұлттық намысты оятып, ұлттық мінезді қалыптастырып дамыту қажет.

Қазақтың салт-дәстүрлерге байланысты ұлттық ойындары арқылы балаларға, жастарға тәлім-тәрбие беруге болатынын дипломдық жұмыста дәлелдеуге бақтық.

«Бесік жыры», «Тұсау кесер», «Беташар» жырларының өзі жастарға үлгі-өнеге береді. Бұл тек қазақ халқына тән. Мүмкін бұлардың кейбіреулерін мектеп қабырғасында қолдануға болмайтын да шығар, бірақ олардың тәрбиелік мәні барына ешкім күмән келтірмейді. Бұл қазақтың қазақ екенін білдіретін жырлар, ұлттық мінез, ұлттық белгі.

Бүгінде Қазақ халқы Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастауымен өзінің ұлттық салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын тірілтіп, оған жаңа мән беріп, ұлттық тәрбие құралы ретінде пайдалануда. Бұрынғы аты аталмаған ұлттық немесе этнопедагогика жанданып, педагогикалық оқу орындарында классикалық педагогикамен қатар жүргізілуде.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен кешегі өткен жылғы қыстық Азияда олимпиадасын ұйымдастырып өткізуі ұлттық намысты қолдан бермеудің бір белгісі.

Қазір Қазақстан мектептерінде Ахмет Байтұрсынұлының, Ж. Аймауытовтың, М.Жұмабаевтың еңбектері оқылып, «Атамекен», «Каусар бұлақ», «Елім ай» атты тәрбие бағдарламалары қолданылып жүр.

Қысқасы қазақтың ұлттық ойындары, салт-дәстүрлері, қазақтың ана тілі жанданып, болашақ ұрпаққа ұлттық мінезді қалыптастырып дамытуына ықпал етуде. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев 2011 жылғы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» деген қазақстан халқына жолдауында «2020 жылы 90 пайыз қазақстандықтар қазақ тілін меңгереді» деген. Бұл дегеніміз ұлттық саясат жаңа мәнмен өмірде өз орынын алуда, басқа ұлт өкілдері қа-

зақтың салт-дәстүр, тілін, ділін үйренуде. Басқа ұлт өкілдері осындай бетбұрыс жасаған заманда, қазақ азаматтары ұлттық мінезін қалыптастырып дамытып, басқа ұлт өкілдеріне үлгі болады. Бұл болашақ қазақ ұлтының өмірде өркениетті елдердің орасынан өз орнын табады деген сөз.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. *Халық педагогикасы негіздеріндегі ұлт денсаулығы және ұрпақ тәрбиесінің психофизиологиялық жаңа көзқарастары. Жинақ. «Қазақстан-2030» стратегиясы тұрғысынан. Атырау. 2008*

2. *Аймауытов Ж. Психология Алматы «Ана тілі» 1992*

3. *Жұмабаев М. Педагогика Алматы «Ана тілі» 1992*

4. *Тәжібаев Т. Жалпы психология Алматы «Қазақ университеті» 1993*

5. *Жарықбаев Қ. Жалпы психология Алматы «Рауан» 2008*

6. *Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы. «Рауан» 2008*

7. *Бөлеев Қ., Оразова Ә. Педагогикалық мерзімді баспасөз және оқушыларға ұлттық тәрбие беру Алматы «Нұрлы әлем» 2008*

8. *Батырханова Р. «Тәртіп-тәрбиенің түпқазығы» Г. «Егемен Қазақстан». 09.02. 2007*

9. *Ахметов Ә. «Ұрпақ тәрбиесі-ұстаз қолында» Г. Егемен Қазақстан. 21. 05.2008*

10. *Аманова С. Ж. Тәрбие құралы №3 2008*

11. *Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Астана. Еуразия университеті 1998*

12. *Асарбаев А. Қазақтың ұлттық ойындарын бастауыш мектеп тәрбие жұмыстарында пайдалану. Алматы.»Мерей» 2007*

13. *Бекбатчаев Т. Применение традиционных казахских народных игр в системе физического воспитания в школе. Алматы. «Спорт Академиясы» 2009*

14. *Сағындықов Е. Ұлттық ойындарды тәрбие жұмыстарында пайдалану. Алматы «Рауан». 2007*

15. *Арманова Сәтен. Мінез ерекшеліктері Ж.Тәрбие құралы №3 2009*

16. *Өміртаева Р. Отбасы-алтын діңгек Ж. Бастауыш мектеп №9 2008*

## ҚР ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІН ТАЛДАУ

**Түйін.** Мақалада ҚР әлеуметтік педагогтарды даярлау жүйесі қарастырылады. ҚР Мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты негізінде «5B012300-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі таңу» мамандығының біліктілік сипаттамасы, білім берудің негізгі мақсаты, болашақ әлеуметтік педагогтың құзыреттілігіне қойылатын негізгі талаптар, сонымен қатар білім беру бағдарламасының мазмұны талданады.

**Кілттік сөздер:** әлеуметтік педагог, білім беру мазмұны, жеке білім беру траекториясы.

**Резюме.** В статье рассматривается система подготовки социальных педагогов в РК. А также автор анализирует квалификационное описание специальности «5B012300-Социальная педагогика и самопознание», цель образования, основные требования к компетентности будущих социальных педагогов, а также содержание образования на основе Государственного общеобразовательного стандарта РК.

**Ключевое слово:** социальный педагог, содержание образования, индивидуальная образовательная траектория.

**Summary.** The article considered the system of training of social educators in the Republic of Kazakhstan. Also, the author analyzes the qualification description of the specialty «5B012300-Social pedagogy and self-knowledge», the purpose of education, the basic requirements for the competence of future social educators, as well as the content of education on the basis of the State Compulsory Educational Standard of the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** social pedagogic, educational content, individual educational trajectory.

XXI ғасырда Қазақстан өзіндік ұлттық білім беру жүйесін, білім беру үлгісін және білім беру сапасын қамтамасыз ететін заманауи үрдістерді ескере отырып, болашақтағы даму мүмкіндіктерін анықтау жолында. Тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстанның Лиссабон декларациясына қол қоюы, Болон үдерісіне қатысуы және т.б. әлемдік білім беру кеңістігіндегі орнын айқындайды. Бұл білім беру аймағындағы сапа мен технологиялық жетістіктерді анықтайтын республиканың әлеуметтік-мәдени қызығушылықтары мен білім берудің жаһандық үрдістерін ескере отырып, білім беру жүйесін қарқынды дамытуды талап етеді. Соған сәйкес білім беру мазмұнын жетілдіру мен білім беру жүйесі үшін кәсіби әлеуметтік-педагогикалық мамандарды даярлау сапасын арттыру өзекті мәселе болып отыр.

Жоғары оқу орындарда әлеуметтік педагогтарды даярлау – болашақ педагогтарға, яғни маманның кәсіби құзыреттіліне қойылатын талаптарға сәйкес кәсіби әрекеттерді орындауға мүмкіндік беретін арнайы білім, білік, дағдыларды меңгеруі, әлеуметтік ойлау, әлеуметтік сана, әлеуметтік мінез-құлықтар-

дың қалыптасу үдерісі болып табылады. ЖОО-да оқыту – болашақ әлеуметтік педагогтарды кәсіби әрекетке даярлығын қалыптастырудағы негізгі және мақсатқа бағытталған үдеріс болып табылады. Сондай-ақ, болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығы оның кәсіби идеалға жетудегі жолдарының бірі екенін ескерсек, студенттердің оқу және шығармашылық әрекеті және педагогикалық тәжірибенің ұйымдастырылу деңгейінен болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби идеалының қалыптасуына тәуелді [1].

Әлеуметтік педагог – тұлға дамуына және оның қалыптасуына қолдау көсететін, сондай-ақ әр түрлі деңгейдегі әлеуметтік мәселелерді шешуге қабілетті педагогикалық мамандық. Әлеуметтік педагогика саласында елеулі еңбек жазған ғалым А.В. Мудриктің пікіріне сүйенсек, «...әлеуметтік педагогика» адамның өмір бойына қатар жүретін әлеуметтік тәрбиені зерттейді. Адам өміріндегі әлеуметтік тәрбиенің алатын орны мен рөлі, даму мен әлеуметтену секілді үдерістермен салыстыра отырып анықтауға болады.

Білім беру аймағындағы әлеуметтік педагогтардың қызмет аясы әртүрлі типтегі білім беру мекемелеріндегі спорттық-сауықтыру іс-әрекеттері мен мәдени бос уақытты ұйымдастыру, балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу мен оңалту қызметін, құқық қорғау, әкімшілік-аймақтық органдармен, қоғамдық ұйымдармен, қорлармен және коммерциялық құрылымдармен байланысын қамтиды.

Әлеуметтік педагогтың іс-әрекеті бала мәселесін шешуге, сонымен қатар балаға көмек көрсетуде әр түрлі мекемелердің қызметтерін үйлестірумен байланысты; қарым-қатынас барысында делдал қызметін, тәрбиеленуші мен ересектер арасында үшінші жақты ұстанды, оларға кеңес береді, көмектеседі, өзара түсінісетін қатынас орнатады; баланың нышандары мен қабілеттерін, оның қызығушылықтарын, өмір сүру жағдайларын, қоршаған ортасының климатын, оның жағымды және жағымсыз қасиеттерін, отбасыдағы, мектептегі, ауладағы жағдайды, оның физикалық және психикалық денсаулығын зерттейді [2]. Отандық ғалымдар Г.Ж. Меңлібекова, Ш.Ж. Колумбаева, Л.М. Нарикбаева, Р.И. Бурганова, М.Т. Баймұқанова және т.б. еңбектеріне сүйенсек әлеуметтік педагогтарды даярлау әлеуметтік қорғау және халықпен жұмыс жүйесінің қалыптасуымен қатар жүреді.

Қазақстанда «әлеуметтік педагог» мамандығы алғаш рет мемлекеттік құжаттарда 1991 жылы ресми түрде тіркелді. 1991 жылдың қыркүйегін-

де Қазақстанның үш педагогикалық жоғары оқу орындары – Целининград педагогикалық институты (қазіргі Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті), Қарағанды және Қызылорда педагогикалық институттары (қазіргі университеттер) базасында әлеуметтік қызметкерлер – педагогтар даярлана бастады. 2009 жылы «Бөбек» ҰҒТБСО-н ұсынысы бойынша бакалавриат, магистратура және докторантура мамандықтарының классификаторына жаңа «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы енді. Еліміздің университеттерінде аталмыш мамандық бойынша алғаш рет 2010 жылдан бастап мамандар даярлана бастады.

Қазіргі таңда еліміздің бірқатар таңдаулы университеттерінде, атап айтсақ: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде; Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде; Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтында; Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында; Тараз мемлекеттік педагогикалық институтында; А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінде; Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде; С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде; М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде; Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында; М. Өтемісіев атындағы Батыс Қазақстан университетінде; Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде «5B012300-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша мамандар оқытылады.

Өзіміз көріп отырғандай бұл кіріктірілген мамандық, яғни әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі даярланады. Сондықтан да оның көтеретін жүгі ауқымды. Біз әлеуметтік педагогқа қойылатын талаптармен бірге өзін-өзі тану пәні мұғаліміне қойылатын талаптарды да басшылыққа аламыз.

Болашақ әлеуметтік педагогтарды кәсіби даярлау үдерісі ҚР нормативтік құжаттарына сүйенеді, жекелей алғанда, мамандық шеңберіндегі білім беру бағдарламалары тізімі көрсетілетін Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сүйенеді. Стандарт негізінде «5B012300-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының біліктілік сипаттамасы, білім берудің негізгі мақсаты, болашақ әлеуметтік педагогтың құзыреттілігіне қойылатын негізгі талаптар, сонымен қатар білім беру бағдарламасының мазмұны беріледі. Сондай-ақ әлеуметтік педагог мамандығын даярлаудың тұжырымдамалық негізін қамтамасыз ететін негізгі нормативтік құжаттар тізімі бар.

6.08.058-2010 ҚР МЖМБС-н талдай келе, Қазақстан Республикасының «5B012300-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығын да-

ярлау үдерісі даярлаудың жалпы әлемдік талаптарына сай келетіні және де қажетті кәсіби сапалар мен құзыреттіліктердің қалыптасуына мүмкіндік беретіні анықталды.

«5B012300-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының бакалавр дәрежесі бойынша болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлау білім беру бағдарламасының мақсаты келесідей:

- елжандылыққа тәрбиелеу, Қазақстан Республикасы халықтар достығын, әр түрлі халықтар мәдениетін, дәстүрлер мен салттарды құрметтеуге тәрбиелеу;

- жалпыадами және әлеуметтік-тұлғалық құндылықтарды қалыптастыру;

- экологиялық, физикалық, этникалық, құқықтық мәдениет пен ойлау мәдениетін қалыптастыру;

- бакалаврды тілдік даярлау;

- кәсіби іс-әрекетке қажетті іргелі білім, білік және дағдыларды қалыптастыру.

Бұл мамандықтың оқу бағдарламасының мақсаты – әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану саласында кәсіби құзыреттіліктерді, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға дайындық ретінде негізгі педагогикалық шеберлік негіздерін жетік меңгерген жоғары білікті мамандар даярлау. Сондай-ақ, жалпы білім беретін мектептер үшін оқушылардың рухани-адамгершілік жан-дүниесін жетілдіруді мақсат тұтатын, өмірде жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйенетін, «Өзін-өзі тану» пәнінің рөлін тәжірибеде іске асыруға дайын мұғалімдерді даярлау. Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану саласында мамандарды даярлау қажеттілігі аталмыш оқу бағдарламасының ашылуына себеп болды. Қоғамды реформалау жағдайында мемлекеттің әлеуметтік саясатының бағыттары да өзгеріске ұшырайды. Оған қатысты Білім беру туралы Заңы, Көп балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау туралы Президент жарлығы, Жетім балалар мен ата-анасының қарауынсыз қалған балаларды әлеуметтік қорғау туралы үкімет қаулысы және т.б. секілді бірқатар нормативтік актілер қабылданды. Елімізде әлеуметтік бейімделу, қиын балаларды әлеуметтік сауықтыру орталықтары, үйінен қашып кеткен балаларға арналған үйлер ашылып, әлеуметтік, медициналық, психологиялық, педагогикалық және т.б. көмек түрлерін көрсететін әлеуметтік үйлер мен сенім телефондары, сонымен қатар, көптеген қызмет түрлері жұмыс істейді. Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану қоғамның саяси, әлеуметтік, экономикалық қайта жаңғыру жағдайында Қазақстанның Бала құқығы туралы Конвенцияға қол қоюы балаларға көмек көрсету, қорғау мен қолдаудың тиімді жүйесін құруға бағытталған өзгерістер арқылы әлемдік кеңістікке кіруге мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасының құрылымы білім беру мазмұнын анықтайтын оқу жұмыстарының әртүрлі түрлерінен құрылады және олардың сәй-

кестігін, өлшемі мен есебін сипаттайды. Білім беру бағдарламасы студенттің оқу аяқталған соң қол жеткізетін оқытудың нақты нәтижесіне бағытталған. Сонымен қатар, оқу жоспарын құрастыруда бітіруші түлектің азаматтық қоғамда өмір сүруге және жұмысқа орналасуға дайындығын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттіліктері ескерілді.

Болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлау білім берудің ұлттық үлгісі және еуразиялық полимәдениетті, коммуникативтілікті, технократтылықты меңгерген, педагогикалық іс-әрекет аясының әлеуметтік маңызды міндеттерін заманауи ғылыми-тәжірибелік деңгейінде шығармашылық тұрғыда және жоғары кәсібилікпен шеше алатын жаңа формациядағы мамандарды даярлауды болжайтын нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесі; білім беру жүйесінің жалпы ұлттық басымдықтарының дамуы үшін негіздердің қалыптасуы; қоғам, мемлекет қызығушылықтарының қанағаттануы негізінде жүргізіледі [3].

Әлеуметтік педагогтың қызмет ету аясы білім беру жүйесінің оқу орындарында, әлеуметтік қорғау құрылымдарында өтеді. Отандық зерттеуші Б. Кульбекова әлеуметтік педагогтар мен әлеуметтік қызметкерлерді даярлаудың шетелдік озық тәжірибесін зерттей келе, әлеуметтік сала үшін мамандарды даярлаудың құрылымы әлеуметтік нарықты зерттеп, әлеуметтік педагогикалық іс-әрекетті дербес оқытудың бағдарламасын жасауға дейінгі дәйекті технологияны енгізуді ұсынады [4].

Әлеуметтік мәдени ойлау дәрежесі жоғары әлеуметтік педагог қана тәрбиеленушілердің әлеуметтік ортаға үйлесімді бейімделуіне, шығармашылық тұрғыдан дамуына ықпал ете алады. Б.Ю. Шапиро әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігінің келесідей түрлерін сипаттайды: тұжырымдамалық құзыреттілік – өз мамандығының теориялық негіздерін түсінуді, мәселелерді талдау, синтездеу біліктерін қамтиды; техникалық құзыреттілік – негізгі кәсіби дағдыларды, соның ішінде зерттеу, басқару және жалпы стратегияларды талдау дағдыларын меңгеру қабілеті; интегративтік құзыреттілік – теория мен тәжірибені байланыстыра алу білігі; кәсіби іс-әрекет жүзеге асатын мәдени, экономикалық және әлеуметтік контекстерді түсіне алу білігі, яғни арнайы, бірегей және жалпы әмбебап құбылыстарды байланыстыра алу қабілеті; бейімділік құзыреттілігі – аталмыш мамандықта кездесетін қандай да бір өзгерістерді алдын ала көре алу және дайын болу қабілеті; тұлғаралық құзыреттілік – тиімді қарым-қатынасқа түсе алу білігі.

Аталмыш мамандықтың шеңберінде жүзеге асатын білім беру бағдарламаларының мазмұны ҚР Жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде бекітіледі және оқу жоспарлары (типтік, жеке және жұмыс) және бағдарламалары (типтік және силлабустар) арқылы жүзеге асады. Жоғары

оқу орындары типтік оқу жоспарын басшылыққа ала отырып, студентке альтернативті элективті оқу пәндерін таңдауға мүмкіндік беретін элективті пәндердің каталогын құрастырады [4].

Типтік оқу жоспары - мамандық бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалатын және студенттердің меңгеруге қажетті ең аз көлемдегі кредиттерін, бақылау формаларын, сондай-ақ оқытудың қосымша түрлері мен қорытынды аттестаттауын көрсете отырып, жалпы білім беру пәндері, базалық пәндер және кәсіптік пәндер циклдеріне шоғырландырылған оқу пәндері тізімі тұрғысынан міндетті компоненттерді белгілейтін негізгі оқу құжаты.

Жеке оқу жоспары – типтік оқу жоспары мен элективті каталог негізінде студенттің әр оқу жылына арнап жасайтын, оның қалаған пәндерінің тізімін, кредиті мен академиялық сағат санын құрайтын құжат; жеке оқу жоспары нақты бір студенттің оқу бағытын көрсетеді.

Жұмыс оқу жоспары – типтік оқу жоспары және нақты кәсіби іс-әрекеттің шарттарын, оқу процесінің кезеңдерін есепке ала отырып жасаған білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде жасалатын және жоғары оқу орнымен бекітілетін құжат. Ол міндетті және таңдау бойынша компоненттерде, жалпы білім беру пәндері, базалық пәндер және кәсіптік пәндер циклдеріне шоғырланған, білім алушының меңгеруіне қажетті оқу пәндерінің толық тізімін құрайды және онда оларға сәйкес білім алушылардың меңгеруге қажетті кредиттері мен академиялық сағаттары көрсетіледі. Жұмыс оқу жоспарының құрылымын жоғары оқу орны жеке анықтайды.

Типтік оқу бағдарламасы – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру – стандарты негізінде жасалып, типтік оқу жоспарындағы міндетті компонент пәндерінің мазмұнын, оқу көлемі мен тәртібін анықтайтын, меңгеруге қажетті негізгі білімдер, іскерліктер, дағдылар мен құзыреттіліктер тобын, ұсынылған әдебиеттерді көрсететін және Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы өкілетті органымен бекітілетін оқу құжаты.

Силлабустар – оқылатын пәннің сипаттамасын, оның мақсаты мен міндеттерін, тақырыптық жоспарын, әрбір тақырыптың ұзақтығын, оның қысқаша мазмұнын, өздік жұмыстың тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, аралық бақылау кестесін, әдебиеттер тізімін, оқытушының қоятын талаптары мен бағалау өлшемдерін құрайды.

Элективті пәндер каталогы - жоғары оқу орындары жеке анықтап студенттерге таңдау бойынша оқуға ұсынылатын оқу пәндерінің тізімін, олардың көлемін, аралық бақылау формаларын (курстық жұмыс (жоба), графиктік-есеп жұмысы және т.б.) құрайтын құжат.

Негізгі оқу жоспары – Қазақстан Республика-



сының жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру мамандықтарының классификаторы негізінде жасалатын, білім беру бағдарламасын пәндердің циклі бойынша құрылымы мен көлемін реттейтін, міндетті компонент пәндер тізімі мен минималды кредит көлемі және тәжірибенің барлық түрлері, университеттің ғылыми кеңесі бекітетін қорытынды аттестация жайы көрсетілетін оқу құжаты.

Негізгі оқу бағдарламасы – мамандықтың негізгі оқу жоспарындағы пәндердің міндетті компонентінің мазмұны, көлемі, ұсынылатын әдебиеттері көрсетілетін, университеттің Ғылыми кеңесі бекітетін оқу құжаты.

Жеке білім траекториясы – жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру бағдарламасын меңгеру шеңберінде студенттердің жеке оқу жоспарына сәйкес білім беру мазмұнын жоспарлау және меңгеру, өз бетінше таңдау.

Қазақстан Республикасында студенттер өздерінің жеке оқу жоспарына сәйкес білім беру мазмұнын жоспарлау және меңгеру, өз бетінше таңдау құқығына ие. Мысалы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті болашақ әлеуметтік педагогтарды жеке білім берудің екі траекториясы бойынша дайындайды: 1) Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімі; 2) Әлеуметтік педагог-аниматор. Студенттер 1, 2 курста мемлекеттік міндетті модуль, әлеуметтік – коммуникативті модуль, кәсіби модульдер блогы: жаратылыстану-ғылыми (STEM) модулі, базалық кәсіби модульдер пәндері бойынша білім алады. Ал 3 курсқа келгенде негізгі оқу жоспарына сәйкес әрбір студент өзіне білім траекторияларының бірін таңдауға құқығы бар.

«Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімі» траекториясы болашақ әлеуметтік педагогты жалпы білім беру мектептерінде, мемлекеттік және жеке білім беру ұйымдарында, балалардың құқығын қорғау мекемелерінде, арнайы білім беретін мекемелерде, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мектеп-интернаттарында, қиын балаларға арналған мектеп-интернаттарында және т.б. жұмыс істеуге дайындайды. Әлеуметтік педагог ретінде жастарды әлеуметтендіру мен тәрбиелеу мәселелерін, қиын балалармен жұмыс жасау ерекшеліктерін, ата-аналармен жұмыс жасау технологиясын, балалармен әлеуметтік-педагогикалық түзету жұмыстарын жүргізу және т.б. мәселелерін меңгерсе; Өзін-өзі тану мұғалімі ретінде өзін-өзі тану тұжырымдамаларын, мектепте өзін-өзі тану пәнін оқыту әдістемесін, технологиясын, әдістерін, педагог тұлғасына тән кәсіби сапалар мен қасиеттерді меңгереді.

«Әлеуметтік педагог-аниматор» жеке білім траекториясы болашақ әлеуметтік педагогтардың жалпы білім беретін мектептерде, жаздық демалыс лагерлерде, қосымша білім беру мекемелерінде, балалар үйлерінде, балалар мен жасөспірімдерді түзету мекемелерінде, арнайы мектептерде

және т.б. әлеуметтік педагог балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастырушы, тәрбиеші, тәлімгер ретінде қызмет атқаруға бейімдеп дайындайды. Екінші білім беру траекториясы бойынша болашақ әлеуметтік педагогтар балалардың бос уақытын ұйымдастырудың ғылыми-педагогикалық негіздерін, әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық диагностика, коррекция, алдын алу жұмыстарын жүргізудің техникасын, әлеуметтік-педагогикалық тренингтерді жүргізу дағдысын меңгереді.

Жоғарыда аталған мәліметтерді сараптай келе, бүгінгі таңдағы МЖМБС келесідей кемшіліктерін де атап өтуге болады:

- МЖМБС жалпы білім беретін пәндер циклінің басымдық танытуы және олардың санының шектен тыс көптігі кәсіби пәндерді оқыту мүмкіндігін азайтады;

- Еуропа университеттерінде жалпы білім беретін пәндер жоқ дерліктей, болған күнде де олар 1, 2 кредиттен аспайды;

- кәсіби және іргелі білім беретін пәндер арақатынасы дұрыс қойылмағандықтан, ол маманның кәсіби даярлығынан көрініс табады;

- білім беру бағдарламалары мазмұнының құзыреттілікпен әлсіз байланыста;

- еңбек саласымен әлсіз байланыс орнатылған, яғни МЖМБС негізгі ережелерінде маман даярлауда жұмыс берушінің орны, рөлі, міндеттері көрінбейді.

ҚР жоғары оқу орнын «5B0123000-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығын бітіруші түлектер ҚР БҒМ балаларды қорғау комитетіне, балаларды қорғау бойынша облыстық департаменттерге, әлеуметтік бағытталған мекемелерде (әлеуметтік қамсыздандыру органдары және жұмыссыз, аз қамтылған, еңбекке жарамсыз адамдарға көмек көрсету және қолдау); мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру ұйымдарында (мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, балалар үйлері, интернаттар, арнайы білім беру мекемелері); қоғамдық ортада жас ұрпақты тәрбиелеу мен дамыту мәселелерімен байланысты мекемелерде (түзету және оңалту мекемелері, арнайы мектептер, балалар үйлері, колониялар); балалардың бос уақытын ұйымдастыру мен шығармашылығын қолдаумен байланысты мекемелерде (қоғамдық ұйымдар, балалар клубтар, студиялар, сауықтыру лагерлері) қызмет атқара алады.

«Әлеуметтік педагогика» мамандығы бойынша жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарына қатысты жағдай аландатпай қоймауда, мұнысы осы стандарттардың шеңберінде мамандарды даярлауға байланысты әлеуметтік-педагогикалық практикаға ықпалын тигізіп отырады. Әлеуметтік педагогиканың әлеуетін институттық (тек қана білім беру мекемелері) және объектілік (дамуында әлеуметтік мәселелері бар балалар) тұрғыдан шектеуге деген талпыныс бай-

қалуда. Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің әлеуметтік саланың әртүрлі секторлары мен қоғамның тіршілік қызметінің өзге салаларына таралу процесі тоқтауда. Мамандар тұтастай әлеуметтік педагогиканың және әлеуметтік педагог мамандығының беделінің төмендеп бара жатқанын атауда [5].

Қазақстан Республикасында әлеуметтік педагогтарды даярлау жүйесі бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, нормативтік құжаттарды талдай келе, әлеуметтік педагог-мемлекеттік құрылымдардың, әлеуметтік бағыттағы мекемелердің, қоғамдық ортада өскелең ұрпақты тәрбиелеумен, әлеуметтенуімен және тұлғалық дамуымен байланысты мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру ұйымдарында қызмет атқаратын маман.

Қорытындылай келе, жоғары оқу орындарында әлеуметтік педагогтарды даярлау жүйесін зерделей келе, келесідей ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді:

- Қазақстанда әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы бойынша мамандардың даярлана бастағанына көп бола қоймағанына қарамастан, жоғары оқу орындар оқу жоспарлары мен оқыту бағдарламаларын жетілдірумен айналысуда;

- жеке тұлғаға бағдарланған оқыту жүйесін құру барысында өнеркәсіп қажеттіліктерінің өзгерісін, ғылым мен техниканың және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді ескере отырып элективті пәндердің каталогы үнемі өзгеріп отырады;

- жоғары оқу орындары оқытудың кредиттік технологиясына көшуі жұмыс берушілердің сұраныстарын қанағаттандырып, пәндердің таңдау компонентіне кәсіби маңызды арнайы білім мен біліктердің қалыптасуына ықпал ететін арнайы курстарды қосуға мүмкіндік берді;

- мамандарды тәжірибелік даярлаудағы кейбір қиыншылықтар халыққа әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсетудің тұрақты жүйесінің қалыптаспауымен байланысты.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. *Yertargynkyzy D. Importance of social-pedagogical actions in forming specialists professional ideal // Materials of the XII International scientific and practical conference, «Science and civilization», 30 January-07 February 2016. P. 62-66.*

2. *Шведунова И.М., Лунева Е.А., Пархоменко Е.В. Методическое пособие для начинающих социальных педагогов, работающих в детских домах (в рамках проекта «Мониторинг социального обеспечения детей, оставшихся без попечения родителей») // URL: <http://lib.znate.ru/dpcs/index-141642.html> (дата обращения: 25.11.2013).*

3. *Государственный общеобразовательный стандарт образования Республики Казахстан. Высшее образование. Бакалавриат. Специальность 5B012300-Социальная педагогика и самопознание. ГОСО РК 6.08.079-2010. Издание официальное. Министерство образования и науки Республики Казахстан. – Астана. – 48.*

4. *Кульбекова Б. «Қазақстан республикасы мен Ұлыбританияда әлеуметтік қызметкерлерді дайындау ерекшеліктері», 2010ж. автореферат.*

5. *Дадебаев Ж.Д., Асанов Н.А, Уразаева К.Б., Оспанова А.К. и др. Институт магистратуры : организация образовательного процесса на основе кредитной технологии .- Алматы: Қазақ университеті, 2003.*

**Торохтій Л. С.**

доцент., Казахский национальный университет имени аль-Фараби, e-mail: valtoro45@mail.ru.

**Саденова А. Е.**

доктор филологических наук., Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
г. Алматы, e-mail: sadenovaa@mail.ru.

**Асылбеков Р. У.**

кандидат филологических наук., Казахский национальный университет имени аль-Фараби

## **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ ЯЗЫКОВ**

**Резюме.** В статье рассматривается интерактивные технологии для развития коммуникативной компетенции при усвоении иностранного языка.

Данная статья посвящена изучению процесса речевого общения как одного из аспектов преподавания иностранного языка. Принцип коммуникативности, ставший базовым для большинства дидактических концепций и успешно реализуемый почти на всех этапах обучения, в значительной степени укрепил связи методики и языкознания, усилил интерес к коммуникативным параметрам процесса преподавания.

**Түйін.** Мақалада шет тілін оқытуда коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін интерактивті технологиялар қарастырылады. Мақалада шет тілін оқытын шетелдік студенттердің сөйлеуін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Сөйлеуге үйретудің психологиялық мәселелері сөз болады.

Мақалада оқудың түрлі кезеңдеріне тиесілі түрлі әдістемелік ұсыныстар берілген. Мұнда ең алдымен айтылымның туындауы, оның коммуникативтік мәні мен тілдің нормасына сай келуі дамытылады.

**Summary.** The article deals with interactive technologies for the development of communicative competence in mastering the foreign languages. This article is devoted to the study of the process of speech communication as one of the aspects of teaching foreign language.

*Communicative principle, which became the base for most of didactic concepts and successfully implemented in almost all stages of education, largely strengthened ties methodology and linguistics, increased interest in teaching communicative process parameters.*

Все большее количество студентов осознает необходимость владения иностранными языками для успешной реализации своих профессиональных, творческих, социокультурных стремлений. Процесс преподавания иностранных языков приобретает функциональную направленность и включает формирование иноязычных коммуникативных компетенций.

Изучение иностранного языка предполагает достаточно высокий уровень мотивации личной деятельности студентов, осознание ими необходимости изучения именно этого языка, а также четкое представление о тех сложностях, с которыми им придется столкнуться в процессе обучения.

Перед методикой иностранного языка в современном Казахстане встали новые задачи, которые определяются социальным заказом общества: содержание обучения должно соответствовать международному статусу. Новое время, новые условия требуют немедленного и коренного пересмотра как общей методологии, так и конкретных методов и приемов преподавания иностранных языков.

Проблема управления учебной деятельностью многозначна, разнопланова, имеет философские, психологические, педагогические, методические и другие аспекты. Экономические, политические, социокультурные процессы легли в основу развития современной системы языкового образования.

Основной целью обучения иностранным языкам является формирование и развитие коммуникативной культуры студента, обучение практическому овладению иностранным языком.

В вузе особое место занимают такие формы обучения, которые обеспечивают активное участие на занятиях каждого студента, повышают знания и индивидуальную ответственность обучающихся за результаты учебного труда. Эти задачи можно успешно решать с помощью педагогических технологий.

Задача состоит в том, чтобы создать условия практического овладения языком для каждого учащегося, выбрать такие методы обучения, которые позволили бы каждому студенту проявить свою активность, свое творчество, активизировать познавательную деятельность студента в процессе обучения иностранным языкам.

Изучение иностранного языка – эффективное средство социализации личности, интеллектуального развития студента, выработки новых стандартов разных форм деятельности, ориентированных на мировую практику.

Данное обстоятельство имеет особенно важное значение при изучении иностранного языка для специальных целей. Учебный курс помогает сформировать коммуникативную компетенцию, а именно способность и готовность осуществлять межличностное и межкультурное общение с носителями языка.

Изучение иностранного языка для специальных целей способствует социальной адаптации студентов вузов к условиям постоянно меняющегося поликультурного, полиязычного мира. Прежде всего, следует отметить, что интенсивное изучение данного предмета, расширяет лингвистический кругозор студентов, содействует их общему речевому прогрессу с использованием новых информационных технологий.

При обучении иностранному языку в учебном процессе в настоящее время широко используются интенсивные технологии, тесно связанные с использованием эффективных приемов и методов преподавания, активным включением студентов в образовательный процесс.

Применение интерактивных методов обучения явилось объективной необходимостью, продиктованной закономерностями любого обучения как такового. Создание в аудитории иноязычного общения настраивает студента на подготовку к участию в процессе общения. В основе интенсивного метода обучения лежит процесс обучения, который и является моделью процесса общения. Таким образом, интенсивный метод преподавания иностранного языка с использованием интерактивных методов становится объяснительным принципом построения процесса обучения.

При обучении иностранному языку на современном этапе является овладение обучающимися корректными речевыми навыками, учитывая его фонетическую, грамматическую, лексическую и стилистическую сторону.

В современную систему образования все активнее внедряются использование информационных технологий и компьютерных телекоммуникаций. Мощная компьютерная техника, развитие сообщества сетей Интернет, способствует оснащению образовательных учреждений.

Применение интерактивных методов тесно связано с методическими инновациями. Интерактивный метод означает способность взаимодействовать или находится в режиме беседы, диалога. От этого процесс обучения и контроля становится более продуктивным. Студент в ходе интерактивного обучения принимает продуманное решение, учится критически мыслить. Таким образом, интерактивное обучение – это специальная форма организации познавательной деятельности, имеющей вполне конкретные и прогнозируемые цели, контроль результатов обучения осуществляется с помощью инновационных технологий, которая применима к прогнозируемым ожидаемым результатам.

Под информационными технологиями обучения при этом понимают все технологии, использующие специальные технические средства (мультимедийное оборудование).

В особенности – при изучении его теоретиче-

ской основы интенсификации учебного процесса с использованием интерактивных методов обучения, необходима опора на информационные технологии. Управление процессом обучения видам речевой деятельности языковой личности занимает одно из наиболее важных мест и наиболее сильно привязана к конкретным условиям ее возникновения и использования.

Данный вид работы позволяет совершенствовать навыки монологической речи, умение находить нужную информацию, анализировать ее и делать выводы. Обсуждение сообщений развивает не только навыки логического изложения чужих, но и собственных мыслей, учит спорить, слушать и убеждать собеседника.

Среди основных форм развития навыков устной речи можно назвать проведение дискуссий, бесед за «круглым столом», пресс-конференций, а также разработка проблемных ситуаций на общественно-политическую, страноведческую и бытовую тематику. Проблемные ситуации побуждают студентов не только пользоваться готовыми знаниями, умениями и навыками, но и требуют от них творческого использования накопленных знаний, развивают умение вести аргументированный спор, умение использовать в споре полученные знания иностранного языка.

Особого разговора заслуживает использование технических средств как фактора интенсификации процесса обучения иностранному языку. Их использование открывает совершенно новые, еще не исследованные технологические варианты обучения, связанные с уникальными возможностями современных компьютеров и телекоммуникаций. Так, использование различных мультимедийных средств компьютерной техники в системе новых информационных технологий дает возможность индивидуального подхода к организации учебной деятельности каждого студента. Это диктуется также тем, что в силу своих психофизиологических особенностей студенты обладают различными способностями и задатками. Для достижения одинаковых результатов в изучении иностранного языка разным студентам требуется разное количество времени, упражнений на тот или иной грамматический или лексический материал.

Обучение в вузе как целенаправленно организованный педагогический процесс, стимулирующий активную учебно-познавательную деятельность студентов по усвоению и овладению знаниями,

умениями, навыками, которые необходимы в будущей профессиональной деятельности, развитие творческих способностей, духовных убеждений и миропонимания, моральных и эстетических взглядов в традиционном понимании рассматривается как двухсторонний процесс преподавания и учения [1].

Преподавание, в ходе которого осуществляется передача системы знаний, умений, опыта деятельности, и учение как активный познавательный процесс, в котором происходит усвоение опыта через его восприятие, осмысление, преобразование и использование [2].

В основе познавательной деятельности лежит познание. Если это постижение действительности и приобретение знаний, тогда в «познавательной деятельности активность субъекта, направленная на объект, не модифицирует его, не разрушает и не реконструирует, но отражается им и возвращается к субъекту в виде знания об этом объекте» [4].

Познавательная деятельность в общем смысле – это единство чувственного восприятия, теоретического мышления и практической деятельности. Она осуществляется на каждом жизненном этапе человека, в различных видах деятельности и общественных отношений. Однако лишь познание через обучения может приобретать четкую форму в специфической, свойственной только человеку учебно-познавательной деятельности, которая затрагивает, например, выполнение таких предметно-практических действий в учебном процессе, как экспериментирование, конструирование, проектирование, решение исследовательских задач.

Проблема активизации учебно-познавательной деятельности через обучения относится к числу ведущих в современной педагогической науке. Ее актуальность обусловлена поиском и необходимостью разработки оптимальных технологий обучения, которые бы позволили вывести студентов - будущих дизайнеров - на уровень самообразования и саморазвития, так как становление личности дизайнера и совершенствование его профессионального мастерства выходят за рамки образовательного пространства вуза, происходит постоянно всю его жизнь.

В решении задачи по поиску эффективных технологий обучения, направленных на активизацию познавательной деятельности, мы считаем необходимым определить такие базовые понятия как «активность» и «познавательная активность».

В психолого-педагогических исследованиях «активность» рассматривается с двух позиций:

- как динамическое свойство человеческой деятельности, свойство ее собственного движения [5];
- как внутренняя способность к взаимодействию, способность человека производить общественно-значимые преобразования в мире на основе присвоения богатств материальной и духовной культуры, проявляющаяся в творчестве, волевых актах, общении [6].

Таким образом, активность – это деятельностное состояние субъекта, определяющее уровень и качество результатов обучения, процессуальные особенности деятельности через отношение субъекта к комплексу внутренних побуждений, установок, мотивов поведения и деятельности, направленности интересов.

Активность личности в обучении проявляется как со стороны студентов, так и с нашей стороны, преподавателей. При этом для положительного результата обучения у студентов она не должна быть принуждаемой – должна стать актом, побуждающим к ней, где обучение – направленный на достижения единой образовательной цели. Функция преподавателя при этом заключается в управлении процессом усвоения знаний и способов деятельности, а студента – овладеть ими.

Естественно, активность личности в обучении должна быть направлена на особые ее виды и способы, в результате которой формируются мотивация к учению, умения и навыки мыслительной деятельности.

Особенности мотивации, как ведущего фактора регуляции активности личности в учебно-познавательной деятельности зависит от индивидуальности личности: от потребности в достижении успеха или, наоборот, от лени, пассивности, нежелания совершать усилия над собой, устойчивости к неудачам и т.п. [2].

Положительный результат активности определяет высшие эмоции, связанные с познавательными процессами, такими как любознательность, пытливость, чувство радости от удачной мысли, решения задачи и т.п., которые лежат в основе сохранения и систематизации познавательных интересов, что в итоге стимулирует активность в учебно-познавательной деятельности. Отсутствие или снижение мотивации к учению происходит вследствие несформированности навыков учебно-познавательной деятельности, которая в свою очередь приводит к снижению эффективности обучения.

Степень развития мотивация к учению, а также логика процесса обучения обуславливают следующие уровни активности личности в нем [4]:

- активность воспроизведения, которая характеризуется стремлением обучаемого понять, запомнить, воспроизвести знания, овладеть способами их применения по образцу;
- активность интерпретации, которая связана со стремлением обучаемого постичь смысл изучаемо-

го, установить связи, овладеть способами применения знаний в измененных условиях;

- творческая активность предполагает устремленность обучаемого к теоретическому осмыслению знаний, самостоятельному поиску решения проблем, интенсивному проявлению познавательных интересов.

Теоретический анализ проблемы активности личности в обучении требует принципиального осмысления основных элементов обучения (содержание, форма, методы) и направляет нас на мысль, что стратегической целью активизации обучения будет создание таких педагогических условий активизации учебно-познавательной деятельности, в результате которых студенты выходят на уровень саморазвития и самообучения.

В педагогической практике имеется возможность применения различных технологий, направленных на активизацию познавательной деятельности – это разнообразные формы, методы, средства обучения, сознательно-обоснованный выбор которых в условиях умелого научно-оправданного сочетания существенно влияет на эффективность обучения, стимулирует активность и самостоятельность студентов.

Таким образом, в опоре на материалы исследований Т.И. Шамовой автор сформулировал следующие общие требования к организации обучения, направленного на активизацию учебно-познавательной деятельности в вузе:

- содержательный блок дисциплины должен стать основой активных мыслительных и практических действий студентов;
- средства активизации должны обеспечивать направленную активность на овладение знаниями и алгоритмами способов деятельности;
- отбор средств активизации должен осуществляться в соответствии с конкретной целью каждой ступени познания, воздействуя на каждый компонент учения.

При организации эффективного управления процессом обучения и отборе учебного материала дисциплины следует обеспечивать связь учебной информации между ее разделами и основным понятийным аппаратом.

Объединению знаний в единую систему способствуют также методические рекомендации, обобщения, представленные в свернутой форме в виде технологической документации.

В основе учебно-познавательной деятельности лежат знания, умения, навыки, опыт и готовность применять их на практике. Поэтому при работе с информацией студенты должны овладеть алгоритмами предметной области, операционными алгоритмами решения практических задач, которые используются безотносительно к предметной области учебной дисциплины и содержат следующие операции: анализ, синтез, сравнение, обобщение; а

также обобщенными алгоритмами решения задач: анализ, диагноз, решение, результат.

В результате обучения студенты должны иметь опыт как разработки алгоритмов применения знаний, так и способности применять их при выполнении заданий. Сформированность такой деятельности у учащихся позволит сократить время самостоятельной работы и затраченные усилия по усвоению учебного материала.

В современной образовательной практике имеется широкая возможность использования разнообразных методов и форм обучения.

Теоретический анализ проблемы активизации учебно-познавательной деятельности при обучении и изучение передового педагогического опыта склоняют нас к убеждению, что конструктивным решением для создания педагогических условий, обеспечивающих активную познавательную позицию студентов, будут методы активного образования. К ним относят методы, побуждающие к активной мыслительной и практической деятельности при усвоении учебного материала со стороны студентов, тогда как задачей преподавателя будет создавать побуждающую к вышеуказанному ситуацию. Иными словами, активные методы обучения – это обучение деятельностью. В их основе лежит диалог между преподавателем и студентами, между учащимися. В процессе такого взаимодействия между ними формируются опыт группового решения поставленных задач, развивается речевая коммуникация. В настоящее время в высшей школе используются такие методы активного обучения, как: проблемный или метод проектов; игровой метод; исследовательский метод; модульный метод; анализ конкретных примеров и другие методы.

Таким образом, современные условия развития общества все больше указывают на то, что соци-

альная активность и компетентность специалиста, его правовая культура, способность к общению и сотрудничеству, умение получать и технологично обрабатывать информацию, принимать решения, действовать оперативно становятся все более актуальными в условиях принятия инновационной модели общества. В этих условиях необходимо изменение системы подготовки специалистов. Разработка и применение в образовательном процессе инновационных технологий, методов и форм обучения, будет способствовать формированию у студентов опыта самостоятельного решения познавательных, коммуникативных, организационных, нравственных и иных проблем в профессиональной деятельности.

#### ***Литература:***

1. *Фельдштейн Д.И. Возрастная и педагогическая психология. М., 2002. 432 с.*
2. *Ильин Е.П. Мотивация и мотивы. СПб., 2012.*
3. *Каган М.С. Человеческая деятельность: опыт системного анализа. М., 1974. 328 с.*
4. *Шахмартова О.М. Активные методы обучения: учеб. пособие. 2-е изд. Пенза, 2011. 131 с.*
5. *Краткий психологический словарь / сост. Л.А. Карпенко; под общ. ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. М., 1985. 431 с.*
6. *Дудьев В.П. Психомоторика: словарь-справочник. 2008.*
7. *Психологический словарь / под общ. ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. 2-е изд., испр. и доп. М., 1990. 494 с.*
8. *Нестерова О.В. Педагогическая психология в схемах, таблицах и опорных конспектах: учеб. пособие для вузов. М., 2006. 112 с.*

Нагымжанова К.М.

п.ғ.д., профессор

Танирбергенова А.Ш.

п.ғ.к., доцент, anar-tanirbergenova@mail.ru

Құлмахан Н.

«Тұран-Астана» университетінің магистранты

## ТҰЛҒА БОЙЫНДАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ АХУАЛДЫҢ БАЙҚАЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Түйін:** Мақалада тұлға мәселесі қозғалған. Тұлға қалыптасуы мен дамуындағы қоршаған ортаның, отбасының рөлі және басқада факторлардың әсіре қамтылған. Осы тұлға қалыптасуындағы эмоцияның орны талқыланған. Эмоция мәселесінің зерттелу деңгейі, эмоциялық күйлердің көрінісі берілген.

**Кілтті сөздер:** тұлға, тұлғалық даму, эмоция, эмоциялық күйлер.

**Резюме:** Статья посвящена проблеме человека. Окружающая среда, роль семьи в формировании и развитии человека и другие факторы широко освещаются. Обсуждается место эмоций в формировании этого человека. Уровень эмоциональных исследований, эмоциональных состояний.

**Ключевые слова:** личность, личное развитие, эмоции, эмоциональные состояния.

**Summary:** The article is devoted to the human problem. The environment, the role of the family in the formation and development of man and other factors are widely covered. The place of emotions in the formation of this person is discussed. The level of emotional research, emotional states.

**Key words:** personality, personal development, emotions, emotional states.

Тұлға өсуі көптеген ішкі және сыртқы детерминантпен қалыптасқан. Сыртқы немесе детерминанттық ортаға кіретіндер: адамның нақты мәдениетке тәуелділігі, әлеуметтік – экономикалық класқа арнайы әрбір жанұялық ортасы үшін. Бір жағынан ішкі детерминантқа генетикалық, биологиялық және физиологиялық факторлар жатады. Келесіде бейнеленген көптеген өзгерістер, біздің дамуды жүргізетін – физиологиялық, әлеуметтік, интеллектуальды, эмоциональды, моральді және т.б. көрсетті. Бұл адам дамуының проблемасы қандай қиын болатынын көрсетеді.

Тұлғаның қалыптасуына сонымен бірге жанұя қоғамы да әсер етеді. Бұл жерде негізгі мәнді ата – аналардың мінез - құлқы формасы сендіру және мақсат. Ата – аналар еліктеу үшін арналған модель, өзінің қылығының әсері, балаларға өз әсерін тигізеді. Сол әсер оның барлық өмірі бойы сақталады.

Тұлға теориясы дамудың қандай сұрағына мән берсе және өмір ағымының өзгеруіне бөлінеді:

факторларды бейнелеуде, күнделікті дамуға жауаптылық, сонымен бірге салыстырмалы түрде, генетикалық және әлеуметтік, орта факторлары, тұлғаның дамуына әсер ететін белгілер.

Тұлғалық даму – бұл «адам құрылымының психологиялық механизм негізі. Ол түбірлі қайшыны құрайды, күшті дамудың жолы болып есептеледі, адамның жетіліп өсуіне психо-социалды сатысының қажеттілік пен қолдағының арасы, қандайда болмасын іс - әрекеттің энергия процесінде болады, өзінтануды анықтайды, өзін анықтау құндылығын актуальдайды, мәнді кеңістік құрады. Тұлға қозғалушы сияқты, адамның «энергияның ядросы», «өзін алға лақтырады» мақсат пен өзінің дайын еместігін байқайды. Аз немесе көп оның орындалуына әр кезде жаңа циклдер шығарады, (векторлар, бағыттар, қадамдар) мақсатты ұстайды. Сонымен бірге ол әрдайым бір жағада шындық пен тілек арасында әрекет ету және даму мүмкіндігі. Жалпы өзінің мүмкіндіктеріне тырыса отырып, қажет жақтарын қарастырады. Сонымен бірге қалау арасындағы сатыны жоғарлатады, егер жетістікке ұмтылса, осы қалау сатысын жаңа тырысулармен өзін дамытуға тырысу. Бұл процесс өзін дамыту адамзат негізінің адам өзін механизм сияқты көрсетеді.

Тұлғалық даму – рухани өнеге өзіндік жалпы оның «өзіне - өзі жақсы» жағынан көрсету. Әрбір қадам саналы дамиды, бір жағынан: жарқын уайым өзінің қазір және осы жерде көргені «жетіспеушілік» компонентті еместігіне ұят сияқты қабілетсіздік күткен әрекетке қорқу, жаңа әрекетке күшті сынап көру, шығармашылық қиялды қолдану. Бұл контексте өзіне және өзінің іс - әрекетіне қарым – қатынасының құндылығынан көрінеді, қоршаған ортадан кіммен байланысты және іс - әрекет кімге бағытталған, көпжақты аксиологиялық анализ процесінде өзінің мінез – құлқы мен рухани практикалық үлесі әлеуметтік дамуда [1].

Бір – бірден өзінің іс - әрекетін өнеге ретінде баға беру және ондағы сезімнің көрінуі, өскен адам, егер бұл оның рухани күшінің түсінігі мен көмекшілерімен қолдау тапқаны. Өзін өндіруші ретінде суреттейді. Тұтастау тұлға ретінде көреді, осыған сай осы жұмыс тұлғаның өнеге потенциалын қажет ететін, бұл соңғылары барлығын



өсіреді. Біруақытта адам өз - өзімен сыртқы әсерден тәжірибе жинайды, рефлексиялық құндылықты өзіне қабылдау, өзінқадағалау, өзінстимулдау және өзін шектеу өзінің белсенділігінде іс-әрекетте өзін регуляциялау, мінез-құлық пен ішкі жағдай. Адамның өзін - өзі мақтауы бір жағынан процесс өзіндік дамудың асқақтауы, басқа жағынан оның өндірілуі, адамның қажеттілігі мотивтелген және белсендірілген болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда өзін дамыту көріне бастайды. Сосын адам мен мақсатты түрде қолданылады, бұл оның рухани өсуі құралының әрекеті секілді.

Тұлға жетілуі – бұл адам оның өмірлік өзін анықтау рухани өнеге жүйесі ретінде негізделген эффективті және динаминтті, ол мінез – құлықта және және іс - әрекетте ішкі локус контроліне және ішкі регуляторға сүйенеді, ойлайтын жіне құрастыратынға жауаптылық, онда басқа да мінездемелер бар, индивидтік қасиет, субъектілік, индивидуалдық – жүйелі құрастырылған, өз бірлігін көрсетеді, тұтастылықтың өзгеруіне үлес қосады. Жетілу қалыптаспайды, ол жай құрылады, толықтырылады және шыға осылайша өзіндік ұйымның үлкен шыңына шығады. Бұл процесс соңында тұлғаның өз-өзін дамытуы болып табылады [2].

Қазіргі кезде психологияда эмоция жайындағы ілім және оның теориялық дамуы жалпы психологияның өзге тақырыптарымен салыстырып қарағанда өзіндік сипаты бар күрделі мәселелер қатарына жатады.

Эмоция туралы ілімдегі мұндай көзқарасты өз зерттеулері А.Адлер мен оның мектебі де қолдады. Олардың арнайы бақылау жүргізіп, эмоция қызметінің мәні тек жануарлар дүниесіндегі инстинкті әрекеттерде ғана емес, сондай-ақ ол бір жағынан адамның мінез ерекшеліктерінің қалыптасып отыруына әсер етеді деп санама, ал екінші жағынан ол сол эмоциялық күйлерді өз басынан кешіріп отырғандығын атап көрсетеді [1].

Сөйтіп, эмоцияның қызметі жайындағы түсініктер адам мінезінің тұрақты қасиетінің белгілі бір жағын құрайды. Мұндай түсінік эмоция туралы бұрынғы түсініктерге тікелей қарсы шығып, оның жойылып бара жатқандығын бекерлейді. Сонымен эмоция адам мінезінің белгілі бір жағын құрайтын қасиетіне айналып, оның жеке басының қалыптасуына ықпал етіп отырады дейді.

Бюлер балалар психологиясын нақтылы тәжірибелер арқылы зерттеп, эмоцияның балалар өмірінде атқаратын қызметі өзге де психикалық процестермен ұштас екендігін және оның өзіндік ерекшелігін анықтады. Сөйтіп бұл пәнге елеулі үлесін қосты.

Бюлер тәжірибелеріне негізделген оның эмоция жайындағы өзіндік теория жасағанын да бұл орайда атап көрсеткен дұрыс. Ол Рейдтің көзқарасын сынап, бала дамуының бастапқы кезеңінде өзінің қимыл-қозғалыстары арқылы нәрселерден рахат

пен мейірімділік тауып қана қоймай, оны әр алуан әрекеттер жасауға жетектеп отырады, сөйтіп мінез-құлқының өзгеруіне де өзге психикалық процестер сияқты әсер етеді деп санады. Э. Клапаредтік эмоция туралы зерттеуін атап өткім келеді. Ол бірқалыпты дамыған бала мен қалыпты жағдайдан ауытқыған баланы ересек адамдармен салыстыра отырып арнайы тәжірибе арқылы зерттеді; неміс психологы К.Левин, құрылым психологиясының өкілі ретінде, психологиядағы аффект пен ерікке байланысты зерттеулер жүргізгені мәлім. Клапаред зерттеуінің маңызын эмоция мен сезімді бірінен-бірі айқын ажыратып, олардың сыртқы кейіптен көрініс табуын арнайы тәжірибелік зерттеулермен анықтады. Клапаред эмоция мен сезім жеке процестер сипатында болғанымен, белгілі жағдайда біріне-бірі ұқсас, алайда олардың өзіндік мәндері ерекше дейді. Сондай-ақ, біздердің назарымызды аударатын жәйттің бірі – эмоция адамның жан дүниесінің әр алуан ерекшеліктерімен байланысты болатындығы.

Фрейд тұңғыш рет эмоцияның биологиялық маңызына сенімсіздікпен қарағаны мәлім. Ол бірқалыпты дамыған бала мен жүйке ауруына ұшыраған баланың эмоцияларын ересек адамдардың тіршілігімен салыстыра отырып зерттеуге психология мамандардың бәрі де үнемі көңіл аударып отыратындырына көз жеткізді. Фрейдті толғандырып ойландырған мәселе адамның өз басынан кешіретін эмоциялық күйдің көріністері. Әсіресе адамның ашу үстінде өз психикасы мен санасын басқара алма абыржуы, эмоциялық толқу үстінде адамның өзі істеген істерін есеп бермейтіндігі қандай себептерге байланысты деген мәселелерге ерекше назар аударуына мәжбүр болды. Эмоцияның адам өміріндегі қызметінің маңызын оның тамақ ішуі мен су ішуді қаншалықты қажет етсе, эмоция да сондай қызмет атқаратын адам санасының шұғыл мәселесі екендігіне көз жеткізді.

Клапаредтің эмоция туралы керісінше қойған сұрағының мәні оның сан алуан түрлерінің пайда болуы биологиялық тіршілікпен байланысты және оның тарихи дамуы адамның психикалық тіршілігін божыратын жіберуге әсер етеді деп Фрейдтің пікірін бекерге шығарады. Ол керісінше эмоцияның көптеген жаңа түрлерінің пайда болуы, мысалы, эмоцияның өнер саласындағы сан қилы көріністері осы жайттың жемісі дей. Клапаред бала мен ересек адамның өмір тағдырындағы елеу кезеңдердің бәрінде эмоциялық айқын із қалдыру себебі неде? деген сұрақ қояды. Клапаред бұл сұрағына өзі жауап береді. Ол бұл пікірінің шындығын дәйектеу үшін қорқақ қоянның тіршілік бейнесімен түсіндіреді. Қоянның қорқып қашуындағы эмоциясы мен оның әбден жүгіруге шамасы келмей қалған кезде шоқиып отырып қалуы оның сезімінің өзге бір жағдайын білдіреді. Клапаред тәжірибелері аффектті жайттар мен тіршіліктегі

эмоция және сезімге серпілу ерекшеліктері түрліше болатын дығын ажыратады. Мұндай тәжірибе нәтижелері эмоция мен сезім ерекшеліктерін өзара араластырып жіберіп, бір ғана процеске жатқызытын ескі психологиядағы көзқарастардың мәнін түсіндіру үшін ерекше маңызды [3].

К.Левин жұмыстарының өзге психикалық процестер жүйесінде эмоцияның аса күрделі динамикасын түсіндіруде маңызды рөл атқарды. Ол Фрейд пен Адлердің тәжірибе арқылы зерттеуге болмайтын психикалық процестер жайында айтқан пікір сенімсіздік білдіріп, оның «тереңдік психологиясы» деген ой қайтадан зерттеу қажеттігіне мән береді. К.Левиннің негізгі аффекті мен эмоциялық реакциялар жеке дара болуы мүмкін мұндай ерекшеліктер психологиялық тіршіліктің көріністері ретінде, олар өзге де психикалық процестермен белгілі бір жағынан өзара байланысты дейтін пікірге барып саяды. К.Левин эмоцияның пайда болуын спортшылар ойындары мен шахматшылардың ойындарынан, олардың сыртқы қимыл-қозғалыстары мен ойлау әрекеттерінен де байқауға болатындығын біршама деректермен түсіндіреді.

Эмоция қазіргі теорияларда білімнің маңызды түрі ретінде қарастырылады. Эмоция психологиясы психологияның белгілі аймағы болып табылады. Қазіргі эмоция психологиясында «эмоция» түсінігінің түрлі анықтамалары кездеседі. Бірақ, барлық теоретик-психологтардың тәжірибелі тұрғыдан сай келуі осы «эмоция» түсінігінің жалпы қабылдаған анықтамасының жоқтығында. Сондықтан да «эмоция» категориясы мамандар тарапынан үлкен қызығушылықты туғызып отыр. Осыған байланысты Э. Роштың прототиптік ағым бойынша талдаған эмоция категориясының ішкі құрылымын зерттеуін қарастырамыз. П.Витгенштейн пікіріне негізделген бұл ағым бойынша, табиғи категория прототип бойынша анықталады. Эмоция категориясы келесі 4 өзгергіштік бойынша суреттеледі.

1. Жиілік.
2. Прототиптілік.
3. Бейкатегориялық.
4. Доминанттылық.

А. Ортони, Дж. Клор және А. Коллинз өздерінің «эмоцияның когнитивті құрылымы», еңбегінде эмоцияға тек қана валенттілігі бар психикалық пайда болулар ғана жатуы керек, яғни, жағымды немесе жағымсыз сияқты уайымдар, таңқалу, қызығу, сенімсіздік және осы сияқты феноменттер эмоция психологиясында қарастырылмауы керек дейді. Бірақ, арнайы зерттеулердің нәтижесі бойынша, таңқалу эмоцияға кіргізіледі.

К. Изарды «Адам мінез – құлқының фундаментальды принципі болып, эмоцияның қабылдауды, ойлауды және әрекетті ұйымдастыруы және күшберуі болып табылады, барлық эмоция эво-

люция барысында дамитын адаптивті функцияларға ие» деп, атап көрсетеді.

Эмоция – адамның негізгі мотивациялық жүйесін құрады [4]. Мауер: «эмоция өз әсерімен мінез – құлықты өзгерте алады, сондықтан ол адам өмірінде маңызды роль атқарады. Сонымен қатар, эмоция интеллектінің жоғары тәртібін көрсетеді» деп, атап өтеді. Мінез – құлықтың негізгі қозғаушы күші эмоция болып табылады. Осы эмоция субъектіге түгелімен әсер етеді. Оны жекелеп қарастырайық.

Эмоция басқа мотивациялық жағдайлар секілді қабылдауға әсер етеді. Нормадағы субъект дүниені дұрыс қабылдаса, ал қайғырып немесе уайымдап жүрген адамдарға басқалардың берген бағасына, белсене мән бермеу тән.

Сонымен қатар, эмоция танымдық процестердің басқада бөліктеріне әсерін тигізеді. Осының әсерінен субъектінің мінез – құлқы өзгереді.

Томкинс пен Изард эмоцияның пайда болуына қабылдаумен білім үлкен роль ойнайды деп атап көрсетеді. Жалпы эмоция фундаментальді деп аталады. Өйткені ол 3 құрауыштан тұрады [1]:

1. Арнайы ішкі детерминацияланған жүйкелі субстрат;

2. Мимикалық немесе жүйкелі бұлшықет тән комплекс;

3. Субъективті уайымдаумен ерекшеленетін немесе феноменологиялық қасиет.

Осы 3 компонент бірігіп, эмоцияны көрсетеді. Ал осы пайда болған эмоцияға түрлі сипат тән:

1. Қызығу – толқу – жиі уайымдалатын жағымды эмоция, ол оқуды, дағды, үйрену және шығармашылық талпынуды мотивациялайды. Яғни, осы қызығу нәтижесінде субъектінің белгілі нәрсеге деген процестері артады.

2. Қуаныш – максималды қажет эмоция. Ол сенімділік сезімімен сипатталады. Бұл Томкинс позициясы тұрғысынан қуаныш - жүйке стимуляциясының градиентінің қатты төмендеуінің нәтижесінде пайда болады.

3. Таңқалу эмоцияның бірнеше түрлерінен көрінеді, бірақ ол эмоция емес. Басқаларға қарағанда таңқалудың ерекшелігі - ол барлық уақытта өтпелі жағдаймен сипатталады. Ол жүйке стимуляциясының бірден жоғарлауы нәтижесінде пайда болады.

4. Қайғы-қасірет – бұл эмоция нәтижесінде адам өзін тастап жібереді. Жалғыздықты адамдармен қатынастың жоқтығын сезінеді, өзіне жалынышпен қарайды.

5. Ашу – бұл кезде бет қызарып, қан қайнап кетеді.

6. Жек көру – ашумен бірге пайда болады. Ол физикалық немесе физиологиялық бұзылудың нәтижесінде пайда болады. Ол деструктивті мінез – құлыққа алып келуі мүмкін;

7. Көргісі келмеу – жоғарыдағы екеуімен бірге пайда болады. Осы, яғни эмоцияның үш сипаты «жаушылық триадасы» деп аталады. Өзін күштімін яғни, басқадан ақылдырақпын, білімдімін, т.с.с) сезіну осыған алып келеді. Мұның бір қауіптілігі «суық» эмоцияға келіп тіреледі, ол индивид немесе топтың деперсонализациялануына алып келеді. Бұл эмоция біреуді өлтіруде көмегін тигізеді;

8. Қорқыныш – бұл эмоция адам психикасы үшін өте зиян: адам тіпті «өлуге» дейін қорқуы мүмкін;

9. Ұят – бұл адамның тығылу немесе жоғалып кетуіне кепіл болады немесе керісінше;

10. Күнә - моральды этикалық норманы бұзу нәтижесінде пайда болады.

Біз эмоцияны мінез - құлық бейнесі ретінде көреміз. Түрлі теорияларға сүйене отырып, эмоция механизмі туралы келесі түсініктерді береді: Сөйтіп, қабылданған объект танылмаған инстинкті энергияны мобилизациялау инициаторы болып табылады деп атап көрсетеді, егерде осы энергияның шығуына ашық жолдар болмаса, (яғни, бұл инстинктивті талаптың конфликті болу жағдайлары) онда ол басқа канал арқылы жол тауып, тұр-

лі әрекеттерге әкеліп соғады. Осының әсерінен «эмоционалды түр» немесе эмоционалды сезім – симультанды немесе бірінен кейін бірі немесе жалғыз иекті болуы мүмкін.

Сонымен, мінез-құлық – психологиялық дәстүрлерде кеңінен қолданылатын жалпы термин. Осыған байланысты, эмоция мінез-құлық ретінде қарастырылған жоқ, ол мінез-құлық негізінде жататын феномен ретінде қарастырылды. Әрбір адам басқа адамдардан өзінің даралығымен ерекшеленеді. Ол даралық өзгешелік мінез болып табылады

#### **Әдебиеттер:**

1. Ильин Е.П. *Эмоции и чувства*. - СПб: Питер, 2001. - 752 с

2. Танирбергенова А.Ш. *Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы*. –Астана, 2014.

3. Прихожан А.М. *Тревожность у детей и подростков: психологическая природа и возрастная динамика*. – М., 2000.

4. Захаров А.И. *Дневные и ночные страхи у детей*. Серия «Психология ребенка» - СПб., 2000.

Нагымжанова К.М.

п.ғ.д., профессор

Танирбергенова А.Ш.

п.ғ.к., доцент, anar-tanirbergenova@mail.ru

Сабит Д.

«Тұран-Астана» университетінің магистранты

## ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУ МЕН ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕРДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

**Түйін:** Мақалада тұлға мәселесінің зерттелу барысындағы ғалымдардың ой-пікірлеріне талдау жасалып, тұлға ұғымы талқыланды. Тұлғаны дамыту мен қалыптасуы мәселесі қарастырылған. Тұлғаның бойында қалыптасатын тұлғалық қасиеттердің мамандық таңдау мен кәсіби іс-әрекетпен байланысы қамтылған. Тұлғаны зерттеудің негізгі бағыттары көрсетілген.

**Кілтті сөздер:** тұлға, тұлғалық қасиет, тұлға теориясы, тұлға психологиясы, мамандық таңдау.

**Резюме:** В данной статье сделаны анализ мыслей ученых о личности, также анализирован феномен личности. Рассмотрены проблемы формирования и развития личности. Также рассмотрена формирования личностных качеств и связь с выбором профессии и профессиональной деятельности. Показаны направления исследования личности.

**Ключевые слова:** личность, личностные качества, теория личности, психология личности, выбор профессий.

**Summary:** This article analyzes the thoughts of scientists about the individual, and also analyzes the phenomenon of personality. The problems of the formation and development of personality are considered. Also considered the formation of personal qualities and connection with the choice of profession and professional activity. Are shown the direction of the study of personality.

**Keywords:** personality, personal qualities, personality theory, personality psychology, the choice of professions.

Адамзаттың әлеуметтік-тарихи дамуы барысында өз еңбектерін ұйымдастыру үшін көптеген күрделі құрал-жабдықтар, оның ішінде техниканы кеңінен пайдалануға байланысты мамандыққа даярлықтан өткізетін мектептер қалыптасты. Кәсіби мектептерде оқыту үшін әр индивидтің жекелік психологиялық ерекшеліктерін анықтап, әр адамның мамандық қызмет түріне икемділігін зерттеумен ұштастыру мәселелері көптеген елдерде ХҮІІІ ғасырдың аяғында басталды. Жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктері туралы ғылыми тұрғыдан негіздеуді алғашқы бо-

лып ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ф.Гальтон қарастырды. Ол 1988 жылы халықаралық медициналық және денсаулық сақтау әдістерінің көрмесін ұйымдастырды. Халықаралық медициналық және денсаулық сақтау әдістерінің көрмесіне келушілерге өздеріне тән қабілетімен қатар психологиялық ерекшеліктерін 17 көрсеткіш бойынша анықтап алуына мүмкіндіктер жасалды. Бұл көрменің қолданбалы психологияға қызығушылық тудырудағы рөлі ерекше болды. Өйткені осы күннен бастап жеке тұлғалық қасиетті зерттеу проблемасы АҚШ, Германия, Франция т.б. елдерде кеңінен тарады [1].

Келесі кезеңде психодиагностикалық әдістемелердің көп мөлшерде жасалуымен байланысты әлеуметтік-психологиялық зерттеу орталықтары ашылып, бұл орталықтарда психодиагностикалық зерттеулермен қатар мамандыққа баулу және мамандыққа жарамдылығын анықтау жұмыстары жүргізілді.

Мінез бітістеріне Э.Кречмер[2], У.Шелдон зерттеулері бағытталды. Кейін мінез бітістеріне Э.Фромм, К.Леонгард, А.Е.Личконың еңбектері жалғасын тапты.

Ж.Аймауытов тұлғаны дамыту мен болашаққа бағдарлау мәселесінің маңыздылығын оқытумен байланыстырып, оқыту үдерісіндегі белсенділік мәселесінің маңыздылығын айтқан [3]. Ж. Аймауытов еңбектерінде әрбір адам мамандық таңдай алатындығын, сол мамандық таңдау ісінде өзінің туғаннан берілетін қабілетінен қандай әрекет түріне бейімділігін анықтауға болады деп көрсеткен. Егер адам өз бойындағы икемділігіне сай мамандық таңдайтын болса, бұл мамандықтың әлеуметтік ортаға, қоғамға пайда әкелетіндігін айтқан болатын. Осылайша Ж.Аймауытов өз еңбектерінде мамандық таңдау ісінің маңыздылығын баса айтқан [3].

Ал, М.Жұмабаев [4] психиканы ақыл-оймен, жүрекпен және ерік-жігермен тығыз байланысты бірлік ретінде қарастырған.

Т.Тәжібаев [5] тұлға психологиясын темперамент, мінез және қабілет сияқты қасиеттермен айқындаған.

Қ.Жарықбаев [6] тұлғаны – дара әлеуметтік тіршілік ету әдісі бар, ерекше өмір жолы бар,

өзінің ұстанымы бар, өмірлік орнын еркін әрі жауапкершілікпен таңдай білетін қоғамның өкілі болып табылатын адам деп анықтама берген. Адам тұлға болып туылмайды әлеуметтену үдерісінде тұлға болып қалыптасатындығын айтқан.

С.М.Жақыпов [7] зерттеулерінде тұлғаның танымдық белсенділігін зерттеу барысында да мамандық таңдаудағы мақсат пен мотивті детерминациялайтын факторларды көрсеткен

Г.Ж.Лекерова, И.К.Аманова, С.Д.Шукешева және басытуды және қалыптастыруды алдыңғы орынға қояды.

Х.Т.Шерьяданова адамның туылған тұлға ретіндегі қалыптасуы мен дамуының әртүрлі қырларын зерттесе [8], А.Р.Ерментаева адам егер адамгершілік құндылықтарды бойына жинамаған, психологиялық тұрғыдан даму дәрежесі төмен болса, сонымен қатар бойында ізгілік, белсенділік, дербестік, бастамашылық секілді субъективті қасиеттердің болмайтындығын өзінің зерттеулері нәтижелерінде анықтаған. Тұлға субъект тұрғысынан өзгелерге деген құндылық қатынастары негізінде анықталатындығын айтады [9].

Тұлғаның дамуы мәселесін қарастырған ғалымдар еңбектерін талдау бізге оның дамуында қоршаған ортаның ықпалының басымдығын, даму нәтижесі іс-әрекетінде көрініс табатынын және даму үдерісі оның өзіндік санасының, мотивациялық, эмоционалды-еріктік қырларының дамуымен тікелей байланысты екендігін көрсетті. Ал бұл болса бізге кәсіби даярлау үдерісінде әскери қызметшілердің кәсіби мәнді сапаларын дамыту мүмкін екендігіне себеп болды. Сондықтанда зерттеулерге назар сала отырып, тұлға дамуы мен жетілуінде мамандық таңдау маңыздылығы алдыңғы орындарға шығары сөзсіз.

Мамандық таңдай әр адам өміріндегі маңызды қадам. Таңдаған мамандығын атқару барысында тұлғаның мінезінде елеулі өзгерістер әкеліп, оның бойындағы қабілеттерінің толық ашылуына негіз болады. мамандыққа бағдарлау, мамандыққа деген мотивация мәселелері туралы көптеген ғалымдар зерттеу жасаған. Ф.Гальтон, Г.Мюнстерберг, П.П.Блонский Ю.П.Сокольников еңбектері негіз болған.

1908 жылы Бостонда адамның өмірлік жолын анықтау әдістемелері қолданылып, алғаш рет жастарды кәсіби бағдару мекемесі ашылған болатын. Кейінірек мұндай мекемелер Нью-Йоркте және басқада жерлерде қызмет атқара бастады. Ф.Парсонс 1909 жылы психометриялық әдістемелерді пайдалану жолын тұлға теориясын зерттей отырып құрды.

Кәсіби психологиядағы зерттеулер 1940 жылдан бастап психофизиологиялық қасиеттерді зерттеуден тұлғалық қасиеттерін зерттеуге ауыса бастады. Профессиналдың тұлғалық қасиеттерін

зерттеуге деген қызығушылық себептері мынандай:

Л.В. Корнива тұлғалық қасиеттер кәсіби іс-әрекеттің сәттілігі сенімділігі және т.б. объективті көрсеткіштеріне мәнді әсер ететіндігін айтқан. Ол педагогикалық іс-тәжірибелердің мамандыққа бағдарлануына әсер ететіндігін зерттеулерінде ашып көрсеткен.

Кәсіби маңызды қасиеттері болып келетін тұлғаның ерекшеліктері кәсіби іс-әрекеттің өнімділігіне, сенімділігіне және басқада объективті көрсеткіштеріне маңызды әсер етуі мүмкін. Бұл заңдылық іс-әрекеттің барлық түрлері үшін дәлелденген.

Тұлғаның ерекшеліктері кәсіби оқытудың маңызды детерминанттары болып келеді, себебі кәсіби шеберлікті алу жылдамдығы мен дайындық сапасы соларға байланысты болады. Кәсіби іс-әрекеттің сипаттамаларына тұлғаның ерекшеліктерінің әсері еңбекке деген қанағаттанушылық сияқты маңызды субъективті көрсеткішпен көбінесе жанамаланған болып келеді. Іс-әрекеттің кейбір түрлерінде жақсы мен жаман профессионалдар топтарының арасында тұлғалықтан басқа психологиялық ерекшеліктерді табу мүмкін еместігі анықталыны. Осыған төменгі деңгейдегі психологиялық қасиеттер маңызды болып саналатын іс-әрекет түрлері де жатады.

Қорыта келе тұлғаны зерттеудің негізгі екі бағыты қолданылып келеді. Біріншіден еңбектегі тұлғаның жеке индивидуалды психологиялық ерекшеліктеріне зерттеуде көп еңбектер арналған яғни, тұлғаны толығымен зерттеуден гөрі, біреуін немесе бірнеше тұлға белгілерін тереңдей зерттеуді эксперименталды тұрғысынан жүзеге асырған оңайырақ. Көптеген әдістемелер жеке белгілер диагностикасына немесе олардың комплектілеріне бағытталған. Зерттеуші зерттеу жүзінде көбінесе кәсіби маңызды қасиеттер концепциясына сүйенеді. Бұл қасиеттер жинағы іс-әрекеттің әр түріне әртүрлі болып келеді. Мұнда аналитикалық бағытталған тұлғаны тұтастай зерттеу деңгейіне көшу тәсілі байқалады. Сондықтан да бұл бағытты екінші бағыттан ажыратып алу мүмкін емес.

Жалпы тұлға дегеніміз өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасқан, қажеттіліктері мен қызығушылықтары негізінде іс-әрекетін ұйымдастырумен қатар, бағытын таңдай алатын, қоғамда белгілі орны бар адам немесе индивид деуге болады.

### Әдебиеттер

1. Гальтон Ф. Исследование человеческих способностей и их развитие <http://go.mail.ru/search>
2. Кречмер Э, рус пер «Строение тела и характер» 2 изд., М.-Л., 1930 <http://go.mail.ru/search>
3. Аймауытов Ж. Еңбектерінің психологиялық

мәні. // Журнал «Ұлт тағылымы».-2017,-№2 256-259 бет

4. Жұмабаев М. Педагогикалық ой тағылымдарын жаңа тұлға мәселесі // Қазақстан мектебі.-2016,-№9., 50-52 бет

5. Тәжібаев Т. Жалпы психология. Алматы, 1993.

6. Жарықбаев Қ.Б. Психология. – Алматы, 2004. – 272 б.

7. Джакупов СМ. Экспериментальные исследования этнических предубеждений // Теоретические и прикладные аспекты социализации личности:

Межвузовский сборник научных трудов / Под ред. СМ. Джакупова. - Алматы, 2002. - С.35-45.

8. Шерьяданова Х., Ермакбаева Л.К. Коррекционная тренинг-программа по устранению трудностей в обучении детей. - Алматы, 2006. -174с.

9. Қазақ студенттерінің кәсіби дамуына психологиялық әсер ету мәселелері / Ерментаева А.Р. // Региональное развитие Казахстана за десять лет независимости Республики: социально-экономический анализ: Тез. докл. междунар. науч.-теорет. конф. - Усть-Каменогорск, 2011. - С.99-100.

**Сарыбаева Әлия Хожанқызы**

П.ғ.к., доцент м.а., alya.sarybayeva@ayu.edu.kz

**Турмамбеков Торебай Абдрахманович**

Ф.-м.ғ.д., профессор, torebay.turmambekov@ayu.edu.kz

**Серікқызы Ақшолпан**

PhD докторант, aksholpan.serikkyzy@ayu.edu.kz

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қаласы.

## **ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ҰҒЫМЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА ТАЛДАУ**

***Түйін.** Мақалада функционалды сауаттылық ұғымын қалыптастыру мәселелерінің ерекшеліктері қарастырылған. Функционалды сауаттылық мәселелері жөнінде зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалған. 15 жастағы білім алушылардың білім жетістіктерін бағалайтын халықаралық зерттеу нәтижелері қарастырылған. Болашақ физика мұғалімдерінің функционалды сауаттылығын қалыптастыруға қойылатын талаптар талданған.*

***Резюме.** В статье рассматривается особенность проблемы формирования понятия функциональной грамотности. Описаны обзоры работ ученых по проведению исследования функциональной грамотности. Рассматривалось международное исследование образовательных достижений 15-летних учеников. Проанализированы требования к формированию функциональной грамотности будущих учителей физики.*

***Summary.** In the article features of a problem of formation of concept of functional literacy are considered. Descriptions of the works of scientists on the study of functional literacy are described. An international study of the educational achievements of 15-year-old pupils was considered. The requirements to the formation of functional literacy of future physics teachers are analyzed.*

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында: «Бәсекеге қабілетті ел болу үшін, біз жоғары білімді ұлт болуымыз қажет. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалды сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін аса маңызды» деп атап көрсетілген [1].

Қоғамның сұранысына сай осы талаптарды орындай алатын болашақ мұғалімдерді даярлау өзекті іс болып отыр. Сондықтан қазіргі күнге дей-

ін жоғары оқу орындарында оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдері, оқыту құралдары, оқытудың жаңа технологиялары зерттеліп келеді. Өзгермелі қоғамда білім беру саласындағы жетістіктер – ақпараттандыру бағытының дамуымен ұштасады. Олар қазіргі білім, білік, дағды ғана емес, сонымен қатар негізгі, өзекті және пәндік құзыреттіліктер мен функционалды сауаттылық компоненттерін де қамтиды.

Функционалды сауаттылық белгілі бір мәдени ортаға бейімделген, әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінде білім, білік және дағдыға негізделген жеке тұлғаның қалыпты жұмыс істеу қабілеті ретінде анықталады [2].

«Функционалды сауаттылық» термині 1957 жылы ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейінірек зерттеушілердің қолданысына енді. Шамамен 70-ші жылдардың ортасына дейін зерттеу стратегиясы мен тұжырымдамасы адамдардың кәсіби қызметімен, яғни осы саладағы білім мен дағдылардың жеткіліксіздігін теңестірумен байланысты болды. Онан соң ғана, функционалды сауаттылық термині кеңірек мағынада қарастырыла бастады: компьютерлік, саяси, экономикалық және т.б. сауаттылықтарды қосу.

Функционалды сауаттылық анықтамаларының бірнеше нұсқаларын қарастырайық.

Функционалды сауаттылық (ағылш. functional literacy) – тұлғаны дамытуға, жаңа білім алуға, мәдени жетістіктерге жетуге, жаңа техниканы меңгеруге, кәсіби қызметтерді табысты орындауға, отбасылық өмірді, яғни балаларды тәрбиелеуді ұйымдастыруға және әр түрлі тұрмыстық мәселелерді шешуге қажетті білім мен дағдыны қамтамасыз ететін білім беру нәтижесі.

Функционалды сауаттылық деңгейі «Қазіргі заманғы адамның білуі және қабілетті болуы тиіс» деген теңеумен айқындалып және мәдени, аймақтық дамуды есепке ала отырып, әрбір мемлекет үшін анықталды.

В.В.Маскевич пен С.А.Крупник, қызметтік сауаттылық функционалды сауаттылық жөніндегі ұғымда ерекше орын алады: анықталмаушылық жағдайында қызметтің қарапайым акттерін жүзеге асыру, қарым-қатынасты іске асыру, жеке қызмет-

тік мақсат пен тапсырмаларды қою мен өзгерту қабілеттілігі деп тұжырымдады. Сауаттылықты жүзеге асыру ол болмаған жағдайда ғана анықталады. Функционалды сауаттылық қоғамдық қарым-қатынасты дамытады. Осы жерде функционалды сауаттылықтың өзектілігі қойылады: халық, елдер және мәдениетті жоғалтқан уақыттың орнын толтыруға, алда тұрғандарды қуып жетуге мәжбүрлік.

Функционалды сауаттылық (лат.- бағыт) адамның өзіне жүктелген немесе өз еркімен қабылдауға дайын функцияларын орындау дәрежесі.

Функционалды сауаттылық мәселелері жөнінде заманауи психологиялық-педагогикалық ғылымда жүргізілген зерттеулер теориялық және практикалық көзқарас тұрғысынан көптеген ғалымдардың еңбектерінде сипатталған. А.М.Имашев, Т.И.Акатова, О.Е.Лебедев, Л.И.Полищук, С.Ю.Черноглазкин өз зерттеулерінде болашақ мұғалімдердің функционалды құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін қарастырды.

Функционалды сауаттылық халықтың әл-ауқаты мен тұтастай мемлекетті алғандағы әлеуметтік-экономикалық құбылыс болып табылады. Зандылыққа сай, XX ғасырдың ортасынан бастап, функционалды сауаттылық халықаралық ұйымдардың көзіне түсті, 1990 жыл ЮНЕСКО-мен сауаттылықтың халықаралық жылы болып жарияланды, БҰҰ бұл ұғымды кеңірек түсіндіру мақсатында 2003-2012 жылдарды сауаттылықтың он жылдығы деп жариялады. Шартты түрде функционалды сауаттылық деңгейі мына тұжырымда айтылады: «Қазіргі заманғы адамның білуі және жасай алуы тиіс» және әрбір ел үшін мәдени және ұлттық құндылықтар негізінде анықталды.

Адамдар функционалды сауаттылықты хронологиялық шекараларды ұлғайтудың арқасында меңгереді, функционалды сауаттылықтың бастамасы тұрақты ұлғаю үрдісіне ие. Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру болашақ студенттердің, мамандардың құзыреттіліктерінің алға қарай дамуы үшін негіз болады. Осылайша, зерттеудің өзектілігі функционалды сауаттылық деңгейін жоғарылату қажеттілігін сезінген бітірушінің қажет екендігімен анықталады, яғни дағды деңгейін жоғарылату, ақпаратты қолдана білу, қызметтің жалпылама мақсаттары мен міндеттерін өз бетінше қоя білу және қалыптасқан қарым-қатынас жүйесіне тез бейімделу.

Атап айтсақ, функционалды сауаттылық мәселелерін білім берудің философиясы деңгейінде Б.С.Гершунский, В.В.Мацкевич, С.А.Крупник, үздіксіз білім беру аспекті ретінде С.А.Танган, И.А.Колесникова, құзыреттілік тәсіл тұрғысынан А.В.Хуторской, О.Е.Лебедев зерттеген.

Функционалды сауаттылықты теориялық және практикалық зерттеу көптеген ғалымдардың жұмыстарында көрініс тапты: Л.М.Перминова, О.Е.Лебедев – оқушылардың функционалды сау-

аттылығын қалыптастыру технологиясы; Л.Н.Полищук – технологиялық типтегі функционалды сауаттылықты қалыптастыру; В.А.Ермоленко, Р.Л.Перченков, С.Ю.Черноглазкин жалпы, кәсіби және қосымша білім беру жүйесінде функционалды сауаттылықты қалыптастыру технологиясын жасады; Н.Н.Сметанникова функционалды сауаттылықты оқу сауаттылығының стратегиялық тәсілі шеңберінде зерттеді; болашақ мамандарды кәсіби тұрғыдан дайындауға байланысты мәселелер Г.З.Адилгазинов, Г.К.Ахметова, Н.П.Албытова, Б.Әбдікәрімұлы, С.Ә.Әбдіманапов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Сонымен қатар, зерттеушілердің тұрақты қызығушылығына қарамастан, оқушылардың құзыреттілігін дамытуға әсер ететін, функционалды сауаттылықты қалыптастыру мәселесі педагогикалық ғылым мен практикада әлі де кең қолданыс таппады [3].

Функционалды сауаттылық – бұл қолданбалы білім негізінде әр түрлі қызметтік ортада стандартты тұрмыстық тапсырмаларды шешу қабілеттілігімен сипатталатын білімділік деңгейі. Функционалды сауаттылық ережелер, нормалар, тәсілдер, бұл ережелерді түсіну мен оларды сақтау дайындығы негізінде жатқан білімді меңгеруді ұсынады. Функционалды сауаттылықты меңгеру процесінде шешілетін тапсырмалардың келесі түрлерін бөліп қарастыруға болады: қоғам алдында балаларды дұрыс өмірлік ұстанымға, кез-келген жағдайда өзіндік ойының болуына, өз дербестігін сақтай алуға үйрету мәселесі түр. Балалардың күрделі жағдаяттарда өмірге бейімделген болуы және ондай жағдайлардан өзінің шыға білуі маңызды. Аталған тапсырмаларды шешуге қабілетті, шешуші факторлардың бірі тұлғаның креативтілігін дамыту болып табылады. Білім беру мазмұнының барлық компоненттерін кешенді жүзеге асыру қажеттілігі мен оқушы тұлғасының жан-жақты шығармашылық өзіндік дамуына педагогикалық процесстің бағытталуы оқыту функцияларын негіздейді: білімдік, тәрбиелік және дамытушылық. Сонымен қатар, білім беру функциясы көлемнің ұлғаюымен, яғни дамытушылық – құрылымдық күрделенуімен, ал тәрбиелік – қарым-қатынасты қалыптастырумен байланысты [4].

Функционалды сауаттылық дегеніміз - танымдық, эмоционалды және мінез-құлық дағдылары мен іскерліктерінің қатары, олар адамдарға мүмкіндік береді:

- тұлға ретінде өмір сүруге және жұмыс істеуге;
- өз әлеуетін дамытуға;
- маңызды және негізгі шешімдерді қабылдауға;
- өз өмірі мен қоғамның сапасын жақсарту үшін қоршаған ортада және қоғамда (жергілікті, ұлттық, жаһандық) тиімді жұмыс жасауға [5].

Функционалды сауаттылық концепциясына негізделген танымал халықаралық бағалау зерттеулерінің бірі - Экономикалық ынтымақтастық



және даму ұйымы (ЭЫДҰ) өткізген 15 жастағы білім алушылардың білім жетістіктерін бағалайтын халықаралық зерттеу (Program for International Student Assessment - PISA) болып табылады. 15 жасар жеткіншектердің мектепте оқып жүрген кезде алған білімдері арқылы ойлау белсенділігін дамытып, білімі мен біліктіліктерін өмірдің жаңа жағдайында пайдалана білуге қажеттілігі туындайды. Бұл міндеттердің жүзеге асуы оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін оңтайлы ұйымдастыруға тікелей байланысты. Мектеп оқушысы жаңаша өмір сүріп қоймай, қоғамның әлеуметтік, құқықтық, экономикалық нормаларын меңгере отырып, қоғаммен тығыз байланыста болуын дамыту керек.

PISA арқылы тестілеу барысында функционалды сауаттылық үш жақты бағаланады: оқу сауаттылығы, математикалық және жаратылыстану сауаттылығы. Зерттеу циклды жүргізіледі (үш жылда бір рет). Әрбір циклде функционалды сауаттылықтың қандай да бір түріне көңіл бөлінеді.

2009 жылы Қазақстан алғаш рет PISA зерттеуіне қатысты. Зерттеу нәтижелеріне қарағанда, қазақстандық оқушылардың үлесі:

10-жаттығу. Adj формасы сөз тіркесінің қай орнында келеді және неліктен? Мысалдар келтіріңдер.

11-жаттығу. Басыңқы орында Adj келгенде, Қандай процестер жүретініне бақылау жасап, синтез жасаңдар.

12-жаттығу. Төменде берілген сөз тіркестеріне байланысу тәсілдеріне қарай жіктеу жасаңдар.

Қара бала, қара жол, қара жүрек, қара көңіл

13-жаттығу. Берілген сөз тіркестерін байланысу түрлеріне қарай жіктендер.

14-жаттығу. S+V моделіндегі сөз тіркесін құраңдар. Осы сөз тіркесін қосып, жалаң сөйлем құраңдар. Берілген модель мен жалаң сөйлемге салыстыру жасап, тұжырымға келіңдер.

15-жаттығу. Берілген сөз тіркестері түрлендіруге, өзгертуге келе ме? Бақылау жасап, әрбір жасалған әрекеттеріне жазбаша сипаттама беріңдер.

16-жаттығу. Көп нүктенің орнына өзлерің бір етістік тауап, сөз тіркесін құраңдар. Неліктен сол сөзді таңдағандарыңа түсінік беріңдер.



17-жаттығу. Берілген етістіктерді қосып сөз тіркестерін құраңдар. Олармен сөйлем құрастырыңдар.

18-жаттығу. Берілген таблицаны есімді және етістікті сөз тіркестерімен толықтырыңдар. Есімді және етістікті сөз тіркестеріне қысқаша сипаттама беріңдер.

19-жаттығу. Num+S моделіне 12 мысал келтіріңдер. Ішінде өзгертуге келетініне бақылау жасап, неліктен өзгерту жасауға болатынын түсіндіріңдер.

Қорытындылай келе Қазақстан Республикасында білім саласында тұлғалық-бағдарлы оқытуға және ізгілендіруге көшуде қоғам талаптарына байланысты демократиялық құндылықтарға көшуде шешуші роль 12 жылдық білім жүйесіне берілген. Осыған орай, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру қазіргі білім жүйесінің басты бағыттарының бірі болып қарастырылуда және білімі салада 12 жылдық білім беру дидактикалық және педагогикалық міндеттерді шешу жолында зор құрал болып отыр. Қазіргі мемлекеттік стандарттар мен қаулыларда 12 жылдық білім беру жүйесін әдіснамалық және практикалық талдауларда оқытудың және тәрбиенің психологиялық-педагогикалық

міндеттерін шешуге, оқушылардың жеке тұлғалық қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған үрдіс есебінде қарастырылады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. *Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. 20.01.04, № 6, Б.1-3*

2. *Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдамасы. Астана: 2006.-23 б.*

3. *Арстанов М.Ж. Пидкасистый П.И., Хайдаров Ж.С. Проблемно – модельное обучение: вопросы теории и технологии. А.: Мектеп 1980*

4. *Махмутов М.И. Современный урок. –М.:Педагогика, 1981. -192 с.*

5. *Полат Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учебное пособие. М.: Академия, 2003.-272 с.*

6. *Дәулетбекова Ж. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері п. г. д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның Авторефераты. Алматы, 2008, 51 б*

**Шатырбаева Г.Ж.**

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Оқыту және тәрбиелеу әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы,  
Талдықорған қаласы, e-mail: gulnar.shatyrbaeva@mail.ru

## **МАТЕМАТИКАДАН ҚАЛЫПТАН ТЫС ЕСЕПТЕРДІ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДА ПАЙДАЛАНУ**

**Түйін.** Математикадан қалыптан тыс есептерді бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытуда пайдалану арқылы оқушылардың мәселесі қарастырылады: оқыту процесінде қалыптан тыс есептерді пайдаланудың негізгі мақсаты мен міндеттері, әдістемелік ерекшеліктері анықталады. Бастауыш сыныптарда математикадан қалыптан тыс есептер арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту әдістемесі баяндалады.

**Кілттік сөздер:** бастауыш сыныптар, шығармашылық қабілет, әдістеме.

**Резюме.** В работе рассмотрены цель и задачи, методические особенности использование нестандартных задач по математике для развития творческих способностей учащихся начальных классов. Изложена методика развития творческих способностей учащихся начальных классов путем использования нестандартных задач.

**Ключевые слова:** начальные классы, творческая способность, методика.

**Summary.** The paper discusses the purpose and objectives, the methodological peculiarities of the use of non-standard problems in mathematics for development of creative abilities of primary school students. The technique of development of creative abilities of primary school students through the use of non-standard tasks.

**Keywords:** elementary school, creative ability, method.

Бастауыш мектептегі оқыту үрдісінің негізгі мақсаты оқушыларға білім беру ғана емес, сонымен бірге олардың шығармашылық қабілетін, ой-өрісін дамыту.

Шығармашылық қабілеттің дамуы біртіндеп жүреді, бірақ бірқалыпты емес. Оның дамуындағы алғашқы кезең іс-әрекет талаптарына табиғи қасиеттерді бейімдеу болып табылады. Шығармашылық қабілетті дамытудың екінші кезеңі оқу әрекетіне шығармашылық элементтерді енгізумен, мәселені қоюмен және шешімді өздігінен іздестірумен сипатталады. Қазіргі кезде әдіскер ғалымдар түрлі эксперименттің негізінде шығармашылық ойлау үрдісінің кезеңдік дамуын айқындауда. Шығармашылық процесінің әр кезеңінде оқушының бойында түрлі сапалық қасиеттер қалыптасады [1]. Бастауыш сыныптарда математикадан қалыптан тыс есептерді шығарудың үлкен білімдік және тәрбиелік маңызы бар. Н.А. Менчинская мен М.И. Моро[2] есеп шығару әрқашан да екі мақсатты көздейтін оқу іс-әрекеті ретінде қарастырылатындығын атап көрсетеді: біріншіден, есеп шығару математикалық ұғымдар мен заңдарды

менгеруге ықпал ететіндей құрал, екіншіден, оның өзіндік құндылығы бар, үйткені ол оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға қызмет етеді.

Оқу материалы балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырылса ғана, оның шығармашылық қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да сабақ балалардың талабын шаттандыратындай, ойын оятатындай, белсенділігін, саналы түрде ойлана білуін, ой-өрісінің дамуын, олардың іскерлігін дамытатындай болуы тиіс. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың бірден бір құралы математика есептері, оның ішінде қалыптан тыс практикалық мазмұнды есептер.

Теорияға байланысты қалыпты және қалыптан тыс есеп түрлері белгілі. Дайын ережелердің көмегімен шығарылатын есептер қалыпты делінеді де, ал шығару жолдары дайын ережелер арқылы табыла қоймайтын есеп – қалыптан тыс болып табылады.

Есеп шығару – ерекше ой жұмысы. Есеп шығару дегеніміз – математиканың жалпы заңдылықтарын (анықтамалар, аксиомалар, теоремалар, заңдар, формулалар) есеп шартына немесе оның салдарына белгілі бір ретпен қолдана отырып, есеп талабына жауап беру болып табылады.

Қалыптан тыс есепті оқушыға шығаруға берген кезде ол оның шығару тәсілін алдын ала білмейді де, шығару үшін қандай оқу материалына сүйенетінін де білмейді. Мұндай есептерді шығару барысында оқушылар есеп шығарудың жоспарын іздестіру жұмысын жүргізуі тиіс, оның шешу көзін ашатын теориялық материалды табуы тиіс. Сондықтан қалыптан тыс есеп оқушының ой-өрісінің дамуына ықпал етеді.

Математика ойлау құралы, оның мазмұнында оқушылардың танып қалыптастыруға, қалыптан тыс практикалық мазмұнды есептерді шығара білу қабілетін дамытуға берілген көптеген есептер бар.

Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытатындай, оқушыларының пәнге қызығушылығын арттыратындай математикалық фокустарды, арифметикалық ребустарды, дидактикалық ойындарды, ертегі-есептерді, такпақтарды, жұмбақтарды және т.с.с.-ды пайдалану тиімді болады.

Бастауыш мектептегі оқыту процесінің негізгі мақсаты оқушыларға білім беру ғана емес, со-

нымен бірге олардың шығармашылық қабілетін, ой-өрісін дамыту. Оқу материалы балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырылса ғана, оның шығармашылық қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да сабақ балалардың талабын шаттандыратындай, ойын оятатындай, белсенділігін, саналы түрде ойлана білуін, ой-өрісінің дамуын, олардың іскерлігін дамытатындай болуы тиіс. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың бірден бір құралы математика есептері, оның ішінде қалыптан тыс практикалық мазмұнды есептер [3,4].

Теорияға байланысты қалыпты және қалыптан тыс есеп түрлері белгілі. Дайын ережелердің көмегімен шығарылатын есептер қалыпты делінеді де, ал шығару жолдары дайын ережелер арқылы табыла қоймайтын есеп – қалыптан тыс болып табылады.

Қалыптан тыс есепті оқушыға шығаруға берген кезде ол оның шығару тәсілін алдын ала білмейді де, шығару үшін қандай оқу материалына сүйенетідігін де білмейді. Мұндай есептерді шығару барысында оқушылар есеп шығарудың жоспарын іздестіру жұмысын жүргізуі тиіс, оның шешу көзін ашатын теориялық материалды табуы тиіс. Сондықтан қалыптан тыс есеп оқушының ой-өрісінің дамуына ықпал етеді.

Бастауыш сынып баланың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі.

Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің мемлекеттік стандартына сәйкес, математикалық білімнің жаңа мазмұны біртекті емес және әр түрлі екі деңгейді қамтиды. Олар міндетті және мүмкін деңгейлер. Міндетті деңгейге бастауыш мектеп көлеміндегі берік игерілуі тиісті материалдар жатады. Ал, мүмкін деңгейге, мазмұны тұрғысынан алғанда, негізгі мәселемен үйлесетін, алайда оқушының математикалық ой-өрісін кеңейтуге бағытталатын, үйреншікті емес түрде ұсынылатын және де оны орындау шығармашылық іс-әрекетпен ұштасатын материалдар жатады. Мұның бәрі міндетті деңгейдің материалымен кеңейте және тереңдете түсуге қызмет етеді, математиканың жүйелі курстарының аса маңызды тарауларын ілгеріде оқытып – үйретудің негізін қалайды. Сондай-ақ балалардың дамуына әсерін тигізеді және негізгі материалды терең меңгеруге көмектеседі.

Баланың жас ерекшелігіне, зейініне сай, арнайы ұйымдастырылған логикалық ойын-ребус, сөзжұмбақ, қызықты әзіл-есептер, жұмбақ-есептер баланың ой-ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез-құлқын, ерік-жігерін қалыптастырады және де сабаққа қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады есептер [5].

Бастауыш мектеп математика курсына есептердің көпшілігі мәтінді есептер. Оларды шартты түрде мынадай топтарға бөлуге болады:

- бірмәнді сәйкестік орнатуға берілген есептер;
- логикалық тұжырым жасау арқылы шығарылатын есептер;

- тасымалдау туралы есептер;
- сұйықты ауыстырып құюға берілген есептер;
- өлшеуге арналған есептер.

Есептің түрін қалай білуге болады?

Бірінші белгісі есептің талабының сипаты.

Сондықтан есепті үш түрге бөлеміз:

1. Ізделіндіні табуға берілген есептер (есептеу есептері).

2. Дәлелдеуге немесе түсіндіруге берілген есептер (тұжырымның дұрыстығы, бұрыстығы, қандай да бір факторды түсіндіру).

3. Түрлендіруге немесе салуға берілген есептер (бір нәрсені құрастыру, өзгерту). Сол сияқты:

4. Бөлуге берілген есептер.

Процессуалдық есептер оқушылардың есеп шығару іс-әрекетіне қарай эвристикалық және алгоритмдік (қадаммен) болып бөлінеді.

Эвристикалық процессуалдық есептер оқушыларды шығармашылық іздеушілік немесе жартылай іздеушілік іс-әрекетке тартады, ол олардың интеллектуалдық білігінің дамуына ықпал етеді.

Мұндай есептерді шығару тәсілдері:

Кестелер құру(сұйықты ауыстырып құюға берілген есептер).

Суретті пайдалану және сурет бойынша талқылау.

Схема немесе блок-схема құру (Ешкі, қасқыр және капуста туралы есеп); (блок-схема – тындардың салмағын өлшеу);

(велосипедтер туралы есепке сурет)

Мұндай есептерді шығарғанда оқушылар түрлі таңбаларды, бейнелерді пайдаланады, талқылау нәтижесінде жауаптар алады, әрине бұл оқушылардың дамуына көмектеседі.

Түрлендіруге немесе салуға берілген есептер (бір нәрсені құрастыру, өзгерту) түрлі ойлау операцияларын қажет етеді. Мұндай есептердің ең кең тараған түрі сіріңке шырпысымен орындалатын есептер.

1. «Табиғи талқылау»есептері: Аралда әрқашанда шындықты айтатын рыцарьлар және әрқашанда өтірік айтатын купецтер тұрады екен. Аралдықтар олардың біреуінің көзінше біреуі өтірікші екендігін айтады. Олар кімдер?

- Марат, Саят, Дәурен, Болат және и Кәкім машинаның суреттерін салды

- олардың біреуі қызыл карандашпен өрт машинасының суретін салды;

- біреуі көк фломастермен жарыс машинасының суретін салды;

- біреуі қоңыр қаламмен жүк машинасының суретін салды;

- біреуі көк карандашпен жеңіл машинаның суретін салды;

Марат пен Саят карандашпен салды. Саят пен Дәурен бірдей түспен салды. Кім ненің суретін салды?

2. «Торға түсіру» есептері

Үш есе қырық пен бес қанша болады?

$$3 * 40 + 5 = 125 \text{ или } 3 * (40 + 5) = 135$$

- Екі бала 2 сағат дойбы ойнады. Олардың әрқайсысы қанша ойнады?

Өтештің екі аяқпен ұрғандағы массасы 4 кг. Егер өтеш бір аяқпен тұрса, онда массасы қанша болар еді?

- Төрт алманы кеспей біреуіне де артық болмайтындай етіп үш досқа бөліп беру керек. Мұны қалай жасауға болады?

3. Формальды-логикалық есептер, олардың жауаптары анық(және дұрыс) көрініп тұрады, бірақ алғашында оның қалай болатыны тіптен де түсініксіз болады:

Апам 4 ауа шарын сатып алды: қызыл және көгілдір. Көк шарларға қарағанда қызыл шарлар көп. Апам әр түстен қанша шар сатып алды?

4. “Іштей сұрағы бар есептер”:

а) Қолда бар шырпы шилерінен бірдей төрт шаршыдан тұратын фигура пайда болатындай етіп 2 шиді ауыстыру керек.

5. Жұмбақ есептер:

Тез сана: 012345678910.

Қатардағы 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 сандардың қосындысы қанша болады?

Егер ең үлкен екітаңбалы саннан екі сегіздікпен жазылған санды алып, ал алынған санға ең кіші екітаңбалы санды қосса, керекі сан шығады. Ол қандай сан?

Жоғалған цифрларды орнына қой:

Жақшаларды тура теңдік шығатындай етіп орналастыр:

$$211 - 126 - 74 * 8 = 88$$

Математика сабағында оқушының қызығушылығын тудыру үшін логикалық есептерді шығару шығармашылық есеп түрінде бастауыш сыныптан бастап беріледі.

Математиканың сан алуан сырын сандар әлемінің қызық құбылысын, осылай өрнектеген сабақ, не сабақтан тыс жұмыс қызықты әрі ұтымды болады. Логикалық тапсырмалар қарапайымнан басталып, біртіндеп қиындап оқушылардың танымдық қызметін белсендіруге назар аударады. Сабақта алған білім дағдысы ойлау барысында қолдану мүмкіндігі оқушының зор ынтасын тудырады, білгенін тереңдетіп, жаңа іс – қимылға жетелейді. Белсенді емес оқушылар жолдастарынан кейін қалмау үшін алға ұмтылады.

Логикалық есептер бастауыш сыныптан бастап, шығармашылық жұмыс ретінде, әр тақырыпта немесе келесі тақырыпқа дайындық ретінде беріледі.

Әр сыныптағы шығармашылыққа берілген есептерді қарастырайық.

1 - сынып бойынша амалдарды орындауға берген шығармашылық есеп. Тақырып «4» және «5» сандарын өткенде берілген логикалық есеп.

$$1) 24 - 2$$

$$2) + 4 - 35 + 4$$

2-сыныптан бастап 2 орынды сандарды өтеді және теңдеуді құрып, оны шеше білуге дағдыланады.

Осыған байланысты мынадай шығармашылық тұрғыдан логикалық ойлауға есептер беріледі. Теңдеу құрып оны шеше білуге үйретеді.

Берілгені:

Айданың ойлаған санынан ең үлкен бір таңбалы санды  $(x - 9) + 11 = 100$  азайтып, нәтижеге ең кіші екі  $x - 9 = 99$  таңбалы санды қосқанда,

$$100x = 108 \text{ шықты.}$$

Айдана қандай сан ойлады? Жауабы: 108

Ол сан туралытағы не айтуға болады?

Бұл есеп ойлауға, теңдеу құрып, оны есептеп, келесі үш орынды санды өтуге дайындық болып келеді.

Қызықты әзіл-есептер:

1. Олжас пен Жандос жасырынбақ ойнады. Олжас кәрі еменнен 12 қадам солға, 5 қадам оңға, қайтадан 4 қадам солға, 11 қадам оңға жүрді. Олжасқайдатығылды? (Шешуі: кәріеменнің түбіне)

2. Дорбадағы 10 асықты 10 бала бір-бірлеп алды. Сонда бір асық дорбада қалды. Бұл қалай?

3. 10 жасар Арман шашын тақырлап алдырып-тастады да ойланды. Егер менің шашым айына 1 см өсетін болса, 20 жасқа келгенде, менің шашымның ұзындығы қандай болар еді? (Шешуі: 120 см)-4 сынып.

Теңдеулер шешу» тақырыбына ұсынылатын есептер:

«Барлығы қанша қарға?»

Келеді ұшып екі қарға,

Топ достарын ертіп талға

Болды елу әлгі жиын

Санағанда демей қиын.

Болмаңыздар әбігер,

Шешімі табылар бәрі бір.

Айтпай есеп шарты кім,

Теңдеу құру тәртібін?

(Жауабы:  $2+x=50$ ,  $x=48$  қарға)

«Кетті бірге нешеуі»

Кездесіп бір топ аңменен,

Болды 30 бас малменен.

Олар кетті қоштасып,

Үш түлкімен достасып.

Теңдеуді ойлап құрыңыз,

Мал санын айта тұрыңыз.

(Жауабы:  $x+3=30$ ,  $x=27$  бас мал)

Есептеулерді жылдам орындаудың кейбір тәсілдері:

ABC Осы есептегі А,В,С орнына 0 мен 9 арасындағы сандарды тауып ABC қойындар. Сонда В-ның орнына қай сан сәйкес келеді.

ABC (Шешуі:В-9, А-1, С-8)

$$\begin{array}{r} + \quad C \\ 6 \quad 0 \quad 2 \end{array}$$

$$725-96=(725+4)-100=629$$

$$246 \cdot 5 = (246 : 2) \cdot 10 = 123 \cdot 10 = 1230$$

- |             |              |
|-------------|--------------|
| а) 38-9;    | в) 572-84;   |
| а) 134 · 5; | б) 428 · 84; |
| ә) 146-18;  | г) 4325-190; |
| ә) 68 · 5;  | в) 1308 · 5; |

Математиканы оқып – үйрену есеп шығаруды үйрену үшін ғана емес, кез – келген проблеманы шеше білу, өз қабілетіңізді жетілдіре алу үшін қажет.

Сондықтан адамды тез ойлай білуге, аңғарымпаздыққа, ой ұшқырлығына жетелейтін оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған логикалық есептердің орны ерекше.

Бастауыш сыныптарда математикадан қалыптан тыс есептер оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін белгілі жағдай туғызу қажет. Мұғалім оқушылардың ізденімпаздығын, ойлау әректін дұрыс ұйымдастырған жағдайда ғана қалыптан тыс есептер арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту тиіді болады. Ең бастысы, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай қалыптан тыс есептерді шығарудың жалпы әдіс-тәсілдерін қалыптастыру қажет.

Бастауыш сыныптарда оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін математикадан қалыптан тыс есептерді шығаруға арнайы дайындау қажет екендігін атап көрсеткен жөн. Әрбір қалыптан тыс есеп – шағын проблема. Ол оқушылардан ойлау белсенділігі мен тапқырлықты талап етеді, логикалық-математикалық өнімді, эвристикалық ойлауын дамытуға, ойлау операцияларының дамуына оң ісерін тигізеді, жалпы алғанда оқушылардың математикалық дайындығының сапасын арттырады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қарасаев М.Ә., Еркінбаева Л.Қ., Нұғысова А., Сапарғалиев Ч.К. Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық іс-әрекет жүйесінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. Оқу-әдістемелік құрал. –Талдықорған. I. Жансүгіров атындағы ЖМУ. 2013. -126б.
2. Менчинская Н.А., МороМ.И. . Средства обучения математике в начальной школе. –М.,1991.
3. Нұғысова А. Практикалық мазмұнды есептер. Алматы. Республикалық Баспа Кабинеті. 1999. - 38б.
4. Стамбекова А.С. Практикалық мазмұнды есептер арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту. Учебно-методическое пособие I.Жансүгіров атындағы ЖМУ. – Т.2, 2015. -182б.
5. Нұғысова А., Алпысбаева Н.С. Студенттерді дидактикалық құралдар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға даярлау: Оқу-әдістемелік құрал. -

Әбдікерім Айша  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты, aysha.2018@list.ru

## КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ӨСУГЕ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Түйін.** Мақалада көптілді білім беру жағдайында мұғалімдердің кәсіби өсуге даярлығын қалыптастыру мәселесі көтерілген. Көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз қажет екендігі және бүгінгі ұрпақтың бәсекеге қабілетті болуына көптілділіктің маңызы зор екендігі қарастырылған.

**Резюме.** В статье рассматриваются вопросы формирования повышения профессиональной подготовки учителей в условиях образования. Обобщен опыт работы по усвоению языков в рамках программы полиязычного образования, рассмотрена роль трехязычия в повышении качества образования и формировании конкурентноспособной личности.

**Summary.** The article deals with the formation of an increase in the professional training of teachers in the conditions of education. The experience of work on mastering languages within the framework of the program of multilingual education is generalized, the role of trilingualism in improving the quality of education and the formation of a competitive personality is considered.

Еліміздің экономикалық және әлеуметтік модернизациясының маңызды бір бағыты болып тәуелсіз Қазақстанның жаңа тілдік саясаты орын алады. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына арнаған "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" атты 2007 жылғы 28 ақпандағы жолдауында [1] «Үш тұғырлы тіл» уникалды мәдени жобаны жүзеге асыруды біртіндеп бастауды ұсынды. Бұл жобаның мәні әр қазақстандық үш тілді меңгеруге кірігуі керек, ал білім жүйесі- мектеп және жоғары оқу орындары- бұл үшін қажетті шарттарды құрды. Күтілетін нәтиже- Қазақстан экономикасын көтеру, әлемдік кеңістікке еркін кіруге және бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету.

ҚР президентінің сөзінде, «Үш тілді қолдану арқылы Қазақстан барлық әлем жоғары білімді ел ретінде қабылдайтын ел болуы керек. Бұл: қазақ тілі- мемлекеттік тіл, орыс тілі- ұлтаралық қатынастың тілі ретінде және ағылшын тілі- ғаламдық экономикаға нәтижелі кірігуі». Дәл осы формула еуразиялық пост кеңестік кеңістікте ерекше сұранысқа ие, өйткені қазақ тілін білу мемлекетке құрметті бейнелесе, орыс тілін білу халықтар достығын нығайтады, ал ағылшын тілін білу жаңа ғаламдық әлемге бейімделуге көмектеседі.

Көптілді білім беру дегеніміз – оқу үрдісі барысында екі не одан да көп тілде білім беру. Мемлекетіміздің мектеп реформасында қаралған үш тілде оқыту – қазіргі заман қажеттілігі. Осы мақсатта қа-

зақ, орыс, ағылшын тілдері ұлтына қарамастан тең дәрежеде жүзеге асырылады. Көптілді білім беру моделі төмендегі мәселелерді қамтиды:

1. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайту. Оқушылардың ұлттық дамуын сақтау.

2. Шетел тілдерін оқытуда ҚР жалпы орта білім мазмұнымен, құрылымымен санасу.

3. Көптілді білім берудің оқу жоспарын жасау. Тілді тереңдете оқытатын мектептер ашу, жалпы әдістемесін жасау.

4. Көптілді білім беруде материалдық, техникалық, оқу-әдістемелік жұмыстарды инновациялық үрдіске сай ұйымдастыру.

5. Кадрларды оқыту, шетелден волонтер кадрларды қолдану.

Қазіргі күні қоғам алдында жаңа міндеттер орын алуда: мемлекеттік тілді және арнайы тілдерді еркін меңгеру, қазақ тілін және мәдениетін дамыту, Қазақстан халқы ағылшын тілін дамыту арқылы динамикалық жалпы әлемдік үрдіске кіріктірілуі керек.

Көп тілділік идеясы мемлекетіміздің басшысы бес институционалдық реформасын жүзеге асыру туралы «100 нақты қадам Ұлт жоспарына сәйкес» [2], сонымен қатар «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасында» [3] көрсетілген. Осыған сәйкес, Қазақстанда жоғары сыныптар мен ЖОО- да ағылшын тілінің оқытуға кезең- кезеңмен көшу жоспарланған. Мұндағы басты мақсат болып даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру, қазақ халқының әлеуметтік қауымдастыққа және халықаралық үрдістерге кең түрде араласуына жол ашу. Бұл жаңашылдық экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы елдері стандарттарының негізінде адам капиталының сапасын көтеретін болады.

Көптілді және көпмәдениетті күздіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру- бүгінгі күнгі маңызды мақсаттардың бірі болып отыр. Тек қана жоғары оқу орындарында ғана емес, сонымен бірге, мектептерде де көптілді білім беру үшін тілді терең меңгерген мұғалімдер даярлау жұмысы да дұрыс шешілуі тиіс. Бір жағынан мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейту бізде шешімін таппай жатқан мәселе. Ол ұлттық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайтудағы рөлін арттыру ең басты мәселелердің бірі.

Орыс тілінің лингвистикалық белсенділігін сақтау және ағылшын тілін жаһандану экономикасындағы ғылыми – ақпарат алуудағы желісін кеңейту негізгі тақырыпқа айналды.

Қазіргі таңда көптілділік мәселесіне қатысты әр түрлі пікірлер, көзқарастар орын алып жүр, еліміздің барлық тұрғындарына үш тілділікті үйрету аса қиындық тудырады, бізде оларды үйретуге қажетті құралдар, ең бастысы мамандар жоқ, сондықтан мемлекет талапқа сай келетін қажетті ресурстарды қамтамасыз ете алмайды деген ойлар айтылуда. Сонымен қатар тілдерді оқыту әдістемесінде «көптілділік» және «жартылай тілділік» деген ұғымдар жөнінде дискуссиялар байқалады, жаңа стандартты енгізуге асығудан біз жалпы ұрпақтың жартылай тілділікке ұрынуына жол береміз. Олар ағылшын тілін ғана емес, сонымен бірге қазақ тілін де, орыс тілін де жақсы білмейтін болады, яғни бұл балаларда ұлттық сәйкестілік қалыптаспаған, бір тілді толық қанық меңгермеген, бір тілден екінші тілге «секіру» жағы орын алып, маргиналға айналулары мүмкін.

Осындай айтылған күдікті ойларға орай Жол картасында үш тұғырлы білімді кезенді және жоспарлы дамытуда мемлекеттік органдардың, білім ұйымдарының, ата-аналар қауымдастығының және БАҚ және т.б. тиімді өзара бірлестігіндегі стратегиялық бағыттылығында нақты анықтама берілген. Бұл бағыттардың қатарына үштілділік білімнің оқу-әдістемелік және әдіснамалық қамтамасыз ету, кадрларды даярлау және мамандықтарын жетілдіру, Қазақстанда үштілділік білім аясында тиімді ғылыми зерттеулерді өткізуді қамтамасыз ету, үштілділік білімді қаржыландыру және т.б. бар.

Көптілді білімді ендіру процесіндегі Орталық фигура- мұғалім, оқытушы. Кәсібилікке байланысты кроссмәдени тұлғаны қалыптастыру орын алады. Бұл ретте көптілділікке оқытуды жүзеге асыруда мұғалім- пән мұғалімдерін даярлау, ағылшын тілінде оқытуға қабілетті тұлғалардың даярлығын қалыптастыру мәселесі туындайды.

Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім және ғылымды дамытуда жоғары білімге қатысты мынандай мәселелер көрсетілген: «Студенттерді үштілділік оқыту бағдарламасына тарту төмен деңгейде. Студенттердің, сонымен бірге оқытушылардың да тілдік құзыреттіліктерін арттыру қажеттілігі бар. Ағылшын тілінде оқытуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету толық талданбаған». Көбінесе, жаратылыстану-математика циклындағы пәндерді ағылшын тілінде оқыта алатын мұғалімдер қатары төмен екендігі байқалыны. Осыған байланысты, Бағдарлама бойынша тиісінше шаралар қолданылады, оның ішінде, «2017-2018 жылдардан бастап 15 жетекші ЖОО-да оқытушыларды ағылшын тілінде оқыту мақсатқа

алынады. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 4 педагогикалық мамандықтар бойынша педагогтар кадрларын даярлауды жүзеге асыру нысанға алынды. Бұл ретте білім бағдарламасы, оқулықтар және ОӘК-дері ағылшын тілінде талданымымен ағылшын тіліне көшуі керек. Мектеп оқушыларын жаратылыстану-математика циклы бойынша төрт пән (информатика, физика, химия және биология) ағылшын тілдерінде оқытылады және үштілділікті енгізу «Болашақ» бағдарламасы түлектері санатымен, мектеп мұғалімдерінің квалификацияларын көтеру және ЖОО-да оқытушыларды даярлау бойынша жүзеге асады. Осы контексте педагогтарды даярлауда маңызды бағыт болып көптілді мамандарды қалыптастыру табылады. Мектеп жасынына дейінгі мекемеден және мектептен қол үзу, жоғары оқу орындарында ескірген дәстүрлі, тиімсіз оқыту әдістерін қолдану болашақ оқытушылардың қазіргі кәсіби іс-әрекетке дайындығына кедерге жасайды. Осыған байланысты ЖОО-дағы дайындау және студенттердің кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктерін дамытуды ұйымдастыру құрылымдарын қайта қарастыру қажет. Үш тілділікте жетілдіру және дамыту мақсатында ЖОО 2015-2020 жылдарда үш тілде білім берудің жол картасы бекітілді. Сонымен қатар осы бағдарламаны жүзеге асыруда жасалынатын жұмыстардың жоспары жасалынды. Одан ары қарай үш тілдік білім берудің әдіснамалық базалары дайындалуда. Олар: Үш тілде жұмыс оқу жоспары, пәннің оқу-әдістемелік кешені дайындалды, элективті пәндер каталогы қайта қарастырылып, білім алушылардың тілдік құзыреттіліктері анықталды.

Үш тілде білім берудің приоритеттік бағыты мемлекеттік тіл - қазақ тілін үйрену болып табылады. Өйткені қазақ тілі тәуелсіздігіміздің, ұлт дамуының ең негізгі кепілі. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді білу кез-келген қызмет сферасында жеке бәсекеге қабілеттіліктің, мансапта алға жылжудың негізгі факторы болып табылады. Осы туралы Білім және ғылым министрі Е.К. Сағадиев: «Мемлекеттік қазақ тілін үйрену приоритеті болған, қазірде бар және солай қалады. Сонымен қатар біз қазақ тілін жалпы игеру міндетін қоямыз. Үш тілділіктің негізгі мәні осында»-деп нақты атап өтті[4].

Сонымен қатар Қазақстандағы мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру мекемелерінде негізгі пән болып табылатын орыс тілін сақтаудың негізгі қажеттілігін ескеру де маңызды.

Мемлекеттің экономикалық және ғылыми-техникалық даму мүдделері орыс тілінен алынатын білім мен біліктіліктерді қажет етеді.

Осыған байланысты институттардың ғылыми кеңесінің шешімі бойынша 1-ші курстағы жалпы білім беру пәні болып табылатын «Әлеуметтану», «Экология және тұрақты даму» және т.б. екінші тілде жүргізіледі (орыс бөліміне-қазақ тілін ал қазақ бөліміне орыс тілін).

Үш тілде білім берудің үшінші идеясы ағылшын тілін үйренудің қажеттілігімен байланысты. Осыған байланысты жоғарғы оқу орындарындағы институттарда шеттілдік білім берудің деңгейлік моделін енгізе бастады. Бірінші деңгей қарапайым меңгеру (А деңгей), өзіндік меңгеру (В деңгей), еркін (С деңгей). Тілге даярлау 2015- 2016 оқу жылынан бастап студенттерге және оқытушыларға тегін интенсивті курстарды ұйымдастырудан жүзеге аса бастады. Оқытудың жемісті болуы ресурсты орталықтардың, мультимедиялық аудио- видеоаппаратуралармен, компьютерлермен, Интернет желісінің қосылуымен, интербелсенді тақталармен және басқа да құралдармен жабдықталуымен тікелей байланысты, бұл өз ретінде тілдік органың «жандануына» көмегін береді.

Ұстаздың білім деңгейін көтеруде мұғалімдерді қайта даярлау курстары деген дүние бар. Мақсат - жаңартылған білім беру мазмұнына бейімдеу делік. Ұстаз біліктілігі дегенді қысқа курстармен шеше алмаймыз. Оқушылардың бүкіл оқу процесіндегі еңбектерін және үлкен адамдармен өмір қажеттігіне байланысты қарым-қатынастарын жан-жақты ұйымдастыру олардың біртіндеп сөздік қорының дамуына, жетіле түсуіне мүмкіндік береді. Ал тұрмыс жағдайы оқушылардың сөздік қорының дамуына айрықша үлкен әсер етеді. Осындай педагогикалық заңдылықтарға сай әрбір мұғалім өз пәнін оқытудағы білімдік, тәрбиелік мақсаттарды дәлдеп, нақтылай білуі керек. Жеке пәндерді оқыту барысында мұғалім диалектикалық материализмнің қағидаларын дайын күйінде оқушыларға ұсына салмайды.

ҚР білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев Қазақстанның үштілділікке қалай өтетінін түсіндірді. Қазақстан 1 қыркүйектен бастап білім берудің жаңа жүйесі бес күндік оқу аптасына кезең-кезеңмен өтеді, бастапқыда бұл жүйеге бірінші сынып оқушылары көшеді. Бағдарламаға сәйкес, тек 10-11-сыныптарда және тек 2019 жылдың қыркүйегінен бастап, төрт пәннен ғана (физика, химия, биология, информатика) сабақтар ағылшын тілінде өтеді. Бұл аптасына 8 сағат деген сөз. Сонымен қатар, қазақ тілінде білім беретін мектептерде: математика, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, география және басқа пәндер қазақ тілінде өтеді. Барлығы 16 сағат. Мен мұны мамандарға айтып отырмын. Оқудың 22 сағатының 14 сағаты қазақ тілінде өтіп, оған қоса 3 сағат дене шынықтыру пәні қосылады және де таңдау пәндері бар. Оқу қай тілде болмасын орыс тілі мен әдебиеті, дүниежүзі тарихы пәндері орыс тілінде өтеді. Орыс мектептерінде де осылай. Және бұл төртінші жылы болады. Тек жоғары сынып оқушылары үшін", - деп түсіндірді ол[5].

"Қалған сыныптарда бүгінгі базалық жүйе қалады. Балалардың жоғары мектепте үштілділікке дайын болуы үшін тілдерді үйрету күшейеді. Біз мектептерге оқушылардың пәндерді үш тілде үй-

ренулеріне мүмкіндік береміз. Бұл мектептердің оған қай уақытта дайын болатынына байланысты. Мұғалімдерді жаппай дайындау осы жылы басталады. Мұғалім дайындау – мемлекеттің алдыңғы қатарда дамуын қамтамасыз ететін негізгі ресурс, себебі мұғалім мемлекеттің зияткерлік капиталының іргетасын қалайды. Бірнеше тілді білу – заман талабы, бірнеше тілді қатар меңгеру маманның кәсіби шыңдалуына үлкен жол ашады, бәсекеге қабілеттіліктің көрсеткіші болып табылады.

Қазіргі кезде адамның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдылық деңгейіне өмірдің өзі биік талаптар қойып отыр.

Бүгінгі күні көкейкесті болып отырған білімнің құзырлылық ұстанымын жүзеге асыру құралы ретінде педагогикалық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерінің алар орны ерекше. Әрекетке негізделген технологиялық оқыту танымдық белсенділігі жоғары, өмірде әртүрлі мәселелерінен хабардар, кез келген тапсырманы орындауға қабілетті, қолынан іс келетін (құзырлы) азаматтарды қалыптастырады.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет. Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдаған Үндеуінде: «Біздің болашағымыз білікті де, білімді жастардың қолында»- деп атап көрсетсе, сол жастарды мектеп табалдырығынан бастап дайындауға көш алдында болайық. Жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығулары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббаттарын оятып, бәсекеге қабілетті, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу- басты міндетіміз. Осы міндеттердің жемісті шешілуі үшін ең бастысы мұғалімдердің кәсіби өсуге даярлығын қалыптастыруымыз аса маңызды.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Жолдау «Жаңа лемдегі жаңа Қазақстан», «Тілдердің ұштұғырлығы» мәдени жобасы. Астана, 2007ж
2. План нации - 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ Главы государства Н.А.Назарбаева (май 2015 года).
3. Үштілде білімберуді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы
4. 12 жылдық білім. ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-сараптамалық журнал, №3 2008ж.
5. ҚР білім және ғылым министрі жазғы каникул, үштілділік және қазақ тілінің болашағы туралы. 22 сәуір, 2016



**Мирманов Арман Барлыкович**

старший преподаватель Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина г.Астана  
e-mail: mirmanov.a@mail.ru

**Хамзина Ботагоз Еркеновна**

д.п.н., доцент Казахского агротехнического университета им.С.Сейфуллина г.Астана  
e-mail: be\_khamzina@mail.ru

**Шукралиев Мурат Аяганович**

к.т.н., доцент Казахского агротехнического университета им.С.Сейфуллина г.Астана  
e-mail: shukraliev.kz@mail.ru

**Сарсембиева Эльмира Кумалиевна**

магистр, ассистент КазАТУ им.С.Сейфуллина, e-mail: sarsembieva@list.ru

**К ВОПРОСУ КЛАССИФИКАЦИИ ТЕХНОЛОГИЙ ЭЛЕКТРОННОГО ОБУЧЕНИЯ**

***Түйін.** Берілген жұмыста уақыт пен кеңістік сияқты біріккен мағынасы бар 4 типтен тұратын (E-learning) электрондық оқыту технологиясының классификациясы ұсынылған. Классификация инженерлік жағынан және компьютерлік технологиялар мен байланыс техникаларына негізделген.*

***Резюме.** В данной работе представлена классификация технологий электронного обучения (E-learning), состоящая из 4 типов, на основе сочетаний двух понятий, как время и пространство. Классификация в большей степени имеет инженерный подход и основана на компьютерных технологиях и техники связи.*

***Summary.** This paper presents a classification of e-learning technologies, consisting of 4 types, based on combinations of two concepts, such as time and space. The classification is more of an engineering approach and is based on computer and communication technology.*

Образование является одним из наиболее быстро растущих экономических и социальных секторов в мире, и использование новых технологий является неотъемлемым компонентом этого роста [1,2].

Классификация технологий и функций, используемых в электронном обучении сегодня, и тех, кого мы можем использовать завтра, является необходимым для систематизации нового вида обучения.

Мнений о классификациях электронного обучения, подходах к формированию списка технологий и сопутствующим им толкованиям у разных авторов расходятся [3,4]. Причиной этому явлению, на наш взгляд, стало немного различное понимание термина электронного обучения. В современной литературе можно встретить десятки толкований электронного обучения. Если прибегнуть к наи-

более укрупненному пониманию электронного обучения, которое можно сформулировать как - использование электронных информационных и коммуникационных технологий в образовании, и логичным представляется вариант классификации на основе компьютерных технологий и техники связи. В этом случае, классификация в большей степени имеет инженерный подход, и из области педагогики перешла в область телекоммуникаций и информационных технологий. Например, понятия: webcasting, потоковое видео, технология Push, многим неизвестны, но это не мешает отдельным авторам считать их классами электронного обучения.

Рассмотрим классификацию через инструменты электронного обучения: e-mail, вебинары, различные чат. Этот список могут продолжить новые приложения, которые появляются и могут войти в классификацию технологий электронного обучения. Эти инструменты рассматривают системы коммуникаций, то есть доставка и доступ к контенту. Рассматривая приложения для создания контента, появятся классы: для работы с презентациями, для работы с аудио, для работы с видео, для работы с текстом, для работы с изображениями.

В ходе анализа различных трактовок электронного обучения нами выделены ключевые характеристики, фигурирующие в том или ином определении электронного обучения: технологическая составляющая; способ доставки контента; поддержка процессов коммуникации; изменение парадигмы обучения.

Предлагаемая классификация объединяет особенности понятия электронного обучения и позволяет выявить их особенности, попутно предлагая преподавателю материал для размышления и советы по внедрению возможных педагогических сценариев.

На рисунке 1 представлена классификация технологий E-learning, состоящая из 4 типов, на основе сочетаний двух понятий, как время и пространство. Для того, чтобы понять различия между классификациями важно различать доставку контента и доступа к контенту. Горизонтальная ось

- «Временная часть» классификации относится к асинхронному и синхронному процессу обучения. Вертикальная ось - «Пространственная часть» к наличию/отсутствию удаленного соединения между преподавателем и обучаемым, в процессе учебы.

### Классификация технологий E-learning



#### Класс I: Независимо от времени и пространства

Этот Класс в большей степени соответствует общепринятой форме электронного обучения – асинхронной. Обучающий и обучаемый не находятся в прямом контакте в процессе обучения. В этом Классе нет ни физического, ни виртуального присутствия. Так как преподаватель и студент не взаимодействуют в течение доставки контента, содержание контента готовится заранее, а студент обращается к нему в другое более позднее время. Таким образом, доставка контента и доступ к нему произойдет независимо друг от друга. Стоит отметить, что инструмент доступа к контенту может быть единым для занятых в учебном процессе, то есть используется единая платформа для общения, например Moodle, TrainEx. Конечно же, это не обязательно должны быть целые системы управления электронным обучением, возможно применение различных инструментов E-learning, в асинхронном режиме: SMS-чат, e-mail, «дискуссионные доски», записанные видео и аудиоматериалы, размещенные в интернете. [5,6]

Этот Класс наиболее типичный в представлении электронного обучения для большинства людей. Именно в этом Классе большое значение отдается

взаимодействию с использованием инструментов электронного обучения. Хотя электронные коммуникации не задействованы в момент доставки контента, однако, они являются основным способом связи в асинхронном формате, а их общедоступность не привязывают место доступа к контенту.

Также этот Класс, определяется самостоятельным подходом к обучению. Каждый из участников обучения самостоятельно распоряжается временем и местом для усвоения контента. В этом случае примером, является кейсовая технология. Обучающиеся получают медиаконтент и учатся самостоятельно. Связь между организацией обучения и обучающимися (или группой, для которой распространяется контент) ограничивается технической поддержкой или другими вопросами, не связанными с контентом, например, замена поврежденных носителей или получение дополнительного материала. Данный вариант использования Класса в обучении более приемлем для повышения квалификации, изучения языков, а также совместного применения с другими Классами.

Одно из главных преимуществ этого Класса – полная свобода действий, и в то же время гибкость времени и места обучения в противовес самодисциплине и самоконтролю.

Класс II: Зависимо от времени и независимо от пространства

Этот Класс также известно, как "синхронное электронное обучение". По названию понятно, что процесс обучения одновременен, а участники физически находятся в различных местах, а виртуально в одном классе.

В синхронном электронном обучении преподаватель и студент всегда присутствуют во время доставки контента, и это является общим с классической ВУЗовской системы обучения, но пространственная независимость друг от друга, дает преимущества данному Классу по сравнению с традиционным обучением. Использование интернета, делает данный Класс самой распространённой формой электронного обучения. Примером служит вебинар, на сегодня самый популярный инструмент синхронного электронного обучения в интернете.

Стоит отметить, что в данном Классе в отличии от классического обучения (Класс III), преподаватель не всегда может контролировать процесс присутствия слушателей, часто отсутствует обратная связь, и успех занятия уже зависит от сознательности обучающихся. Также преподаватель не может мгновенно вносить изменения в темп и технику подачи материала, а только после опроса обучающихся, путь и онлайн.

Многое в Классе II решает используемая технология и качество связи. В последние годы, использование мультимедиа в интернете находит широкое применение. Даже в условиях плохого подключения, применение потоковой передачи облегчает доступ к большим файлам и данным, требовательным к ресурсам сети. С развитием инфокоммуникационных технологий, получает развитие и синхронное электронное обучение.

Аудио - это первый тип мультимедиа, который стал инструментом E-learning Класса II. Аудио передача нетребовательна к ресурсам, что является его основным преимуществом в сравнении с потоковым видео. Но как отмечено ранее, нет визуального участия как преподавателя, так и студента, и это большой минус в её применении для обучения.

Передача видео и анимаций является существенным плюсом для электронного обучения, и в этом почти не уступает традиционному обучению, но ограничивается как правило пропускной способностью канала и производительностью компьютера, программным обеспечением. В таких условиях применение синхронного электронного видео обучения затруднительно. Необходимо наращивать производительную мощь серверов, качество картинки и умение «держаться» перед камерой.

Бесстрастная «говорящая голова» преподавателя в углу веб-страницы – образ который приходит на ум, когда применяется видео в электронном об-

учении Класса II. При этом, видеоконференция, вебинар с использованием вебкамеры, видеозвонок находят всё большее применение и считаются наиболее перспективными инструментами E-learning. [7]

Класс III. Зависимо от времени и пространства

Это Класс, относящийся к традиционному обучению, обучающий и обучаемый физически присутствуют в одном и том же месте в одно и тоже время. Также этот класс называется «лицом к лицу». [8]

Включение данного Класса к E-learning необходимо для распространения электронных и мультимедийных обучающих средств при передаче знаний в аудитории. Примером данного класса можно считать, обычный класс с доской и столами, где студенты слушают лекцию преподавателя, который использует Power Point слайды, мультимедиа для обучения.

Аудитории, оборудованные интерактивными досками и персональными компьютерами отражают применение в традиционном обучении элементов E-learning. Преподаватель, используя современные электронные средства обучения по Классу III, предоставляет доступ к контенту в ограниченное время и только в определенном месте. Следует отметить, что большинство преподавателей перекладывают функцию обучения на контент E-learning (электронные конспекты лекций, виртуальные лабораторные работы и другие), тем самым исключая себя из процесса обучения, что не приемлемо для данного Класса. Обязательным условием в этом Классе является передача информации с использованием инструментом E-learning непосредственно от преподавателя к студенту, находящимся в пространстве и во времени в одной точке.

Для Класса III не используются средства электронной связи, удаленный доступ, кейсовая технология дистанционного обучения.

Класс IV: Независимо от времени и независимо от пространства

Класс IV то особый Класс технологий электронного обучения. Обучение проходит асинхронно, но зависит от места, чаще всего это связано с доступом к учебным материалам. [4] В этом Классе, контент, разрабатываемый преподавателем готовится заранее, при этом он специфичен. Обучающийся самостоятельно изучает материал, но под контролем и ограниченным доступом. К примеру, это могут быть лабораторные работы, выполняемые на компьютерах с определённым программным и аппаратным обеспечением, доступ к электронным материалам только в аудиториях учебного заведения. При этом время почти не регламентируется. В этом случаи помощь преподавателя не обязательна, достаточно присутствие вспомогательного

персонала. Использование дорогостоящего специального оборудования в учебном процессе стало ограничением для применения пространственно-независимого электронного обучения.

Предложенная классификация призвана лишь обозначить область электронного обучения и натолкнуть к размышлению о педагогических сценариях, в которых можно применить электронное обучение.

#### **Список использованных источников**

Мектепте бейнелеу өнерін оқытуда оқушылардың көркемдік танымын арттыруда әсіресе олардың кеңістіктік түсініктерін, ойларын дамытудың ерекше ролі бар. Бейнелеу өнерін оқытуда оқушылардың кеңістіктік қабылдауын дамыту мәселелерімен П.П.Чистяков, Г.А.Гиппиус, Б.П.Юсов, С.А.Герасимов, Қ.Е.Ералин, Ә.О.Қамақ, Қ.К.Болатбаев т.б. ғалым-педагогтар шұғылданып, балалардың кеңістікті көрсете білу деңгейі олардың танымдық және жалпы даму көрсеткіші болып табылатындығы туралы тұжырымдамалар жасады.

Бейнелеу өнері арқылы оқушылардың танымын арттыруда суретші-педагог П.П.Чистяковтың орны ерекше. Ол бейнелеу өнеріне үйретуде оқушылардың табиғатты, қоршаған ортаны зерттеуге негізделген байқағыштық, шығармашылық қиял, пішіндер мен түстерді есте сақтау сияқты танымдық қасиеттерін дамытуды көздеді [3]. Г.А.Гиппиус бейнелеу өнерін оқытудың танымдық іс-әрекетке ықпалын терең негіздеп берген ғалымдардың бірі ретінде сурет салуды үйрену үшін талдауға, ойлауға үйрену қажеттілігін айтып, бұл өз кезегінде оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін арттыруға көмектесетіндігін, талдау мен ойлай білуді сурет салуда дамыту керектігін тұжырымдаған [4,59].

Б.П.Юсов адам өмірінің рухани, көркемдік жағынан дамуына бейнелеу өнерінің тікелей ықпалын нақтылай келе, білім мен техникада қолданылатын қиял мен фантазияның бейнелеу өнері арқылы жасалатынын жазды, сөйтіп оқушылардың рухани-көркемдік тұрғыда тұлға қалыптастырудағы, көркемдік танымын арттырудағы бейнелеу өнерінің маңызын ашып берді. Сонымен қатар бейнелеу өнерінің интеграциялық сипатына үлкен мән береді[5].

Бейнелеу өнерін оқытудағы оқушылардың кеңістіктік елестетулерінің, қиялының дамуы олардың ойлау қабілеті мен танымдық іс-әрекеттеріне тікелей байланыста болады. Яғни, кеңістіктік ойлау қабілеттері қаншалықты нашар қалыптасса, олардың ғылымдар негізін игеруі, көркемдік танымдық міндеттерді орындауы да соншалықты қиындай түседі. Осыған орай, С.А.Герасимов өз зерттеулерінде оқушылардың салған суреттерін талдай отырып, сабақта кеңістікті игерудің маңызды буындарына көп мән беру керек екендігін жазады [6].

Қ.Е.Ералин оқушылардың кеңістіктік ойлауын арттыру олардың бейнелі ойлау мен елестетулерін дамыта отырып, танымдық іс-әрекеттерін әсіресе көркемдік танымдарын арттыруға көмектесетіндігін жазады. Ғалым оқушылардың кеңістікті бейнелеуге үйретудегі мұғалімнің әдістемелік қызметіне ерекше орын береді[7, 37].

Оқушылардың бейнелеу өнері пәнін оқу арқылы бойында түзген кеңістікте ойлау қабілетінің күшті болуы оның бүкіл ойлау қабілетіне, дүние келбетін шынайы түсіне білуіне, көркемдік танымын, дүниетанымын кеңейтуіне көмектеседі. Өмірдің көріністері мен табиғат құбылыстарын суретпен бейнелеу арқылы оқушы танымдық жағынан ілгерілей түседі, оның есте ұстау, ойлау, елестету қабілеттері дамиды. Бейнелеу іс-әрекеттерін оқушылардың әлі де ерекше әуестенетін ісі деп атауға болады. Іс жүзінде оқушылардың бәрі де бейнелеу өнеріне бейімділік қана емес, қабілеттілік танытады, ал қолайлы жағдай жасалған кезде бұл қабілет дами түседі. Бейнелеу іс-әрекеті оқушының болмысты қабылдауын белгілі бір дәрежеде мақсат етіп қояды. Бұл ретте тиісті үдеріс бейнелеу міндеттерімен ғана шектеліп қалмайды, сонымен бірге оқушының рухани өмірінің басқа жақтарын да қамтиды, оның тұтастай түйсіну қабілетіне, біліміне әсер етеді.

Бейнелеу іс-әрекетінің міндетті түрдегі шарты - өмірді бақылау болып табылады. Ә.О.Қамақ адамды бейнелеу оқушының адамдар жөніндегі түсініктерін терендетуге, оның бойында мінез-құлықтың адамгершілік мәнін эстетикалық құралдарымен бағалауға деген қажеттіліктер туындайтындығын, адамгершілік қасиеттердің көрініс беруіне себепші болған жағдайларды бақылау - оқушының рухани-көркемдік, адамгершілік тәжірибесінің жинақталуына ерекше көмектесетіндігін айтады[8].

Қ.К.Болатбаев жас ұрпақтың туған жер табиғатының тылсым сырын ұғыну, оған қызығу, жүрегі елжірей сүйсіну адамның рухани мәдениетін жоғарлатып, көркемдік танымы мен талғамын арттыратындығын жазады[9, 12].

Бейнелеу өнерін оқыту үдерісінің құрылымына мынадай танымдық іс-әрекеттің кезеңдері кіреді: таным міндеттеріне жете түсіну; жаңа материал-



ды қабылдау; ұғыну - жаңа материалдарын түсініп жинақтау үдерісі; білімді, іскерлікті және дағдыны практикада қолдана білу; оқушылардың жетістіктерін талдау; білімін, іскерлігін және дағдысын тексеру, бағалау. Бейнелеу өнерін оқытудағы оқушылардың оқу танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың барысында олардың ақыл-ойы дамиды, танымы, практикалық іскерлігі және дағдысы қалыптасады. Ал оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамыту оларды өз бетімен ізденуге, зерттей білуге және жаңа білімді еркін игеруге үйретуді қамтиды. Бұл жерде іскерлік, яғни алған білім негізінде оқушылардың практикалық әрекеті іске асырылады. Мысалы, суретті жақсы салу үшін сурет салу заңдылықтары мен ережелерін, сағылары мен кезеңдерін білу керек т.б.

Қоршаған дүниедегі бақыланған бейнелер мен құбылыстарды суреттер арқылы бейнелеу баланың бойында адамның мінез-құлқына адамгершілік тұрғыдан баға беруге деген қажеттілікті тудырады. Уақыт өткен сайын бақылаулардың мазмұны күрделене түседі, сурет арқылы бейнелеу үшін өмірлік материалды таңдап алуда оқушының дербестік дәрежесі арта түседі. Картиналарды, суреттерді көріп тұрған бала оларды бақылау үстінде адамдардың жан толқыныстарының сыртқы белгілеріне, мимикасына, жүріс-тұрсына, дене қимылына қарап баға беруге біртіндеп үйренеді.

Оқушылардың адамдар сезімін түсіну тәжірибесін жинақтауы олар салған суреттердің мазмұнынан, адамдар реакциясын өмір оқиғаларын бейнелеу тәсілдерінен көрініс табады. Адамдарды бейнелеу, олардың көңіл-күйін сурет арқылы көрсету міндетінің өзі-ақ баланы өзін қоршаған ортаны түсінуге батыл араласып, адамдардың өз сезімдерін қалай білдіретінін бақылауға мәжбүр етеді. Мысалы, сурет кейіпкерлерінің іс-қылықтарына ортақтасу, психологиялық жағынан алғанда басқалардың ойын үстіндегі мінез-құлқына ұқсас болып келеді. Бала тәрбиесі үшін мұның маңызы зор. Өйткені ойын сияқты суретте де, мінез-құлықтағы адамгершілік нормаларын игеру шын мәнісіндегі қарым-қатынас жағдайындағыдан қарағанда тиімдірек әрі түсінікті болып келеді.

Оқушылардың көркемдік танымдарына сәйкес салған суреттерінің тақырыптарының маңызы зор. Бұл тақырыптар мейлінше әртүрлі болып келуі мүмкін. Бірақ оқушылар өмірімен байланысты тақырыптар бойынша тапсырма берудің оқушының жеке басын қалыптастыру үшін маңызы зор.

Қорыта келгенде, бейнелеу өнері оқушылардың көркемдік танымын қалыптастыруға, өнерге

деген қызығушылықтарын арттыруға бағытталған, кеңістіктік түсініктері арқылы қоршаған дүниені тануға мүмкіндіктері мол пән болып табылады. Бейнелеу өнері оқушылардың бойында адамның ішкі жай-күйін, оның сезімдері мен толғаныстарын, табиғат құбылыстарын дұрыс түсініп, сурет арқылы бейнелеу қабілетіне машықтандырып, солардың негізінде көркемдік танымын арттыруға әсер етеді. Бейнелеу өнері сабақтары оқушының бойында адамның өмірге қарым-қатынасын адамгершілік тұрғыдан түсіну, эстетикалық баға беру қабілетін қалыптастырады, өзіне және басқа адамдарға қайырымдылық пен қарым-қатынасты түсініп, бағалай білуге үйретеді. Сөйтіп, оқушылардың бойында шындық құбылыстарына адамгершілік-эстетикалық тұрғыдан баға беруге көмектесіп, табиғатқа деген дұрыс көзқарасты, табиғатты бағалай білу қабілетін дамыта отырып, жалпы олардың көркемдік танымын қалыптастыруға зор ықпалын тигізеді.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. *«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 31 қаңтар, 2017 ж.*
2. *Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Егемен Қазақстан. Астана. 12 сәуір 2017 ж.*
3. *Чистяков П.П. Письма. Записные книжки. Воспоминания. -М., Просвещение. - 1983. 443с.*
4. *Ростовцев Н.Н. Методика преподавания изобразительного искусства в школе. М., Просвещение. – 1983.*
5. *Юсов Б.П. Искусство и дети. Сборник /под ред. Б.П.Юсова, В.П.Шестакова. М., Искусство. 1989.*
6. *Герасимов С.А. Система эстетического воспитания школьников. –Москва: Педагогика. -1983. 264 с.*
7. *Ералин Қ.Е., Айменов Ж. Кеңістік көріністерін бейнелеу. -Түркістан. ХҚТУ баспаханасы. -2006. -76 б.*
8. *Қамақ Ә.О. Ұлттық мектеп оқушыларын имандылық-эстетикалық бағытта тәрбиелеу жүйесі. -Тараз. -2002. -130 б.*
9. *Болатбаев Қ.К. Көкжиек және кеңістік. – Алматы: «Алматы баспа үйі» ЖШС, 2008. – 192 б.*

**Байдаулетова А.Д.,**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2-курс магистранты

**Бескемпирова А.У.**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 1-курс докторанты

### **АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ІСКЕРЛІК ОЙЫНДАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

*Түйін. Мақалада педагогикалық және әдістемелік әдебиеттер талданады, бұл тақырыпты зерттеу дәрежесін анықтауға және одан әрі зерттеу үшін үлкен қызығушылықты анықтауға мүмкіндік береді, бизнес ойын тұжырымдамасы анықталады және шет тіл сабағында бизнес ойындарды ұйымдастыру әдістемесі ұсынылған.*

*Резюме. В статье проведен анализ педагогической и методической литературы, позволивший определить степень изученности данной темы и выделить направления, представляющие наибольший интерес для дальнейшего исследования, определено понятие деловой игры, представлена методика организации деловых игр на уроке иностранного языка.*

*Ключевые слова: деловая игра, имитационная модель.*

*Summary. The article presents the analysis of pedagogical and methodical literature, which defines the level of investigation of this theme and distinguishes the directions that are of the greatest interest for further research. The concept of a "business game" is defined in the article. The methods of organization of business games at foreign language lessons are presented.*

*Key words: business game, imitational model.*

Ағылшын тілін меңгеру – заман талабы, ал оны үйретудің тиімді жолдары мен әдістерін қолдану оқытушыға артылған міндет. Бүгінгі күннің талабы, ағылшын тілі оқытушысының алдына қойған мақсаты – білімгерлерді ағылшын тілінде сөйлету болғандықтан, оқытушының алдында тұрған басты міндеттің бірі – ағылшын тілін үйретудің түрлі әдістерін зерттей келе, ең тиімдісін өз сабағында қолдану. Осы әдістердің ішінде коммуникативтілік әдістің қолданылуы маңызды деп саналады, себебі бұл әдістің мақсаты – сөйлесу, сөйлету. Сабақ барысында ойындарды қолдану – бұл оқушыларды ағылшын тілінде сөйлеуге психологиялық жағынан дайындап, өткізілген тіл материалын бірнеше рет қайталауға мүмкіндік берумен қатар, оларды керекті сөз бірліктерін таңдауға жаттықтырады. Ойын – эмоциялық және ақыл-ой күшін талап ететін ерекше ұйымдастырылған сабақ. Ойынның педагогикада, оқыту үрдісінде алатын орны Платон заманынан белгілі болған. XVIII ғасырдың өзінде-ақ Ж.Ж.Руссо мен И.Г.Песталоцци ойын арқылы балаларды болашақ өмірге бейімдеу

керек деп түсіндірген. Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы оқушы неге үйренеді? Өздігінен жұмыс істеуге үйренеді, сөздік қоры байиды, тілі дамиды, зейіні қалыптасады, байқампаздығы артады, өзара сыйластыққа үйретеді, ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды, бір-біріне деген оқушы сенімі артады, достыққа, ынтымақтастыққа баулиды, сабаққа қызығушылығы артады. Сонымен қатар, оқу үрдісіндегі ойынның тиімділігі мынадай бірқатар талаптарға сай болуы қажет, яғни, олар: оқушылар әрекет ететін қиялдағы жағдайдың, жоспардың болуы және білімгерлердің ойын нәтижесін, ойын ережесін міндетті түрде түсінуі. Ойын бұл тек ұжымдық көңіл көтеру емес, бұл оқытудың барлық міндеттеріне қол жеткізудің негізгі тәсілі, сондықтан ол қандай дағды және икемділікті талап ететіндігін, білімгердің нені жасай біледі және ойын барысында нені үйренгендігін білу қажет. Ойын – білімгерлердің ойлау қабілетін күшейту қажеттілігін алдына қоюы керек.[1.37-40]

Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде: ойын-сабақ, ойын-жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, логикалық ойындар, грамматикалық ойындар, ролдік ойындар, іскерлік ойындар, т.б. Мұндай ойындар оқушыны жан-жақты дамытып, білімді толық игеруіне көмектеседі. Ойынның негізгі мақсаты-баланы қызықтыра отырып білімді меңгерту болса, мұғалімнің міндеті - сол ойын түрлерін пайдалана отырып оқушылардың өздігімен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу. Іскерлік ойындар басқа көптеген ойындар арасынан кәсіби бағдарлылықты қажет ететін ойынның бір түрі. Іскерлік ойын басқа тілде қарым-қатынас жасау, сөйлесу саласын кеңейтуге, білім алушылар пікір айтуда мазмұнды жағына назар аударуға мүмкіндік беретін тиісті дағдыларды дамыту және машықтандыру жаттығуларындағы тіл материалдарын алдын-ала меңгеруді болжайды. Мысалы, заң факультетінде, ағылшын тілі сабағында жиі қолданылатын іскерлік ойындардың түрлері: ад-

вокат пен клиент арасындағы сұхбат; мекемедегі заңгерлер кеңесі; сот процесі; Аталған ойындар көмегімен білімгерлер болашақ заңгерлер ретінде, сот процесінде, заңгерлер кеңесінде және т.б. шынайы жағдайларда әрекет ету жодарын меңгеріп, заң терминдерінің ағылшын тіліндегі эквивалентін қолдану арқылы машықтанады. Ағылшын тілі сабағында қарым-қатынастың нақты жағдайын модельдеу үшін іскерлік ойындарды пайдаланудың өзіне тиісті талаптары бар. Олар: ойын оқу мотивациясына ынталандыруы, оқушылардың тапсырманы жақсы орындауға қызығушылығы мен ұмтылысын тудыруы тиіс, оны қарым-қатынастың нақты жағдайына тең жағдай негізінде жүргізу қажет. Білім алушылардың белгілі бір рөлді жақсы орындау қажеттілігіне көздері жетуі қажет. Тек сонда ғана олардың сөздері табиғи және шынайы болады. [2.56-58] Бұл әдістің дамуына үлкен рөл атқарған көптеген ғалымдардың жұмыстарынан көз жеткізуге болады. Олар, М. М. Бирштейн, В. Н. Бурков, В. М. Ефимов, В. Ф. Комаров, Р. Ф. Жуков, В. И. Маршев, В. Я. Платов, И. Г. Абрамова, М. В. Брагинский, Н. А. Даниличев, В. А. Ченобытов және т.б.

Көп жағдайларда, шетел тілін оқытуда іскерлік ойындарды пайдалану кәсіби қарым-қатынасқа үйрету ұйғарылады. Осы ойындарды іске асыру барысында ойыншылардың кәсіби білімі, күрделі және түрлі жағдайларда білімдерін қолдана білу деңгейі анықталады. Осылайша, осы ойындардың басты дидактикалық мақсаты - кәсіби теориялық білімді іс-әрекетке айналдыру болып табылады. Іскерлік ойындарды жүзеге асыру үшін белгілі бір кәсіби білімнің қажеттілігі көзделіп отыр. Сондықтан, шетел тілін оқытуда іскерлік ойындар, негізінен жоғары оқу орнында оқитын білімгерлерге бағытталған. Қазіргі таңда орта мектеп оқу орындарына қойылатын талаптардың бірі ол, вариативті білім беру жүйесіне көшу болғандықтан, жоғарғы сынып оқушылары осы жүйе арқылы кәсіби білім алуларына мүмкіндіктері бар. Бұл іскерлік ойындарды әзірлеп, іске асуына негіз және түрткі болып отыр. Іскерлік ойындар өзінің кең қолданысын белгілі бір пәндерді тереңдетіп оқытылатын мектептерде тауып отыр. Мысалы, экономика пәні жүргізілетін сыныптарда шетел тілі мен кәсіптік білімге бағытталған курстар терең оқытылады, бұл білімгерлердің болашақта белгілі бір мамандыққа ие болатынына әбден көз жеткізуге болады [3. 20-22].

Сонымен, іскерлік ойындар дегеніміз не? Қазіргі уақытта іскерлік ойынды анықтайын екі көзқарас туып отыр. Бұл мәселені зерттеген кейбір зерттеушілердің пайымдауынша, іскерлік ойын – шешім қабылдау процесінің моделі [4.36], экономикалық, саяси немесе беделді сипаттағы мақсаттарға қол жеткізу процесінде адамдардың өзара іс-қимыл моделі [5.58], жағдайдың, мазмұнның,

белгілі бір қызметтің динамикасын жаңадан шығаратын моделі ретінде [6.240], адамның белгілі бір іс-тәжірибесіндегі қарым –қатынас пен жүйелер тәжірибесінің моделі [7].

Бұл мақалада іскерлік ойынды біз үлгі ретінде қарастырамыз. Іскерлік ойын - оқытушы мен білімгерлердің өзара бірлесіп жасалатын жұмыстың әдіс-тәсілдер жиынтығының көрінісі ретінде қамтылады. Жұмыстың нәтижесінде оқушылардың шетел тілін белгілі бір деңгейде меңгергенін көре аламыз. Іскерлік ойындарды іске асырып, сәтті өткізу үшін оның барлық элементтері толығымен егжей-тегжейлі алдын - ала ұйымдастырылып, құрылымы талқылануы тиіс. Іскерлік ойын құрылымы төрт кезеңді қамтиды.

1-ші кезең – ұйымдастырушылық-әдістемелік.

Бұл блокта оқытушы – ұйымдастырушының қызметін атқарады, сондай-ақ мынадай құрамдас бөліктерден тұрады: а) ойын мақсаты; б) ойын сценарийі; в) лексикалық және грамматикалық материал; г) ойын ережелері; г) ойын қатысушылары үшін оқу материалдары;

Іскерлік ойындардың мақсаты – оқытудың мотивациялық жүйесіне бағытталған. Осыған байланысты, іскерлік ойындарға қойылатын мақсат - білім беру мен ойын ретінде қолданылуы тиіс. Ал шетел тілін ауызша оқытудағы негізгі мақсаты - сөйлеу дағдыларын дамыту және қалыптастыру болып табылады. Екінші жағынан, студенттер үшін іскерлік ойындар, жай ғана ойын болып табылады. Сондықтан да ойынның мақсаттары мен міндеттері болуы тиіс (көп ұпай жинау, жеңіске жету). Ойынды ұйымдастыратын мұғалім, әрбір жағдайда, ойынның жеке дидактикалық мақсаттарын, оның нақты қолданылу құрылысына байланысты толықтырып отырады. Іскерлік ойындарды әзірлеу кезіндегі негізгі мақсаты – ойынның сценарийін дайындау. Бұл жұмыста біз мынадай анықтамаларға тоқталамыз: сценарий дегеніміз, ойын қатысушыларының іс-шаралар сипаттамасы, олардың қарым-қатынасы және өзара іс-әрекеттері. Сценарий, барлық ойын қатысушыларына алдын-ала жүргізуші арқылы хабарланады.

2-ші кезең – дайындық кезеңі. а) Тиісті жаттығулар жиынтығының орындалуы; б) Ойынға дейін жүргізілетін брифинг; Жаттығулар жиынтығы оқушылардың дискуссияға алдын ала дайындығын қамтамасыз етеді (олар, тақырыптық материалдар, осы ойынға берілетін құрылымдар, тілдік үлгілер, қолданылатын сөздер). Сонымен қатар, ойын барысында қолданылатын сөйлеу машықтарын дамыту. Бұл жаттығулардың мақсаты – ойыншылардың психологиялық, ақпараттық, тілдік дайындықтарының дұрыс орындалуы, жеке берілетін рөлдерге бейімделу, ойыншылар арасындағы өзара қарым-қатынасқа дайындау болып табылады. Ойынға дейін жүргізілетін брифингте ойын қатысушыларына іскерлік ойынның ережесі мен ба-

рысы талқыланады. Олар ойынның сценарийімен және рөлдердің әлеуметтік-психологиялық сипаттамасымен танысады. Бұл кезеңде ойын командалары(топтар) қалыптасады. Топтың саны ойынның сипаты мен мазмұнына байланысты болып келеді.

3-ші кезең – іскерлік ойынның өзі, топтық үйлестірілген әрекет түрінде өткізіледі. Іскерлік ойындардың берілген сценарийлері біртіндеп күрделене береді. Мысалы, «мәтіндер» сценарийі - ойыншының жеке көзқарасы мен пікірін тұжырымдауға бағыттайды, «таңдау» сценарийі болса, өз позициясын анықтау, қасындағы серіктестерінің мүддесін анықтауға бағыттайды. Іскерлік ойыны оқытушының кіріспе сөзінен басталып, сценарийге қарай ойынның әр кезеңдеріне оның негізгі мақсаты баяндалады. Сынып топтарға бөлініп, ойынды ұйымдастыратын оқытушы әр топтың орнын белгілейді, олардың бір-біріне кедергі жасамауына жағдай жасап бақылайды. Әр топқа жазбаша түрде тапсырмалар беріліп, топтық жұмысқа шамамен 20 минутты белгілейді.

Дайындық кезінде ойыншылар арасында шешім қабылдау, пікір алмасу, ұжымдық шешімдер арқылы қабылданады. Топтық жұмыста топ сарапшылары ойыншылардың жауаптарын бағалауға дайындалады. Сол үшін, олар міндетті түрде көпшілік даусымен мақұлданған бағалау шкаласын әзірлеуі қажет. Мүмкіндігінше бағалау шкалаларының алдын-ала жасалануы тиіс, және де бұл процеске барлық топ мүшелері қатысуы қажет. Келесіде әр топ кезекпен өздерінің жауаптарын сарапшылардың және басқа топтың алдында хабарлайды. Қарсы топтағы топ мүшелері олардың жауаптарына өздерінің не қарсылығын білдіреді, не қосымша ақпаратпен толықтыруды сұрайды. (ойынның сценарийіне байланысты). Оқытушының рөлі мен мақсаты – ойыншыларды ынталандыру үшін талқылаудағы барлық пікірлерге өзінің қолдауын көрсетеді, жаңа бағыт- бағдар беру арқылы нақты фактілерге сүйенуді үйретеді, кейбір жерде қарсылығын білдіртіп т.с.с., талқылауды қорытындылайды. Талқылаудан кейін, сарапшылар тобы

топтардың жұмысына өздерінің бағасын беріп, жеңіске жеткен топты марапаттайды.

4-ші кезең - ойынды қорытындылау, талдау мен анализ жұмыстарынан тұрады. Ойынның нәтижелері хабарланғаннан кейін, топ мүшелері ойын туралы өз әсерлерімен бөліседі. Оқытушы әрбір жеке қатысушының шетелдік сөйлеу дағдысына қарай сапалық және сандық сипаттамаларын беріп талдайды.

Қорытындылай келе, жүргізілген анализ жұмыстарына қарай, ағылшын тілі сабағында іскерлік ойынды қолдану мәселелері әлі толық түрде әзірленіп, іске аспағанын көруге болады. Алайда, кез келген мұғалім осы ұйымдастыру әдістері арқылы оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытып, өзара қарым- қатынас арқылы талқылауды үйрете алады деген тұжырымға келдім.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Макапова Г.К. *«Роль ролевых игр в обучении иностранному языку» // Қазақстан мектептеріндегі шет тілі 6/2006. – 37-40 б.*

2. Мартыненко Л.С. *Ролевые и деловые игры на уроках английского языка. – М., 1997. -56-58б.*

3. Мальшева А. Н. *Профессионально ориентированное преподавание иностранного языка в общеобразовательной школе: цель, задачи и организация обучения // Иностр. яз. в шк. 1992. № 1. С. 20–22.*

4. Сыроежин И. М., Вербицкий А. А. *Методика разработки и использования деловых игр как формы активного обучения студентов. М.: НИИ ВШ, 1981. 36 с.*

5. Емельянов С. В. и др. *Метод деловых игр. Обзор / Емельянов С. В., Бурков В. Н., Ивановский А. Г. М., 1976. 58 с.*

6. Шмаков С. А. *Игры учащихся – феномен культуры. М.: Новая школа, 1994. 240 с.*

7. Лернер И. Я. *Дидактические основы методов обучения. М., 1991. 186 с.*

Махамбетова Ж.Т.

Магистр психологии, старший преподаватель кафедры педагогики и образовательного менеджмента  
КазНУ им. аль-Фараби, e-mail: mzhamilya@mail.ru

## ИССЛЕДОВАНИЕ ОСОБЕННОСТЕЙ СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ АДАПТАЦИИ СТУДЕНТОВ 1 КУРСА К ОБУЧЕНИЮ В ВУЗЕ

**Түйін.** Мақалада аль-Фараби атындағы бірінші курс студенттерінің әлеуметтік психологиялық бейімделуі қарастырылады. Жоғары оқу орнының бұл жердегі міндеті студенттік өмірді енді ғана бастаған жастарды жаңа білім беру жағдайына барынша жылдам бейімдеу, меңгерту болып табылады.

**Зерттеу әдістемелері және материалдары:** Аталмыш зерттеу жұмысында әлеуметтік-психологиялық бейімделуді анықтаудың (диагностикалаудың) Роджерс-Даймонд ұсынған әдістемесі қолданылды. Сауалнама 100 сұрақтан тұрады. Жауап нәтижелері студенттің бейімделу ерекшеліктері мен тұлғалық қасиеттерін анықтауға көмектеседі. Ал бірінші курс студенттері өз-өзіне баға бере отырып, ол жайында жалпы тұлғалық ерекшеліктерді бейнелеп бере алады. Зерттеуге ҚазҰУ «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» және «Педагогика және психология» мамандықтарының бірінші курс студенттерінен 45 студент қатыстырылды.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, 1 курс студенттерінің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі жалпы нормаға сәйкес келетіндігі анықталды, яғни респонденттердің 89%-ы бейімделу қабілетінің жақсы екендігін көрсетсе, ал 11%-ы бейімделу қабілетінің, тіпті, нормадан жоғары екендігін байқатты.

**Кілтті сөздер:** бейімділік, кәсіби қызмет, эмоционалдық жайлылық, білім беру ортасы.

**Резюме.** В статье рассматривается социально-психологическая адаптация первокурсников Казахского национального университета имени аль-Фараби. Задача университета - помочь молодым людям адаптироваться к новым условиям обучения и присоединиться к рядам студентов.

**Методы и материалы исследования:** методика К. Роджерса и Р.Даймонда диагностики социально-психологической адаптации. В анкете содержится более 100 вопросов.

В исследовании приняли участие 45 студентов 1 курса специальности «Социальная педагогика и самопознание» и «Педагогика и психология».

**Выводы:** анализ данных нашего исследования показал, что социально-психологическая адаптивность учащихся 1-го курса формируется в норме, то есть успешно у 89% респондентов, а в остальных 11% эффективность адаптации даже выше нормы. Все опрошенные студенты справились с новыми условиями жизни и обучения.

Показатели диагностики личностных характеристик, полученных в результате обследования, были в пределах нормы или выше.

**Ключевые слова:** адаптивность, профессиональная деятельность, эмоциональный комфорт, образовательная среда.

**Summary.** The article reviews the socio-psychological adaptation of freshmen of al-Farabi Kazakh National University. The task of the university in this difficult period

for a young person is to help him to adapt to the new learning conditions as quickly and successfully as possible, to join the ranks of students.

**Methods and materials of research:** the Rogers-Diamond method for diagnosing socio-psychological adaptation. The questionnaire contains more than 100 questions. Interpretation of answers makes it possible to determine adaptability and indicators of personal characteristics.

45 people from the first year of the specialty of «Social pedagogy and self-cognition» and «Pedagogy and Psychology» participated in the study.

**Conclusion:** An analysis of the data of our study showed that the socio-psychological adaptability of 1st-year students is formed within the norm, i.e. successfully in 89% of respondents, and in the remaining 11% the effectiveness of adaptation was even higher than the norm. All interviewed students coped with the new living and learning conditions.

The indicators of diagnosis of personality characteristics obtained as a result of the examination were within the norm or higher.

**Keywords:** adaptivity, professional activity, emotional comfort, educational environment.

Общеизвестно, что одна из важнейших педагогических задач любого университета - работа с первокурсниками, нацелена на их быструю и успешную адаптацию к новой системе образования, новой системе социальных отношений и освоению новой роли студента. Задача университета в этот трудный период для молодого человека - помочь ему максимально быстро и успешно адаптироваться к новым условиям обучения, чтобы присоединиться к рядам студентов.

Целью нашего исследования было изучение того, как социально-психологическая адаптация к новым условиям жизни и учебы формируется у студентов первого курса в самом начале обучения в высшем учебном заведении.

Проблема адаптации актуальна для всех уровней образования. Несмотря на существующие различия в объективных, содержательных и процедурных компонентах, на каждом уровне образования процесс адаптации характеризуется наличием как конкретных, так и общих задач.

Необходимость адаптации у людей возникает тогда, когда они начинают взаимодействовать с любой системой в новых условиях для него, что порождает потребность в изменениях. Эти изменения могут быть связаны с самим человеком или с системой, с которой он взаимодействует, а также с характером взаимодействия между ними. А именно, побуждающим механизмом процесса адаптации человека является изменение его окружения,

при котором привычное поведение неэффективно, что создает необходимость преодоления трудностей, связанных с новизной условий.

Категория адаптации относится к числу наиболее распространенных концепций, которые определяют связь живого организма с окружающей средой.

Введенный в 1865 году Обертом для описания изменения чувствительности при длительном воздействии адекватного стимула, он стал одним из центральных понятий в науках о жизни: философии, физиологии, медицине, психологии.

Существует много определений феномена адаптации. В обобщенной форме адаптация описывается как адаптация, необходимая для адекватного существования в изменяющихся условиях, а также как процесс включения индивида в новую социальную среду, овладение спецификой новых условий. Большинство исследователей видят специфику адаптации человека в своей способности активно влиять на окружающую среду.

Ученые, исследователи разных сфер дают определения, касающиеся направления их исследований. Если В.Н. Дружинин считает «адаптацию» как процесс эффективного воздействия на окружающую среду [1],

Е.А. Ямбург говорит, что «адаптация» - структура и функция тела, способность его частей адаптироваться [2].

По сравнению с различными видами животных адаптивные возможности человека, обладающего биологической, а также развитой социальной базой, определяются самым широким спектром «гибких связей». Социальная адаптация - это процесс интеграции индивида в социальную группу, предполагая принятие на себя групповых норм, ценностей, стандартов, стереотипов и требований. Социальные проблемы, которые влияют на адаптивность, включают взаимосвязь между людьми и характер требований.

На повседневные жизненные условия человека очень сильно влияют информационные воздействия, такие как сложные или ложные, недостаточные, неясные новости или когда информация чрезвычайно чрезмерна [3]. Студенты с первого дня пребывания в университете получают много различной информации. Это новый учебный материал, организационные уведомления и незнакомые условия жизни и новые связи. Поэтому на эффективность социальной и психологической адаптации в значительной степени влияют личные качества, психологические характеристики учащихся, их стрессоустойчивость.

Социально-психологическая адаптация студентов к высшему образованию предполагает процесс ввода личности в новые роли и формы деятельности, которые определяют развитие оптимального режима функционирования личности в учебной

среде. В результате, социально-психологическая адаптация первокурсника представляет собой процесс интеграции человека в общество, что приводит к формированию самосознания и ролевого поведения - способности к самоконтролю и самообслуживанию, адекватным связям с другими членами коллектива.

В результате личность ученика сначала развивается в образовательной среде, в условиях университета, а затем в будущей профессиональной деятельности. Прием в университет, конкретный учебный процесс, а также участие в новой системе отношений определяют множество трудностей для первокурсников.

В незрелой личности может происходить сильное нарушение давнего привычного школьного стереотипа, учащийся присоединяется к новому социальному сообществу, пытается занять место в этой системе отношений, а в результате трудности в общении, сравнительно низкая успеваемость, несоответствие взглядов и убеждений человека на этапе становления.

Эффективность процесса адаптации и создание благоприятного адаптационного периода является фундаментальной задачей всего учебного процесса университета и педагогического персонала, участвующего в работе с первокурсниками.

Социально-психологическая адаптация студентов к условиям университета имеет свои особенности: ввод первокурсников в новую систему образования, присвоение социального статуса студента, что, в свою очередь, требует от них выработки новых стилей поведения, которые позволят им соответствовать их новому статусу.

Кроме того, студенты развивают свои коммуникативные навыки, поскольку они попадают в совершенно новый коллектив, в котором необходимо искать новые связи. Студенты, которые только что переехали от своих родителей, вынуждены учиться самостоятельно контролировать свою жизнь, то есть они должны разумно управлять своим временем и финансами.

Самооценка первокурсника выглядит как обобщенная идея о себе, система взглядов на его личность. М.И. Ковель определяет самооценку первокурсников как основы внутренней мотивации, которая тесно связана с процессом познания себя и окружающего нас мира [4].

Структура самооценки первокурсника состоит из двух компонентов - когнитивных и эмоциональных. Когнитивная составляющая отражает знание о себе, а эмоциональный компонент отражает себя как меру самоудовлетворения.

В процессе самооценки эти компоненты функционируют в полном единстве: в чистом виде. Знания, которые студенты приобретают о себе в социальном контексте, безусловно, приобретут эмоциональную окраску, а также значение для уче-

ника в процессе оценки содержания [5]. В данном исследовании использовалась методика К. Роджерса и Р.Даймонда для диагностики социально-психологической адаптации. Анкета содержит более 100 вопросов. Интерпретация ответов позволяет определить адаптивность и показатели персональных характеристик.

В исследовании приняли участие 45 человек с первого курса Казахского национального университета, специальность «Социальная педагогика и самопознание» и «Педагогика и психология».

№	Изученные показатели	Норма	Отклонение от нормы
1.	Адаптивность	40 (89%)	5- высокая (11%)
3	Самопринятие	26 (57%)	19- выше нормы (43%)
4	Принятие других	44 (98%)	1- выше нормы (2%)
5	Эмоциональный комфорт	43 (95,5%)	2- выше нормы (0,5%)
6	Внутренний контроль	37 (82,2%)	8- выше нормы (17,8%)
	Внешний контроль	41 (91%)	4-ниже нормы (9%)
7	Доминирование	40 (89%)	4- выше нормы (11%) 1- ниже нормы
8	Ведомость	44 (98%)	1- выше нормы (2%)



Рисунок-1

Анализ данных нашего исследования показал, что социально-психологическая адаптивность учащихся 1-го курса формируется в пределах нормы, то есть успешно у 89% респондентов, а в остальных 11% эффективности адаптации была даже выше нормы. Все опрошенные студенты справились с новыми условиями жизни и обучения (рис.1).

Показатели диагностики личностных характеристик, полученных в результате обследования, были в пределах нормы или выше.

Наши исследования подтверждают мнение о том, что эффективность адаптации зависит во многом от личностных характеристик человека, от его самосознания (принятия самого себя), от позитивного отношения к другим (принятие других), чувства эмоционального комфорта, т.е. уверенность, оптимизм, независимость (внутренний контроль), ответственность (внешний контроль), желание и способность быть лидером (доминирование) или ценить мнение команды, быть гибкими, способность подчиняться (ведомость).

#### Литература:

1. Ромм М.И. *Философия и психология адаптивных процессов: учебное пособие.*- Москва – Воронеж, 2006.- 250 с.
- 2.Судаков В.Н. *Адаптация личности.*- Свердловск, 1983.
3. *Сәтбаева Х.Қ., Өтепбергенов А.А., Нилдібаева Ж.Б. Адам физиологиясы. Алматы, 2005г.*
- 4.Ковель М.И., Зорина М.И., Глинкина Г.В. *Диалектика учебного процесса. Модуль «Оценка и самооценка в учебном процессе»: учебное пособие к профессиональной образовательной программе «Диалектика учебного процесса» для слушателей системы основного и дополнительного профессионального образования.*-Красноярск: СибГТУ, 2009.-180 с.
5. *Ивченко Е.И. Формирование самооценки как фактора успешности социально-психологической адаптации студентов в образовательном пространстве вуза: на примере студентов-мигрантов: Дис.....канд. псих. наук: 19.00.07: защищена 2007 Ставрополь,2007.-194 с.*

## ЖУРНАЛ РАСПРОСТРАНЯЕТСЯ:

1. Франция. Библиотека университетского комплекса Сорбонны
2. Польша. Польский университет имени Николая Коперника
3. Библиотека Венгерского государственного университета
4. Библиотека университета Карлова в Чехии
5. Библиотека филиала Нью-Йоркского университета в Праге
6. Библиотека Стамбульского университета
7. Библиотека Российской академии государственной службы при Президенте Российской Федерации (РАГС)
8. Библиотека Московского университета им. М.В. Ломоносова
9. Читальный зал юридического факультета МГУ им. М.В. Ломоносова
10. Библиотека Московской государственной юридической академии им. О.Е. Кутафина
11. Библиотека Московского университета МВД России
12. Библиотека Российской правовой академии МЮ РФ
13. Библиотека Белорусского государственного университета
14. Библиотека Киевского государственного университета
15. Национальная научная библиотека Грузии
16. Библиотека Ереванского государственного университета
17. Национальная библиотека Азербайджана
18. Библиотека Академии Полиции МВД Азербайджанской Республики
19. Библиотека Туркменского государственного университета им. Магтымгулы
20. Библиотека Ташкентского государственного юридического института
21. Библиотека академия МВД Республики Узбекистан
22. Библиотека Таджикского государственного университета
23. Академия МВД Кыргызской Республики имени генерал-майора милиции Э.А. Алиева
24. Библиотека Университета Кыргызско-Российский славянский университет имени Б.Н. Ельцина
25. Библиотека Национальной академии наук Кыргызской Республики
26. Библиотека ВНИИ МВД России
27. Библиотека Российской академии правосудия
28. Библиотека Ярославский государственный университет им. П.Г. Демидова
29. Библиотека юридического факультета Санкт-Петербургского университета
30. Библиотека Санкт-Петербургского юридического института Генеральной прокуратуры РФ
31. Библиотека Санкт-Петербургского Международного Криминологического Клуба
32. Библиотека Рязанской академии права и управления
33. Библиотека Северо-Кавказская академия государственной службы (Ростов-на-Дону)
34. Библиотека Уральская государственная юридическая академия
35. Библиотека Омской академии МВД РФ
36. Библиотека Томского государственного университета
37. Библиотека Саратовской государственной академии права
38. Библиотека Саратовского центра по исследованию проблем организованной преступности и коррупции
39. Научная библиотека Новосибирского государственного университета
40. Библиотека Дальневосточного государственного университета
41. Библиотека Самарского государственного университета
42. Библиотека Администрации Президента Республики Казахстан
43. Библиотека культурного центра Президента Республики Казахстан
44. Национальная академическая библиотека Республики Казахстан (г. Астана)
45. Национальная библиотека Республики Казахстан (г. Алматы)
46. Библиотека Евразийского Национального Университета им. Л.Н.Гумилева
47. Библиотека Алматинской академии МВД РК
48. Библиотека Казахского Национального Университета имени аль-Фараби
49. Библиотека Казахского Национального Педагогического Университета имени Абая
50. Библиотека Международного Казахско-Турецкого Университета имени Х.А.Ясави
51. Библиотека Казахского гуманитарно-юридического института
52. Библиотека Карагандинской академии МВД РК им. Б.Бейсенова



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ»  
«НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА»  
«SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN»**

Халықаралық ғылыми журналы (Мемлекеттік тіркеу: №9875-Ж 09.02.2009 ж.  
Халықаралық тіркеу: ISSN 2073 — 333X, Париж, наурыз)  
2009 жылдан бастап жылына 6 рет шығады.

Международный научно-популярный журнал  
(Гос. регистрация: №9875-Ж 09.02.2009,  
Международная регистрация: ISSN 2073 — 333X, Париж, март 2009 г.)  
Периодичность издания журнала выходит 6 раз в год.

**Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің 2012 жылғы 10 шілдедегі №1082 бұйрығымен ғылыми баспалар тізіміне енгізілген.**

Журнал индексті ғылыми дәйексөздер қатарына қосылады және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау жөніндегі комитет ұсынған заңтану, филология, педагогика, өнертану ғылымдары бойынша басылымдар тізіміне кіреді.

Автор мәліметтің нақтылығына, ресми құжаттардың сілтемелері мен басқа да деректердің дұрыстығына жауапты. Редакцияға келген материалдар кері қайтарылмайды.

**Мақалада отандық авторлардың еңбектеріне міндетті түрде сілтеме берілу керек.**

Журналға мақаланы қазақ, орыс, ағылшын, неміс, француз, қытай, түрік, араб және ТМД халықтары тілдерінде жазуға болады.

**Приказом Комитета по контролю в сфере образования и науки МОН РК от «10» июля 2012 года № 1082 рекомендован для научных публикаций.**

Журнал включен в индекс научного цитирования (ИНЦ) и в список изданий, рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки МОН РК по специальностям: юриспруденция, филология, педагогика, искусствоведение.

Ответственность за достоверность фактов и сведений, содержащихся в публикациях, несут авторы. Материалы редакцией не возвращаются.

**В статье обязательно сопровождение ссылок на работы отечественных авторов.**

Статьи журнала принимаются на казахском, русском, английском, немецком, французском, китайском, турецком, арабском языках и могут быть написаны на языках народов СНГ.

---

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ**  
**Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал**  
**№ 6 (50) 2017 жыл**

Бас редактор: «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», з.ғ.д., профессор Е.О. Алауханов

Басуға 20.11. 2017 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108 1/8. Офсетті қағаз.  
Сандық басылыс. Көлемі 20 б.т. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №97.

Редакция мекенжайы: Астана қ., Алматы ауданы, Оңтүстік-Шығыс, оң жағалау,  
Түлкібас көш., 49 үй, web-site: [www.nauka-zan.kz](http://www.nauka-zan.kz), e-mail: [nauka-zan@mail.ru](mailto:nauka-zan@mail.ru)